

БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПИРӘЛИЕВ

**Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары;

Сейсенбаева Ж.А. Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директорының орынбасары, ф.ғ.к., жауапты редактор;

Айдемір Окай - Ыстамбұл университетінің байланыс факультетінің деканы, профессор;

Әлмұхамбетов Б.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, көркем-сурет факультетінің деканы, пед.ғ.д., профессор;

Байсабаев Б.А. - ф.ғ.к., Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің доценті

Бейсенова Ә.С. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА акедемигі;

Бөлеев Қ - Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Ғаббасов С. - жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Есполов Т.И. – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Исамидинов И.Ч. – Жүсіп Баласағұн ат. Қырғыз ұлттық университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор;

Иманбаева С.Т. - Абай ат. ҚазҰПУ, «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Кирабаев С.С. - ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Мардахаев Л.В. - Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Михайлова Н.Б. - пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия);

Молдабеков Ж.Ж. - филос.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Мәдени-антропология» кафедрасының профессоры;

Мұтанов Ғ.М. - әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі;

Нәрібаев К.Н. - ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нөкетәева Д.Ж. - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, ед.ғ.к.;

Сманов Б.Ө. - аппарат жетекшісі, Абай ат. ҚазҰПУ профессоры, пед.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Халықаралық педагогикалық білім беру (Ресей) және Халықаралық Айтматов (Қырғызстан) академияларының академигі;

Шаханова Р.Ә. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың Магистратура және PhD докторантура институтының филология мамандықтары кафедрасының меңгерушісі пед.ғ.д., профессор, ХПБҒА мүше-корреспонденті.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

**Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
член-корреспондент НАН РК**

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. - директор НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор, первый заместитель главного редактора;

Сейсенбаева Ж.А. - зам. директора НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, к.ф.н., ответственный редактор;

Айдемир Окай - декан факультета связи университета Стамбул, профессор;

Альмухамбетов Б.А. - декан художественно-графического факультета КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Байсабаев Б.А. - к.ф.н., доцент Кыргызского Национального университета им. Ж.Баласагына;

Бейсенова А.С. - руководитель научно-методического центра по географии и экологии КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, академик НАН РК;

Болеев К. - зав. кафедрой «Педагогика и этнопедагогика» Таразского государственного педагогического института, д.пед.н., профессор; .

Габбасов С. - писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор;

Есполов Т.И. - ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Исамидинов И.Ч. - ректор Кыргызского национального университета имени Ж.Баласагына, д.пед.н., профессор;

Иманбаева СТ. - зав. кафедрой национального воспитания и самопознания КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Кирабаев С.С. - д.ф.н., профессор, академик НАН РК;

Мардахаев Л.В. - заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российского государственного социального университета, д.пед.н., профессор;

Михайлова Н.Б. - директор центра международного образования и научной информатизации (Германия), к.пс.н., доцент;

Молдабеков Ж.Ж. - профессор кафедры культурной антропологии КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.;

Мутанов Г.М. - ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор, почетный член НАН РК;

Нарибаев К.Н. - зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Нукетаева Д.Ж. - ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, к.пед.н.;

Сманов Б.О. - руководитель аппарата Казахского национального педагогического университета имени Абая, д.пед.н., профессор КазНПУ имени Абая, член-корреспондент НАН РК, академик Международной академии наук педагогического образования (Россия), Международной Айтматовской академии (Кыргызская Республика);

Шаханова Р.А. - зав. кафедрой филологических специальностей Института Магистратуры и PhD докторантуры КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, член-корреспондент МАН-ПО.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

**the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
corresponding-member of the NAS RK**

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. - the director of scientific research institute of Intellectual Formation nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of the RK, the professor, first deputy chief editor;

Seysenbaeva Zh.A. - the deputy director of scientific research institute of Intellectual Formation Nation of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor;

Aydemir Okay - dean of the Faculty of Communications Istanbul University, the professor;

Almukhambetov B.A. - the dean of art-graphic faculty KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of the National Knowledge Academy named after YAltynsarina;

Baisabaev BA. - the candidate of philological science, the docent Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn;

Beysenova A.S. - the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK;

Boleev K. - the university chair of "Pedagogics and ethnopedagogics" of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor;

Gabbasov C. - the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor;

Espolov T.I. - the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of the NAS RK;

Isamidinov I.Ch. - rektor of Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn, doctor of pedagogical sciences;

Imanbaeva S.T. - Head of the Department of "national education and samoponaniya" KazNPU them. Abaya, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

Kirabaev S.S. - the doctor of philology, the academician of the NAS RK;

Mardahaev L.V. - Head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor;

Mikhailova N.B. - Ph.D., Associate Professor, Director, Center for International Education and Information Science (Germany);

Moldabekov Zh.Zh. - the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair "Cultural anthropology" of KazNU named after Al-Farabi;

Mutanov G.M. - the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor, honorary member of the NAS RK;

Naribaev K.N. - vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor, academician of the NAS RK;

Nuketaeva D.Zh. - rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences;

Smanov B.U. - head of the office of the Kazakh national pedagogical university of a name of Abay, doctor of pedagogical sciences, professor KazNPU of a name of Abay, corresponding member of National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, academician of the International academy of Sciences of pedagogical education (Russia), International Aytmatovsky academy (Kyrgyz Republic);

Shahanova R.A. - the university chair of philological specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, corresponding-member of the IASPE.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың
4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж кәулігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2014



Бейбіт күндегі белестерді бағындырып, алдағы сындардан сүрінбей өтеріміз, ең алдымен, өзімізге, бірлігіміз бен берекемізге байланысты. Біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу – ол қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан

*Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан
мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауынан
2012 жыл 14 желтоқсан.*

Ә. Табылды

ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, профессор

Қазіргі таңда ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу – өзекті мәселеге айналады. Себебі, қоғамда жүріп жатқан жаппай жаһандану процесі әр мемлекеттің ұлттық болмысын сақтап қалуына үлкен сын тудыруда. Осы тұрғыда профессор Әдібай Табылдының 2007 жылы «Білім» баспасынан шыққан, «Әдеп әліппесі» оқу құралының тағылымдық, тәрбиелік мәні зор. Осы себепті, журналымыздың бұл жолғы санына аталмыш кітаптан үзінді беруді жөн көрдік.

ХАЛЫҚТЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ МЕН ДӘСТҮРЛЕРІН, МЕЙРАМ-ТОЙЛАРЫН МЕКТЕПТЕГІ ОҚУ-ТӘРБИЕ ІСІНЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Мақалада ұлтжанды жастарды тәрбиелеу яғни, халықтың әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін, мейрам-тойларын мектептегі оқу-тәрбие ісіне пайдаланудың әдіс-тәсілдері, тақырыптық көрме ұйымдастырудың жолдары, мектепте кеш өткізу дәстүрі, театр-жан азығының қайнар бұлағы сынды тақырыпшаларды кең ашып мысалдар келтіре баяндаған.

Түйін сөздер: оқу, тәрбие, әдет-ғұрып, жастар, ұлтжанды.

В статье излагается о воспитании молодежи патриотизму, то есть подтемы о методах и способах использования народных обычаев и традиций, праздников в учебно-воспитательном процессе школы, пути организации тематических выставок, традиция проведения школьных вечеров, подтемы как театр-источник духовной пищи написаны обширно, с примерами.

Ключевые слова: обучение, воспитание, обычай, молодежь, патриот.

The article describes about the education of the youth patriotism, that is, the sub-theme of the methods and ways of using folk customs and traditions, holidays in the educational process of the school, the way the organization of thematic exhibitions, the tradition of the school evenings, theater subtopics as a source of spiritual nourishment written extensively, with examples.

Keywords: educating, education, custom, young people, patriot.

Халықтың қалыптасқан әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері ұлттық мәдениет негіздері болғандықтан, мейрам-тойлар сол ұлттық мәдениеттің әдепті рәсімдері ретінде өтілетіндіктен, бұл үрдістердің тәрбиелік әсерін жас ұрпақтың бойына сіңірудің алуан түрлі әдіс-тәсілдерін қолданамыз.

Ең әуелі, отбасында ата-ана мен үйелменділір бір-біріне үйрету, талап ету, талап қою арқылы әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің ұлттық әдеп екенін сезіндіріп, ұғындырып, оны әдетке, дағдыға айналдырып, әдептік түсінігін, ұғымын қалыптастырады. Мейрам-тойларға дайындық отбасынан басталып, қалыптасқан әлеуеттік дәстүр ұлттық намыс

арқылы әдептілік борыш орындалады, сөйтіп, «халқын сүйген алтын сүйіп», әдет-ғұрып дәріптеліп, оқушылардың санасына сіңеді, сөйтіп, елін сүю әдеті қалыптасады, той-томалақ арқылы да жас ұрпақтың отан-сүйгіштік сезімі дамып, сенімі орнығады, жүрегі елім деп соғып, Отан деп от алып, ел үшін, Отан үшін, бүкіл адамзат үшін тек жақсылық ойлайтын, елін сүйген ұрпақ ретінде өзін өмірде көрсете бастайды.

Халықтың әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін мәдени мұра ретінде үйрету және мейрам-тойларды рәсім ретінде ұйымдастырып, оның тәрбиелік мәнін жан-жақты пайдалану ісі жан-жақты пайдалану ісі балабақшада

жалғасады. Әрине, балабақшада да көрсету, әсерлендіру, үйрету, дағдыландыру, талап ету, талап қою тәсілдері әсерлі түрде қолданылуға тиіс. Балабақшадағы музыка, ойын, дене шынықтыруға арналған кешенді бөлмеде тәлімді тәсілдерді қолдануға лайықты құрал-жабдықтардың неғұрлым мол болғаны абзал. Мысалы, балдырғандар «Алтын қақпа» деген өлең айтып, сол ойын арқылы әрі дене шынықтырып, әрі бірлікке, елін сүйуге тәрбиеленетіндей болу үшін, әнші, сазгер, музыка ғылымын жақсы меңгерген жетекші ұстаз болумен қатар, бөлмеде рояль, теледидар, т.б. керекті құрал-жабдықтар жеткілікті болуы керек. Балабақшада «Ертегілер және ғажайыптар әлемі» деген бөлме дайындалып, онда балдырғандар қызығып көретіндей безендіру және аудиовизуалдық қажетті заттар жеткілікті мөлшерде болса, жас ұрпаққа ұлттың әдет-ғұрып пен әдептілік негіздерін үйрету арқылы олардың жалпы адамзаттың адамгершілігін, яғни отансүйгіштігін қалыптастырамыз.

Халықтың әдет-ғұрыптары мен мейрам-тойларын мектепте отансүйгіштік тәрбие үшін пайдаланудың әдіс-тәсілдерінің тиімді болуы ұстаздық шеберлікке байланысты. Мектепте ұйымдастырылатын тақырыптық көрме, эпостық шығармаларды сахнаға лайықтап көрсету, әр түрлі кештер, сәулелі сабақ, кесте, сурет, плакат жасауды, газет шығаруды ұйымдастыру, инсценировкалар мен сценарийлер, кинофильмдер мен диафильмдер, телекөріністер, пікірлесу, дыбыстық талдау, конкурстар, оқушылар конференциялары мен театрлар, экскурсия мен айтыс сабақтары, әдептілік дәрістерін оқыту әдісі, ойтапқыштар жарысы, көркемсөз үйірмесі – бәрі-бәрі алуан түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың отансүйгіштік сезімін дамытып, адамгершілігін арттырады.

Тақырыптық көрме ұйымдастырудың жолдары. Қазақ халқының эстетикалық және патриоттық (отансүйгіштік) тәрбиесінің әсерлі бір тәсілі – қолөнерін көрсету, яғни үй жиһаздарын сәнді де мәнді жүйелеп, кілем тоқудағы, сырмақ сырып, текемет ба-

сып, басқұрлар мен шаңырақ зергері, ою-өрнектерін неғұрлым әсем, шеберлікпен түзіп, оның көркемдігін көрсете білу болып табылады. Халықтың әдет-ғұрыптарындағы осындай еңбек пен өнер нәтижелерін көрсету көрермендерді көркемдікке, ұлттық-Отандық сүйіспеншілікке баулиды.

Мектепте халықтың әдет-ғұрпына байланысты тақырыптық көрмелерді ұйымдастырудың мазмұны, көбінесе, еңбек сабағын оқытатын ұстаздың терең білімі мен тапқырлығына, шеберлігіне байланысты. Ең әуелі, «Әдеп әліппесі», «Әдептілік негіздері», «Қол еңбегі» сабақтарында оқытушы шәкірттерге халықтың іс тігу, ою-өрнек салу, сырмақ сыру, текемет басу, кілем тоқу шеберліктерінің негіздерін үйретеді, содан кейін оқушылардың қол өнеріне конкурс жариялайды, соңынан өнер жарысынан озып шыққан оқушылардың еңбектерін көрмеге ұсынды. Тақырыптық көрме тек «Қол өнері» деген тақырыпта ғана емес, сонымен бірге «Ағаш ұсталық», «Темірден түйін түйген», «Зергерлік», «Жас техник», «Жас суретші», «Домбыра жасаудың шебері», т.б. тақырыптарда ұйымдастырылады.

Көрменің тақырыбы, мазмұны, көрмеге қатысушылар, көрменің орны күні бұрын (ең азы 20 апта) белгіленеді. Көрмені ұйымдастырушылар, көрме экспонаттарын бағалаушылар алқасы алдын-ала белгіленіп, жоғары бағаланған еңбек иелері марапатталады.

Мектепте кеш өткізу дәстүрі. Қазақ мектептерінде әсіресе, елуінші жылдардан бері дамып, қалыптасты. Мектепте өткізілетін кештер: пәндік, тақырыптық мерекелік кештер болып, бірнеше салаға бөлінеді. Әсіресе, мерекелік кешті өткізу үшін көптеген дайындық және ұйымдастыру жұмыстары жүргізіледі. Әрбір кештің дайындық кезеңі және өткізу кезеңі болады.

Мерекелік кештің дайындық кезеңінде мына жұмыстар жүргізіледі:

1. Болатын кештің жоспары жасалып, бекітіледі.
2. Мерекелік кештің дайындық жұмыстарын ұйымдастырушылар белгіленіп, олардың жеке-жеке міндеттері көрсетіледі.

3. Мерекелік кешке дейін тақырыптық апталық өткізіледі. Онда мереке тақырыбына сәйкес тәрбие сағаттары өтіп, жеке әндерге, хорларға, билерге, сурет салу өнеріне, сыныптық және мектептік газеттерге, тақпақ айту, көркемсөз оқу өнеріне шығармаларға конкурс жарияланып, болатын кеште олардың қорытындылары айтылады.

Кешті өткізу кезеңінде кеш басталғанға дейін түрлі қызықты ойындар ұйымдастырылады, әділқазылар алқасы белгіленеді кештің құрметті меймандары орналастырылады, оған жауапты адам болады.

Кештің баяндау бөлімінде тақырыптық түйін сөз, құттықтау сөздер айтылады. Кештің көркемдік, негізгі бөлімінде қызықты қойылымдар мен өнерпаздар өнері көрсетіледі. Мысалы: «Қазақстан – республика менің» деген тақырыптық кеште Қазақстан тарихы туралы көркем шығармаларды көрсетуге ерекше көңіл бөлінеді. Әсіресе, І. Жансүгіровтың «Дала» поэмасынан үзінді-инсценировка көрсету, Ж.Молдағалиевтың «Мен – қазақпын» поэмасын көркемдеп жатқа айту, Т.Молдағалиев, Қ.Мырзалиев, М.Шаханов шығармаларынан тақырыпқа сай үзінділерді көркемдеп айту кештің тәрбиелік мәнін арттыра түседі.

Қазақ халқының әдет-ғұрыптары, той-томалақтары туралы тақырыптық мерекелік кеш өткізіп, оқушылардың отансүйгіштік сезімін арттыру үшін, ең әуелі, алынған тақырыптың айналасында зерттеу және дүниетанымдық жұмыстары жүргізіледі. Мысалы, «Наурыз – жыл басы» деген тақырыпта кеш өткізу үшін, кешті ұйымдастырушылар Наурыз туралы жырларды, аңыздарды әдет-ғұрыптар мен рәсімдерді, жол-жоралғыларды жақсы білуге міндетті. Сол жырлардың, аңыздардың мазмұнын, әдет-ғұрыптардың және рәсімдердің мәнін оқушыларға (кешке қатысушыларға) үйрете білгені ләзім.

«Наурыз – жыл басы» тақырыбында өтілетін кешті басқарушылар мен бағалаушылар (әділқазылар алқасы) кештің неғұрлым қызықты өтуі үшін, кештің дай-

ындық апталығында кешті өткізу кезінде тапқырлықпен қисынды іс-әрекет таба білулері керек. Наурыз туралы түсінік (түйінді сөз), наурыз жырларын айтушылардың өнері, ойтапқыштардың өнер жарысы, наурыз туралы ән айтып, күй тартушылардың өнері, «Наурыз тойы» қойылымын сахнада көрсету, т.б. түрлі ойындар мен аудиовизуалдық көріністер оқушылардың отансүйгіштік сезімін, Отанға деген махаббатын қалыптастыратындай әсерлі болуы керек. Ең әуелі, сахнаны көрікті көктем болмысына лайықтап безендіріп, табиғаттың таңғажайып құбылыстарын затпен де, әуезбен де әсерлеп көрсету қажет. Бұл іске оқушылармен бірге, оқытушылардың бәрі түгел қатысуға тиіс. Әсіресе, өнер сабағы мен сурет сабағын оқытатын оқытушылар бұл істе басты рөл атқарады. Сахнаны безендіру, ондағы қойылымды қызықты өткізу оқытушылардың парасат-пайымдауларына байланысты. Әсіресе, көкжиектен көтеріліп, Күн-ананың келуі тебіренерлік текті күймен астасу керек. Өйткені Наурыз («ноу руз») жаңа күн деген мәнді білдіреді. Жаңа күнді жаны жадырап қарсы алатын адамзаттың ақыл-ойына әсер ететін өсімдікті әсерлендіре көрсету үшін, тапқырлық пен білімділік қажет. Күнана, Наурыз бейнелерін, мүмкіндігінше, қыз баланың орындағаны дұрыс болады. Қойылымда халықтық қарым, ұлттық уытпен «жаңа күнді» қарсы алу, елге бірлік пен тыныштық тілеу, барша адамға жақсылық жасау ниеті, Отанды сүю, оған аянбай қызмет ету арманы туындайды.

Халықтың әдет-ғұрыптары мен той-думан-дарына байланысты оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелейтін тақырыптарды таңдап, кеш өткізу қазір мектептерде дәстүрге айналған. «Көк байрақ – Туымыз», «Менің елім – қазақ елі», «Ерлік – ел мұраты», «Өткеннен өнеге қалған», «Жаным – арымның садағасы», «Отан – оттан ыстық», «Қалың елім – қазағым», «Елім деп туған ерлер», «Ана тілім – арым менің», т.б. тақырыптарда кеш өткізіп, кештің отансүйгіштікке тәрбиелейтін әсерлі штрихтарын тапқырлықпен қисынды қиыстыруға болады.

Сонымен қатар, пәндік кештердің мазмұн-мағынасын да әдет-ғұрыптың салт-сананың тәрбиелік тәсілдерімен толықтырып, оны қызықты, әсерлі өткізуге болады. Өйткені салт-сана үрдістері барлық пәндермен байланысты. Оны ойлап, тани білу ұстаздың ұлағаттығы мен жауапкершілігіне, шеберлігіне байланысты.

Эпостық шығармаларды мектеп сахнасына лайықтап көрсету. Эпостық шығармалар (батырлық, ғашықтық жырлар) эстетикалық ерекшеліктеріне қарай театрлық сахналар мен экрандардан орын алады. Өйткені «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» драмасы, «Махаббат дастаны» кинофильмі, «Ер Тарғын» операсы, «Қамбар батыр» балеті, «Қара қыпшақ Қобыланды» драмасы және экранға түсірілген «Қыз Жібек» кинофильмі – эпостық шығармалар көркемдігін көркейте беретін мәңгі, құнды мұралар.

Ал енді эпостық шығармаларды мектеп сахнасында көрсету – ойланып-толғануды, шеберлік пен білімді, өнерді талап ететін күрделі проблема (іс-әрекет).

Эпостық шығармаларды мектеп сахнасында көрсету – оқу-тәрбие жұмыстары үшін өте қажет нәрсе. Өйткені эпостық шығармалардың оқу-тәрбиелік мәні ерекше. Эпостық шығармаларды мектеп сахнасында көрсету үшін, не істеу керек? Ол үшін сол эпостық шығармаларды (батырлық жырлар мен ғашықтық жырларды) мектеп жағдайына және оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай ықшамдап, ыңғайлап дайындай білу керек. Ал бұл оңай жұмыс емес. Эпостық шығармаларды оқушыларға мектеп сахнасында көрсету үшін, ең әуелі, мектеп сахнасының мүмкіндіктері ескерілуі тиіс.

Оқушылар маманданған әртістер емес, сондықтан эпостық шығармалардың эстетикалық қуатын бәсеңдетпей, сахнада көрсете білу үшін, оқытушы эпостық шығарманы сахнаға дайындау, ойнаушыларды іріктеу олармен режиссерлік жұмыстар жүргізу істерін күні бұрын ойластырып, жоспарлайды, көркемөнер жетекшілерімен кеңесіп, нақты жұмыстарды белгілейді.

Мектеп сахнасында эпостық шығармаларды үлкен фонда көрсетуге мүмкіндік жоқ, сондықтан оларды сахнада көрсетудің мына төмендегіше түрлерін қолдану керек:

1. Эпостық шығарманың үзінділерін жатқа, көркемдеп орындау.

2. Эпостық шығармалардың диалогі мен үзінділерін рөлдерге бөліп жаттап, декорация құрып, эпизодтық көрініс ретінде көрсету.

3. Эпостық шығарма үзінділерін белгілі бір тақырып бойынша іріктеп, жаттап, көркемдеп орындау (әдеби құрылым).

4. Эпостық шығарманың ықшамдалған қойылымын (инсценировкасын) сахнаға дайындап, қою.

5. Қуыршақ театры арқылы эпостық шығарманың толық мазмұнын қойылымға түзеп (инсценировка), сахнаға қоюды ұйымдастыру.

Мектеп сахнасында «Қобланды батыр» жырынан «Тайбұрылдың шабысын», «Қазан мен Қобыландының айқасын»; «Ер Тарғын» жырынан «Ақжүністің қарт Қожаққа айтқанын», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырынан «Баянның туған жерімен қоштасуын», т.б. үзінділерді оқушылардың жатқа көркемдеп айтуын ұйымдастыруға болады.

«Қобыланды батыр» жырынан Қобыландының Қызылбастарға қарсы аттануын; «Ер Тарғын» жырынан Ер Тарғын, Ақжүніс, Қарт Қожақ – үшеуінің кездесуін; «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырынан Қарабай мен Сарыбайдың достасуынан басталатын диалогы мол үзінділерді сахнада актерлік дайындықпен көркемдеп көрсетуге болады. Әсіресе, эпостық шығармалардың этикалық, эстетикалық, отансүйгіштік (патриоттық) тарихи мәнін тереңірек түсіндіру үшін, эпостық шығармалардың инсценировкасын толықтай немесе үзінді түрінде мектепте ұйымдастырылған қуыршақ театры арқылы көркемдеп көрсетудің тәрбиелік, ұйымдастырушылық мәні зор.

Эпостық шығармалардың тәрбиелік мәнін сабақта, сыныптан тыс тәрбиелік

жұмыстарды терең ашып, олардың тәрбиелік қуатын шеберлікпен пайдалана білу ұстаздың дарыны мен жауапкершілігіне байланысты.

Сәулелі сабақ. Халықтың әдет-ғұрыптары мен той-томалақтарының патриоттық (отансүйгіштік) мәнін оқу-тәрбие ісіне неғұрлым әсерлі пайдаланудың бір тәсілі – сәулелі сабақ. Мысалы, «Атамыз бізді қонақта» деген тақырыпта қазақтың қонақты қарсы алу, оны күту, қонақ кәдесі, қонаққа сый-сияпат көрсету, қонақты шығарып салу рәсімдерін сюжеттік суреттер арқылы немесе диафильм, мультфильм түрінде эпидиаскоп арқылы көрсете алсақ, сондай әсерлі де болар еді.

Өрине, сәулелі сабақты қызықты өткізу үшін, мектептің материалдық, техникалық базасы болуы керек. Дегенмен, көркем суреттерді үлкейтіп көрсетіп, ол бойынша әңгіме әдісін қолданып, сабақ өткізуге барлық мектептерде мүмкіншілік бар. Техникалық өркендеуге байланысты сәулелі сабаққа компьютерде пайдалану дәрежесіне де жету – техникалық бағдарлама жасайтын білімдер ұстаздың қолынан келетін іс.

Сәулелі сабақтың да тақырыбы, әдісі, көрнекті құралдары, құрылымы күні бүрын әзірленеді. Әсіресе, баяндау, түсінік беру, сұрақ-жауап (әңгіме), пысықтау, қайталау әдістері бұл сабақта жан-жақты пайдаланылуға тиіс. Мысалы, «Әдеп әліппесі» бағдарламасы бойынша «Жыл қайыру рәсімдері» деген тақырыпта оқытушы алдын ала дайындаған сұрақтары бойынша әңгіме әдісін қолданып, сұрақ-жауап арқылы оқушылардың білуге құштарлығын арттырады, соңынан жаттауға тапсырма береді, кітаппен жұмыс істеу, қайталау әдісін қолданады.

Театр – жан азығының қайнар бұлағы. Батырлыққа, ерлікке тәрбиелейтін «Қара қыпшақ Қобыланды» пьесасын, ғажайып, ертегілерді оқушылар театрдан көріп, ерлікке жігерленіп, әуезді саз, әсем ән, мәнерлі сөз бен өнерлі қимылды жүрекпен сезініп, ой-санасына ұялатады.

Мектеп сахнасында драма үйірмесінің қойылымдарымен қатар, қуыршақ театрын ұйымдастыру дәстүрге айналуы тиіс. Мысалы, «Көк байрақ-Туымыз» ертегі-пьесасын қуыршақ театры арқылы қою үшін, арнайы қуыршақтар жасалынып, оларды ұстап ойнаушылар белгіленеді. Кейіпкерлердің бейнесін көрсетушілердің үні, мінез-құлқы, сөйлеу мәнері сол кейіпкерлерге сәйкес болуға тиіс.

Қуыршақ театрының сахнасы, әрбір актілік көріністер оқиғаларға сай көркем де әсерлі безендірілуге тиіс. Қуыршақ театрын құруға мектептегі дарынды суретшілер, мүсіншілер, сазгерлер мен ақындық, жазушылық бейімі бар оқушылар және өнерлі ұстаздар қатысады. Іздену мен талаптану бар жерде мұндай игілікті істі жоспарлы түрде орындап, бағытты бағдарламалармен іске асыруға әбден болады.

Мектептегі драма үйірмесі, көркемсөз оқушылар үйірмесі, жас термешілер үйірмесі, жас техниктер мен суретшілер үйірмелері біріге отырып, мектеп сахнасында пьеса қойып, қойылымдарды көрсетіп, әдеби құрамдарды көркемдеп көрсетуге болады.

Әсіресе, қалалық жердегі мектептер театрлармен (драмалық театр, кинотеатр) тығыз байланысты болып, көркем көріністер мен ой салар оқиғаларды оқушылардың театрдан көріп-білуіне ұстаздар мен әкімдер жағдай жасауға міндетті.

Экскурсия – тарихи ескерткіштер мен табиғи көріністерді әсерлене көріп, тәлім алудың іс-әрекеттік құралы. Халықтың әдет-ғұрыптарын бағалай біліп, бағдарлы тәлім алу үшін, оның тарихын, мәдени негіздерін көзбен көріп, құлақпен естудің тәлім-тәрбиелік мәні зор.

Тарихи мұражайларға барып, әдет-ғұрып пен тұрмыс салтқа байланысты экспонаттармен танысып, көркем суреттерді көру арқылы оқушылар еліміздің ертеден дамып келе жатқан мәнді де, сәнді мәдени үрдістерін, өркениетті озық мәдени үлгілерді ықыластана өз көздерімен көріп, таниды, біледі.

Экскурсияның пәндік, тақырыптық саяхаттық, т.б. түрлері болады, оларды өткізу уақыттары, орны мен мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты.

«Жеңіс тойын» өткізу салтанатты тарихи ескерткіштерді көру, танысу экскурсиясымен жалғасады да, оның отансүйгіштік (патриоттық), тәрбиелік мәнін арттыра түседі. Әрине, жеңіс тойын өткізу үшін де алдын ала жан-жақты дайындық жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіледі. Дайындық кезінде сендіру, іс-әрекетті қалыптастыру, мінез-құлыққа әсер ету әдістері кеңінен қолданылады.

Экскурсияның жоспар жасау, бағдар белгілеу, естіп-көру, әңгімелесу, ой қорыту, болашақ іске шешім жасау сияқты іс-әрекетті жүйелерін оны ұйымдастырушы терең біліп, тегіс орындауға міндетті.

Айтыс сабақтарын ұйымдастыру – оқушылардың халық дәстүрін тұшына түсініп, қызыға ұғып, өлең өнерін жоғары бағалауына себеп болатын игілікті іс-әрекет.

Сабақтағы айтыстың жұмбақ айтысып, мақал-мәтел айтысып, санамақ айтысып білім жарыстыру және көркемсөз оқып, өлеңмен айтысып, өнер сынау сияқты түрлері бар.

Оларды ұйымдастыру үшін, оқытушы күні бұрын бағдарлама түзіп, айтыс мақсаттарын белгілейді. Айтыс кезінде сынып екі топқа бөлініп, әрбір топтың топ басшысы айқындалады да, белгілі бір уақытта оқушылардың өнер білімі сыналады. Айтыстың тақырыбы, мақсаты оқушыларға айқын болу керек. Мысалы, жұмбақ айтысын ұйымдастырған кезде, жұмбақтың түрі айтылып жаңа жұмбақтардың болуы ескертіледі. Сыныптағы қай топ жұмбақтың түрінен көбірек білсе, ол жеңіп шыққан болып саналады. Ал екінші топқа жұмбақ саны аздау болғанмен, көбісі жаңа жұмбақ болса, ол бағалану кезінде ескеріледі. Айтыстағы жеңісті бағалаушы тек оқытушы емес, сонымен бірге айтысты бағалайтын екі жақтан да тең «әділқазылар» белгіленуге тиіс.

Сыныпта қандай айтыс ұйымдастырылса да, оның қорытындысы шығарылып, жеңімпаздар марапатталады: айтысқа белсенді

қатысқандарға жоғары балды баға қойылады (екі жақтан да тапқырлық танытқан оқушылар атап көрсетіледі). Егер мүмкіндік, жағдай болса, айтыста өзінің білімділігі мен өнерін көрсете білген оқушыларға сыйлық беріледі. Ал ақындық айтыстағы жеңімпаздардың айтыстары баспасөз бетінде жарияланады.

Әдептілік дәрістері – ұрпаққа әдеп үйретудің қуатты құралы. «Әдеп әліппесі», «Әдептілік негіздері», «Әдеп және жантану» сабақтары арқылы оқушылар халқымыздың мәдени дәстүрлерімен, салт-санасының озық, өркениетті өрнектерімен танысып, үйренеді, білімін толықтырады, халқын сүю үшін, оның салтын сүйіп, бүкіл адамзаттық әдеп негіздерін санасына сіңіреді.

Әдеп әліппесін оқыту ісі, негізінен, әңгіме әдісімен жүргізіледі. Әсіресе бастапқы 1-2 сынып оқушылары үшін оқытушы, ең әуелі, әдеп сабағының негізгі ретінде берілген тақырыптың (мысалы, «Әдеппен сөйлеп әдеттен») мәтінін көркемдеп оқып, не жатқа айтып шығады да, содан кейін сол тақырып бойынша әңгіме (сұрақ-жауап) өткізеді, сабақ соңында оқушыларға тапсырма береді (тақпақ жаттау, мақал-мәтел жинау, белгілі тақырыпқа шығарма жазу, т.б.). Оқушылармен қызықты әңгіме өткізу үшін, оқытушы қойылатын сұрақтарды, әңгіме жүйесін алдын ала дайындауы керек.

Әдеп және жантану сабағы күрделі ізденіс пен пайымды пікірлесу арқылы жас ұрпаққа мәдени мұраларымызды үйретеді. Оны әңгіме әдісімен өткізу керек. Ол үшін күні бұрын оқылатын тақырып бойынша оқушыларға тапсырма беріледі де, сол тапсырмалардың орындалу сапасы сабақтағы әңгіме үстінде пайдаланылады.

Әдептілік дәрістерінің сабақтары көрме, театр, экскурсия, айтыс, т.б. оқыту әдістерімен байланысты. Әдіс – стандарт емес. Сондықтан, оқытушы оқыту әдістемесін оқу материалдары мен оқу жағдайларына байланысты ұйымдастырылады.

Ойтапқыштар клубы (көңілділер мен ойтапқыштар клубы) – оқушылардың ізденімпаздығын арттырып, дүниетанымын, білімін

дамытатын ұжымдастық. Бұл ұжымдастық тақырыптық, пәндік жалпымектептік кештерде әріптестерімен өнер-білім жарысына түсіп, жеңіске ие болу үшін, белгіленген тақырыпқа сәйкес дайындық жұмыстарын ұйымдастырады. Клубқа қатысушылар «сегіз қырлы, бір сырлы» болу үшін талаптанады, дарынын, білімін дамыту үшін ізденеді, үйренеді.

Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптарының ең құнды негіздерін жақсы біліп, сол жөн-жоралғы, ырым-тыйым, әдет-ғұрып, салт-сананы жақсы білетіндіктерін кеш немесе пікірсайыс кезінде әрбір команда (жасак) әдептілікпен көрсете білу керек. Өнер-білім сынасу кезінде әрбір команда мүшесі сұраққа жауап беру, өнер көрсету, білімділігін байқату үрдістерінен мүдірмей өтуге тырысады.

Әріптестер белгілі тақырыптар бойынша даярланады да, бірін-бірі сынау кезінде тосыннан сұрақ қойып, шұғыл іс-қимыл жасап, өнер көрсетеді, дарындылық нышандарын байқатады.

Көңілділер мен оятапқыштар клубының өнер-білім сынасуындағы озық ерекшеліктерін әділқазылар алқасы дұрыс бағалап, марапаттай білуге міндетті.

Күнтізбе халықтың әдет-ғұрыптары мен мейрам-тойларын патриоттық (отансүйгіштік) тәрбиесіне пайдалану үшін ар-

найы жасалынып, көркем түзілсе, оның тәрбиелік мәні зор.

Мектеп оқушыларына арналған халық педагогикасына сәйкес жасалған күнтізбеде, ең әуелі, халық дәстүрлері бойынша, жыл (Наурыз – жыл басы), жылнама (он екі жылды халық, бүкіл адамзат қалай атайды?), жыл атаулары туралы аңыздар, жаңа жыл туралы халықтың ұғымы, бар әлемде жаңа жылды тойлау рәсімдері, жаңа жыл туралы жырлар, мақал-мәтелдер, айлар, әрбір айдың ерекшеліктері, әрбір айда болатын рәсімдер мен әдет-ғұрыптар, әрбір күн аты, әрбір күннің ерекшеліктері туралы жазылу керек.

Күнтізбе халықтың әдет-ғұрпына, мейрам-тойларына лайықталып жасалынатын болса, сол айларда болатын тойлар мен рәсімдерге лайықталған инсценировкалар мен сценарийлер, қысқа аңыздар мен тұжырымдар, сол айларда туған ұлы адамдар, қызықты және тарихи оқиғалар туралы мәліметтер беріліп, оқушыны ерлікке, батырлыққа тәрбиелеу мақсаттары жүзеге аспақ.

Мысалы, наурыз айы туралы күнтізбеде «Наурыз – жыл басы» деген қойылым және осы көктем айларында жоңғар басқыншыларына соққы берген батырлар (Абылай хан, т.б.) сөз болады. Наурыз туралы мақал-мәтелдер беріледі, наурыз айында болатын астрономиялық құбылыстар жөнінде де ғылыми тұжырымдар жазылады.

Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез, деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де ақымақшылық... Жастай берген тәрбие жас шыбықты игендей

Абай.

УДК 347.3

Л.В. Мардахаев

*заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики РГСУ,
доктор педагогических наук, профессор,
Почетный работник высшего профессионального образования РФ*

САМОПОЗНАНИЕ И САМОВОСПИТАНИЕ СТУДЕНТА ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ВУЗА

Мақалада болашақ педагогтың өзін-өзі тәрбиелеуі, тәрбиелеудегі студенттің өзін-өзі тануының орны, танудың қажеттілігі мен оның қызметі, тәрбиелеудің біртұтас құбылыс ретіндегі түсінігі, студентті тәрбиелеудің негізгі кезеңдері мен сипаттамасы, тәрбиелеу кезеңдерінің өзара байланысы, әдістері, қиындықтары, ЖОО-ң студенттеріне нұсқаулықтардың мағынасы ашылып жазылған.

Түйін сөздер: *өзін-өзі тану, тәрбиелеу, тәрбиелеудегі үлгі, тәрбиелеудегі мақсат, болжау, өзін-өзі жобалау, тәрбиелеу әдістері.*

В статье раскрывается понятие самовоспитания будущего учителя; место самопознания студента в самовоспитании; необходимость самопознания и его функции; понимание самовоспитания как целостного явления; основные этапы самовоспитания студента и их характеристика; взаимосвязь этапов самовоспитания; методы самовоспитания; трудности в самовоспитании и рекомендации студенту педагогического вуза.

Ключевые слова: *самопознание, воспитание, пример в самовоспитании, цель в самовоспитании, прогнозирование, проектирование, методы самовоспитания.*

The article reveals the concept of self-education of future teachers; place of self-knowledge of the student in self-education; the necessity of self-knowledge and its functions; understanding of self-education as a holistic phenomenon; the main stages of development of the student and their characteristics; the relationship of the stages of training; methods of training; difficulties in self-education and advice to the student of pedagogical University.

Keywords: *self-knowledge, self-education, an example in self-education, the goal in self-education, improveservice, sameprocedure, methods of self-education*

Молодой человек, который пришел в педагогический вуз, ставит перед собой целью стать педагогом (учителем). Быть учителем – это высокая честь и высочайшая ответственность. «Прежде чем стать учителем, – подчеркивал А.С. Калабалин, сын воспитанника А.С. Макаренко, – надо понять, что ты будешь делать. Физика – это само по себе. Медведя за два года можно научить кататься на коньках, поэтому за пять лет физике любого можно научить, если только интеллект у него нормальный, но этого очень мало, чтобы войти в контакт с ребенком и с ним общаться.» [3, с. 247]. О том, что учит-

ель должен хорошо знать предмет, которому учит, речь даже не идет. Первое, что необходимо – это научиться входить в контакт с ребенком, общаться с ним, а для этого важно, чтобы учитель был интересен ученикам чем-либо и уметь многое.

Время обучения в вузе и является периодом становления личности учителя. Оно требует не только овладеть предметом и методикой его преподавания, но и сформировать качества, необходимые учителю, что диктует потребность в целенаправленном самосовершенствовании. Студент, посредством целенаправленной рабо-

ты над собой, меняет свои привычки, личностные качества, расширяет кругозор в соответствии с поставленной целью, таким образом, добивается изменений в своем характере, в отношении к окружающей его действительности.

Изучение отношения студентов к самовоспитанию показало, что часть из них не способна объективно оценить свои возможности и недостатки. Они нередко свои слабые стороны могут недооценивать или представлять позитивными, в следствие чего негативно относиться к самовоспитанию. Отдельные студенты достаточно полно представляют свои достоинства, иногда мнимые, но в то же время склонны преувеличивать личные возможности. Они не очень хотят выявить свои недостатки и не стремятся к самосовершенствованию. Опыт работы свидетельствует, что многие из студентов нуждаются в том, чтобы их побудили и помогли в самопознании, а в дальнейшем в организации работы над собой, особенно на начальном этапе их становления как учителя.

Обучающемуся необходимо усвоить следующее. Человек по своей природе саморазвивающееся существо. Источником саморазвития выступают природные данные человека, среда, в которой он находится, и личная активность в работе над собой. Целенаправленное самовоспитание позволяет человеку сознательно влиять на саморазвитие, формировать у себя необходимые ему качества личности, овладеть искусством управления самосовершенствованием. «Правильно говорят, – писал великий чешский педагог Я. Корчак (1878–1942), – тот, кто не умеет сам себе приказывать – «Перестань!», у кого нет сильной воли – тот раб: всякий доведет его до белого каления. Мудрец сказал, что приказывать другим легко, а вот научись-ка быть господином своих собственных мыслей и чувств...» [4, с. 388].

Самовоспитание студента – это его целеустремленная, активная деятельность над собой по закреплению, формированию

и развитию, при необходимости, изжитию у себя, определенных качеств личности и привычек поведения под воздействием личных потребностей и требований среды. Это прежде всего осознанная деятельность человека над собой в интересах самосовершенствования.

Процесс самовоспитания представляет из себя глубоко внутреннее (интимное) явление. Он далеко скрыт от постороннего взгляда и изучать его протекание на примере конкретного человека представляется достаточно затруднительным. Исследования показывают, что практически каждый человек в той или иной степени, периодически занимается работой над собой для достижения частных целей. По стечению обстоятельств перед человеком возникает необходимость что-то сформировать, развить у себя, что-то преодолеть, заставить чего-то добиться своим отношением, поведением или деятельностью и он старается реализовать замысел. Практическая сторона такой работы над собой может не требовать от человека больших усилий, но определенный след она обязательно оставляет в зависимости от достигаемого результата. Постепенно, если человек получает положительный результат, то у него формируется уверенность в себе, свои силы, способности, решительность, настойчивость и, наоборот, если отрицательный – то неуверенность в себе, неустойчивость, отсутствие интереса и желания работать над собой. В данном случае речь идет не о системе самовоспитания человека, а о способности его решать частные задачи работы над собой.

Изучение проблемы самовоспитания показывает, что ее можно представить как взаимосвязанные циклы, блоки целенаправленной педагогической деятельности человека над собой по достижению определенной цели (совокупности целей) личностного развития, качественного изменения в себе как в содержательном, так и в поведенческом плане.

Начальному циклу самовоспитания студента предшествует определенный период,

формирования элементарного интереса к себе как к человеку, своим достоинствам и недостаткам, возможностям по самосовершенствованию и, на основе этого, потребность в методах и методиках самопознания. Затем следует целенаправленная деятельность по удовлетворению этого интереса. Именно в этот период студенту следует овладеть элементарными основами работы над собой: внимательности к себе, что и как он делает, говорит; уважительному отношению к мнению других людей по оценке тебя; самокритичности. Далее начинается собственно педагогический цикл работы человека над собой, состоявший из последовательных этапов и включающий:

1 Самопознание и принятие решения на самовоспитание (принятие решения).

2 Самопрогнозирование и определение цели и задач работы над собой (определение цели и задач).

3 Самопроектирование и разработка перспективы работы над собой (планирование работы).


4 Реализация плана работы по самосовершенствованию и рефлексия (реализация плана).

5 Итоговый – оценка достигнутого результата и определение дальнейшей перспективы самосовершенствования (оценочный).

Каждый этап включает определенные подэтапы.

Педагогический цикл самосовершенствования во взаимосвязи с основными элементами можно представить в виде схемы 1.

Схема 1



На этапе предшествующим принятию решения студентом на самовоспитание, он на основе сформированного видения возможностей человека, накопленного личного опыта, под воздействием среды (личных ус-

ремлений, рекомендаций по овладению профессией, видения реальных примеров поведения и деятельности педагогов, настроя в учебной группе по отношению к самовоспитанию и других факторов) выбирает себе

идеал или пример, иногда создает некий абстрактный образ (модель), которому он хотел бы подражать или каким бы стать. Такой идеал, пример может быть достаточно четко представляемым студентом в лице конкретного педагога, либо присутствовать в его сознании в виде определенных проявлений (внешнем виде, общении, компетенции и пр.). Он побуждает будущего учителя к самосовершенствованию и помогает ему определиться, в общих чертах либо в конкретном образе, к чему стремиться в работе над собой.

Нельзя исключать, что пример для студента мог быть у него сформирован еще до поступления в университет и он к нему стремится. О таких людях писал известный русский критик В.Г. Белинский (1811–1848) «Счастливы те молодые люди, которые имеют случай под руководством опытных, ученых, добродетельных и образованных наставников усовершенствовать себя и предуготовить к опасному, хотя и весьма непродолжительному пути по трудной дороге жизни. Но стократ счастливее, если они, чувствуя пользу доброго воспитания, своим стремлением к усовершенствованию, своею ревностью приблизиться к предложенной цели облегчают труды своих наставников» [2, с. 18].

Как отмечал А.С. Калабалин: «Мне повезло, что я видел человека, на которого хотел быть похожим. Я не стал на него похожим, но я у него очень много взял для того, чтобы быть полезным в своей профессии детям. Я очень многому научился, прежде чем придти к детям. Я их брал не физикой, не математикой, я их брал тем, что и в футбол играю, и в волейбол, и мастер спорта по тяжёлой атлетике, и на руках пойду, и кашу сварю, и траву скошу» [3, с. 51].

На этом этапе студент, в соответствии с выбранным примером и накопленным знанием о человеке, должен стремиться познать себя, используя самодиагностику. «Познай самого себя» – эта мысль записана на храме Аполлона в Дельфах (6 – 4 века до н. э.).

Платон (древне-греческий философ 427 – 347 гг. до н.э.) подчеркивал, что эта мысль как абсолютная истина пришла семи мудрецам Древней Греции (Фалесу, Питтаку, Бианту, Солону, Клеобулу, Мисоне и Хилону (VI в. до н. э.), которую они и написали на стене храма в Дельфах. В ней они увидели «начаток мудрости», который всякий может усвоить [См.: 6, т. 1, с. 455]. Существо этой мудрости раскрыл древне-греческий философ Сократа (470 - 399 до н.э.), которое представлено древне-греческим писателем и историком Ксенофонтом (примерно 444 – 356 до н.э.). Он подчеркивал, что для человека познание себя – дело перво-степенной важности. В процессе него человек узнает свои способности, наблюдая над собой, выявляет какими он обладает качествами, свои слабости. «Кто не знает своих слабостей, не знает себя». Сократ подчеркивал: «Знание себя дает людям очень много благ, а заблуждение относительно себя – очень много несчастий. Кто знает себя, тот знает, что для него полезно, и распознает, что он может и чего он не может. Занимаясь тем, что знает, он удовлетворяет свои нужды и живет счастливо, а не берясь за то, чего не знает, не делает ошибок и избегает несчастий. Благодаря этому он может определить ценность также и других людей...» [5, с. 158].

Анализ представленного существа позволяет выделить в нем, что познание себя дает возможность человеку:

- овладеть искусством самопознания;
- знать себя, свои возможности, сильные и слабые стороны, что позволяет человеку, управлять собой при принятии решений, наиболее полно реализовать себя в жизни и предупредить от действий, которые могут сказаться на его авторитете, способности добиться результата, а также видеть перспективы самосовершенствования;
- познавать других людей их возможности, сильные и слабые стороны, что исключительно важно в процессе взаимодействия, но главное при совместной дея-

тельности и при организации какой-либо деятельности.

Для самопознания необходимо самосознание его важности. До этого студенту необходимо дойти самому, почувствовать особую нужду в самопознании, самоизучении. По существу начинается первый этап самовоспитания. В этом случае возникает новая проблема: что изучать в себе? Студенту, несомненно, поможет знание Государственного образовательного стандарта, где излагаются требования к профессиональной подготовленности педагога и совет наставника.

Изучение литературы и личный опыт свидетельствуют о том, что к общим базовым качествам личности педагога относятся: нравственность в поведении и поступках; образованность (подготовленность как преподавателя); культура внешнего вида и общения (интеллигентность – как проявление внутренней культуры); разносторонность знаний (эрудиция) и другие. В курсе «Введение в специальность» студентам излагаются требования, предъявляемые к личности преподавателя, обращают внимание на необходимость развития профессионально-важных качеств педагога (педагогическую наблюдательность, педагогическое воображение, педагогический такт и др.) даются рекомендации по их формированию и развитию.

Самоизучение, самопознание позволяют студенту провести самодиагностику и **принять решение** для себя: будет ли он заниматься самовоспитанием или нет. При положительном решении завершается **первый этап самовоспитания** – у студента возникает следующая проблема: что формировать, развивать и как это делать? Для этого нужны специальные знания и требуется дальнейшее изучение специальной литературы. На данном подэтапе могут быть полезны советы компетентного человека, преподавателя. Здесь же происходит дальнейшее предметное (в тех областях, которые в первую очередь интересуют студента)

изучение возможностей человека и путей их самореализации в интересах самосовершенствования.

Познание себя, своих возможностей, соотношенные их с требованиями к выпускнику, позволяет студенту достаточно компетентно провести самопрогнозирование, т.е. определить к чему он может стремиться и как этого можно добиться путем самосовершенствования. Необходимо учесть, что на данном этапе определяются перспективные и ближайшие цели, задачи самовоспитания и пути их решения.

Он определяет: цели, задачи, этапы работы и сроки – что необходимо делать, чтобы добиться достижения планируемого – второй этап самовоспитания. Цели и задачи самовоспитания должны быть реальными и доступными. Они подразделяются на ближние, средние и дальние. Предметом особого внимания должны быть ближайшие цели, они позволяют получить опыт работы по самосовершенствованию, сформировать уверенность в работе над собой и в последующем скорректировать средние и дальние перспективы. Практика работы со студентами убедительно свидетельствует, что слишком примитивные цели превращают идею самосовершенствования в игру, которая быстро надоедает, а слишком высокие, достичь которые бывает очень сложно, вызывают разочарование и потери смысла. Достижение целей в работе над собой формирует уверенность в своих силах, опыт, показывает перспективы, что способствует формированию конструктивной работы над собой по самосовершенствованию.

На основании целей и задач разрабатываются программа и план работы над собой (чаще – только план) – третий этап самовоспитания. Они составляются на определенные периоды жизни (перспективные планы): на год, семестр, месяц, и уточняются на неделю, день (текущий план). В них, как правило, отражаются: по каким направлениям студент предполагает работать над собой; какие

качества личности он будет развивать и совершенствовать; какие недостатки устранять (изживать); посредством чего планируется практически осуществить намеченное (что именно планирует делать для достижения намеченного); примерные сроки выполнения.

На этом этапе, начинается разработка необходимых саморекомендаций, которые могут помочь студенту обеспечить достижение определенных целей самовоспитания. Эти рекомендации в последствие будут уточняться, корректироваться и дополняться. Со временем они становятся основой саморегламентации и самоуправления человека, его качественной характеристикой. К таким рекомендациям, например, можно отнести личные правила (принципы) поведения. В жизни каждого человека, на основе личного опыта, складываются свои правила и/или принципы, которые становятся для него нормой. Они определяют наиболее характерные проявления человека в его отношениях, манере общения, поведения, деятельности в различных условиях обстановки.

У каждого студента, как свидетельствует жизненный и педагогический опыт, тоже есть такие правила (принципы), которые находят отражение в его повседневном поведении, общении, отношении, деятельности. Важно выделить их, изложить на бумаге, проанализировать, уточнить, что-то вычеркнуть и чем-то дополнить. В последующем чрезвычайно важно повседневно придерживаться их, анализировать свои действия и поступки, сравнивая с ними, добиваться превращения их в определенную норму личного поведения.

С такими правилами можно познакомиться по дневникам многих выдающихся людей прошлого. Приведу один из примеров личных правил выдающегося польского педагога-гуманиста, писателя, врача и общественного деятеля Януша Корчака (1878 – 1942):

«А вот мои проверенные на опыте правила:

1. Если трудно, исправляйся не сразу, а постепенно.
2. Выбирай для начала лишь один, самый

легкий недостаток и прежде всего кончай с ним.

3. Не падай духом, если долго нет улучшения или даже есть ухудшение.

4. Не ставь слишком легких условий, но такие, чтобы ты мог выиграть.

5. Не слишком радуйся, если сразу отучишься – избавиться от приобретенных недостатков легко, а от врожденных трудно.

Делая то, что не любишь, и не делая того, к чему привык, ты закаляешь волю. А это самое главное. Стань хозяином своих рук, ног, языка, мыслей...» [4, с. 388].

Определяя личные правила, следует помнить рекомендацию мыслителей Древней Греции, которые учили в работе над собой «ничего сверх меры» [6, т. 1, с. 455]. Всякая деятельность должна планироваться с учетом личных возможностей студента. При этом важно не допускать надрыва и слабой нагрузки возможностей, что способствует их наиболее полному проявлению и развитию. Чувство меры выступает определенным критерием уровня напряженности работы студента над собой.

Изложенные правила являются важным средством самовоспитания студента: самоизучения, самоконтроля, самоуправления и т.д.

Следующий этап самовоспитания – непосредственная работа студента над собой по самовоспитанию, формированию новых, совершенствованию и развитию положительных и устранению (изжитию) отрицательных качеств личности и привычек.

В литературе сложились определенные методы работы студента над собой. О некоторых из них уже речь выше в соответствии с потребностями текста. Наиболее важными из них следует выделить следующие:

Самообязательство – это сознательное обязывание себя заниматься самовоспитанием, руководствоваться определенными (выработанными для себя) правилами (принципами), обеспечить достижение,

стоящих перед студентом (поставленных перед собой) целей. Непосредственно с ним связано самонапоминание. Раз взял на себя обязательство, то надо его неукоснительно выполнять! Самонапоминание выступает и средством самовнушения: раз надо, раз определил себе, что надо делать, то необходимо выполнить.

Самоорганизация состоит в личной организации своего поведения и деятельности в соответствии с выработанными правилами. Главное здесь заключается в умении студента управлять собой, продумывать последовательность и необходимые условия обеспечения качества деятельности и добиваться осуществления поставленной цели, реализацией личных правил (принципов).

Самовнушение – это осознанное управление собой, своими чувствами и действиями, своим состоянием. Умение произвольно владеть собой, приказывать себе имеет исключительно большое значение для педагога. Такое умение вырабатывается посредством тренировок. Ими можно овладеть каждому, кто занимается. Педагогическая практика убедительно подтверждает важность самоуправления. Оно позволяет сдерживать себя в неблагоприятной ситуации, не допускать необдуманных действий, сохранять бодрость духа в кризисных педагогических ситуациях. В этом особая роль принадлежит самовнушению.

К самопринуждению в процессе самовоспитания прибегают тогда, когда требуется устоять перед соблазном, удержать себя от какого-либо вредного влияния, а также проявлению самодисциплины: «сказал (обещал) – надо выполнить». Оно требует развитости волевых качеств и способствует их развитию. Происходит мобилизация своих сил на принуждение себя к действию. Важным условием самопринуждения является высокая требовательность человека к самому себе. Самопринуждение может выступать в форме самоприказа, самоограничения, самозапрещения и др.

Положительно может сказываться на самовоспитание самопоощрение. Суть его заключается в том, что человек ставит себя в условия: если я сделаю (добьюсь определенного уровня в деятельности), то ... (каждый сам определяет, что для него может быть поощрением: театр, кино, книга, конфета, какая-либо игра и пр.).

Работа над собой требует повседневного самоконтроля, самонаблюдения над собственной деятельностью, ее текущей результативностью, рефлексии и самокорректирования. Под рефлексией (от позднелатинского *reflexio* – обращение назад) понимается самонаблюдение, самопознание, осмысление той динамики, которая происходит в самом человеке.

Самоконтроль, самонаблюдение осуществляются в процессе работы студента над собой. При этом они могут выступать в двух видах: непреднамеренные, происходящие самопроизвольно, и преднамеренные, осуществляемые в соответствии с поставленной целью. В начальный период самовоспитания на первый план выступает преднамеренный самоконтроль, самонаблюдение. Человек сам заставляет себя контролировать, что и как он делает, анализировать свою деятельность и ее результативность. В соответствии с получаемыми данными, в зависимости от того, удовлетворяют они этого человека или нет, он вносит коррективы в сам процесс своей деятельности, определяет перспективы на будущее. Постоянно присутствуя в процессе деятельности человека, они (самоконтроль, самонаблюдение) постепенно превращаются в непреднамеренные, становятся для него нормой.

Самокритика является действенным средством, если она используется разумно и при этом не теряется чувство меры. Здоровая самокритика – одна из положительных черт характера, позволяющая студенту быть скромным, не зазнаваться, не успокаиваться на достигнутом результате, внимательно относиться к критическим замечаниям товарищей.

В самовоспитании важен также самоотчет о проделанной работе над собой. Наибольший эффект он дает, когда выработана определенная система, состоящая из ежедневных, ежемесячных самоотчетов, а также самоотчетов за конкретные этапы самовоспитания.

Самоотчет сопровождается анализом результатов работы студентов над собой, что объединяет его с заключительным этапом самовоспитания, который можно назвать результативным. Он определяет, что удалось и что не удалось в реализации намеченного. На этом этапе происходит самодиагностика, критический анализ достигнутого и принимается решение на дальнейшее самовоспитание, что является началом качественно нового цикла. Он является прямым продолжением предыдущего. Заключительный этап самовоспитания подводит итог работы студента над собой. Он же – начало первого этапа качественно нового уровня (цикла) самовоспитания, что делает процесс непрерывным.

Самовоспитание студентов проходит в определенной среде, которая стимулирует или тормозит процесс его протекания. Это прежде всего относится к нравственной обстановке в учебном коллективе, в котором находится данный студент, наличии положительного примера и пр.

Изучение особенностей самовоспитания студентов позволяет выделить в нем качественные характеристики такие, как: направленность, компетентность, активность, систематичность.

Направленность характеризует цели самовоспитания. Среди них особое место занимают те, которые способствуют формированию и развитию профессионально важных качеств, всестороннему развитию личности.

Компетентность – студента со стороны того, насколько он грамотно, со знанием дела организует и осуществляет работу по самосовершенствованию. В ней проявляется подготовленность студента к осуществлению

задуманного им в работе над собой. Она может формироваться у него посредством метода «проб и ошибок», либо овладением научно обоснованными методиками, описанными в учебных пособиях или рекомендованных методически подготовленными людьми. От компетентности, в значительной степени, зависит способность студента достигать значимого результата при реализации целей самовоспитания. По уровню ее проявления в самовоспитании можно выделять студентов, имеющих общую эрудицию – на уровне знаний о методах самовоспитания, владеющих основами самовоспитания, обладающими искусством в работе над собой по достижению целей самовоспитания.

Активность во многом определяет **интенсивность в целенаправленной работе** студента над собой. Она сказывается на эффективности его самостоятельной работы. Один человек может ставить перед собой высокие общественно важные цели, но при этом проявляет пассивность и не достигает их. Другой – больше говорит о недостатках, но мало проявляет конкретности в деятельности по их устранению. Третий – постоянно, целенаправленно и интенсивно работает над собой, добивается в этом конкретных результатов.

Систематичность свидетельствует о том, **в какой степени самовоспитание стало некой системой, привычкой** постоянной самостоятельной работы студента над собой по самосовершенствованию или играет эпизодическую, случайную роль. В зависимости от отношения к самовоспитанию оно может быть частным (стремление добиться какой-либо цели), эпизодическим (от случая к случаю) или системным (студент постоянно работает над собой, для него это стало нормой повседневной жизни и деятельности).

Таким образом, направленность показывает над чем и для чего студент занимается самовоспитанием; компетентность – уровень владения им методами и методиками самосовершенствования; активность –

энергичность в работе по достижению целей самовоспитания; системность – в какой степени работа студента над собой носит частный характер или является качественной характеристикой, нормой его отношения к себе, своим возможностям.

При позитивной (положительной) направленности, в зависимости от компетентности, активности и систематичности в отношении студентов к самовоспитанию среди них можно выделить группы, для которых характерны определенные **уровни** овладения им.

Начальный (эпизодический) – выражается в самостоятельной работе студента по отдельным вопросам в зависимости от обстановки или появившегося желания при активности, обеспечивающей достижение определенных положительных результатов. Компетентность для этих студентов часто определяется деятельностью методом проб и ошибок и характеризуется частной эрудицией (кое-что знает). Примером проявления студентом данного уровня может быть его решение и практическая деятельность, направленные на избавление от сложившейся отрицательной привычки, формирование (развитие) у себя отдельные волевые, нравственные или другие качества личности. Чаще всего именно такие задачи и ставят себе молодые люди. При отсутствии у них конкретных результатов в работе над собой речь, в лучшем случае, может идти о их желании, чем о самовоспитании.

Достижение студентом определенных положительных результатов в работе над собой свидетельствует о сформированности у него начального уровня самовоспитания. Именно от него следует желание дальше работать над собой. Постепенно у человека повышается компетентность до уровня общей эрудиции, владения некоторыми основами самовоспитания, он втягивается в работу над собой, получая удовлетворение достигнутыми положительными результатами и, таким образом, достигает следующего уровня.

Переходный – присущ человеку, который начинает планировать самовоспитание, ставит перед собой конкретные цели на более длительный период времени. Характерными особенностями этого уровня являются: сформированность у студентов определенных навыков самосовершенствования, владение ими основами самовоспитания; проявление достаточной активности, позволяющей достигать положительных результатов в работе. В то же время от студента требуется проявление воли для обеспечения настойчивости в работе над собой и достижении целей самовоспитания.

Системное самовоспитание – высший уровень самостоятельной работы студента над собой. Такой уровень свидетельствует о том, что самовоспитание превратилось у человека в привычку, сложившуюся систему самосовершенствования, которая дает положительные результаты. Он четко представляет к чему может стремиться и как этого добиться. Считается, что у студента на этом уровне сформировано индивидуальное искусство в работе над собой, постоянная требовательность к себе, своему самосовершенствованию и высокая целенаправленная активность в самосовершенствовании.

Самовоспитание человека носит исключительно индивидуальный характер. В основе его лежит развитие потребности к работе над собой. Это еще не деятельность, а лишь предпосылка к ней. Непосредственная работа, достижение результата, удовлетворение от самосовершенствования, способствуют развитию потребности в нем. Превращение самовоспитания в систему свидетельствует о том, что потребность в нем превратилась в побудительную силу. Позитивной побудительной силой в самовоспитании человека выступает нравственный идеал. Он позволяет утвердить студента в мысли о благородности достижения целей самосовершенствования. В начале – это может быть реальный пример. Он стимулирует у студента самооценку,

самоанализ, сравнение, помогает увидеть свои недостатки, определить цель, к чему стремиться и способствует мобилизации внутренних усилий на самосовершенствование по ее достижению.

Некоторые студенты, не занимающиеся самовоспитанием, одной из причин этого они видят в большой загруженности, отсутствии времени и условий для работы над собой. Практика убедительно показывает, что для работы над собой по формированию и развитию многих волевых и других качеств (ответственности, организованности, целеу-

стремленности, решительности и др.), как правило, не требуется специального времени. Практическая реализация этого достигается посредством постоянного целенаправленного самоконтроля, самовнушения, самоубеждения и других методов. Однако развитие профессиональных, физических качеств, расширение кругозора, а также некоторых волевых качеств требует специальных условий и времени.

Таковы наиболее важные основы самопознания и самовоспитания студентов педагогического вуза.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Антология педагогической мысли России XVIII в. / сост. И.А. Соловков. – М.: Педагогика, 1985. - С. 203-210.
- 2 Белинский В.Г. Избранные педагогические сочинения. – М.: Педагогика, 1982.
- 3 Калабалин А.С. Педагогические размышления: сб. / сост. и ред. Л.В. Мардахаев. – М.: Изд-во: РГСУ, 2014.
- 4 Корчак Я. Избранные педагогические произведения. – М.: Педагогика, 1979.
- 5 Ксенофонт. Сократические сочинения. – СПб: Изд-во АО «Комплект», 1993.
- 6 Платон. Собрание сочинений в 4-х т.: Т.1. – М.: Мысль, 1990.
- 7 Толстой Л.Н. Собрание сочинений: В 22 т. – Т. 19-21. – М.: Худож. лит., 1984, 1985.



Т.С.Тебегенов

*филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақ Ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр Академиясының академигі, ҚР Жазушылар
Одағының мүшесі, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі Қазақ әдебиеті
кафедрасының меңгерушісі*

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ – МӘНГІЛІК ДАМУДЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗІ

Мақалада Қазақ мемлекеттігін нығайту – уақытымыздың аса өзекті мәселесі екендігі, сонымен қатар, өзіндік дербес атажұрты – атамекен, айбынды, айбарлы тарихы, ұлттық негізі айқын, бай материалдық және рухани мәдениеті бар Қазақ ұлтының мемлекеттік мәртебелі даму жолы – ұрпақ болашағының айқын бағдары деп топшылаған.

Түйін сөздер: *тәуелсіздік, даму жолы, ұлттық рух, ұрпақ болашағы, қазақ тілі, мемлекеттік мәртебе.*

В статье говорится, что укрепление казахской государственности – очень актуальная задача нашего времени, также путь государственного почетного развития Казахской нации с собственной личной отчизной, с доблестной, величавой историей, с четкой национальной основой, с богатой материальной и духовной культурой – ясное направление будущего потомков.

Ключевые слова: *независимость, путь развития, национальный дух, будущее нации, казахский язык, государственный статус.*

The article says that the strengthening of the Kazakh state - a very urgent task of our time, so State honorable development of the Kazakh nation with its own personal homeland, with glorious, majestic history, with a clear national basis, with rich material and spiritual culture - a clear direction for future generations.

Keywords: *independence, the path of development, the national spirit, the future of the nation, the Kazakh language, official status.*

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі салтанат құраған өткен 23 жыл – біздің халқымыздың ұлттық және жалпы адамзаттық өркениет сабақтастығы ықпалымен дамуымыздың жарқын кезеңі. Тәуелсіз Қазақ Елінің қазіргі әлемге танымал беделді тұғырда болуында мемлекетіміздің ішкі және сыртқы байланыстар жүйесіндегі жаңашыл бағыттары арқылы нығая түсуде. Қазіргі мемлекеттік бағдарламаларымыз бойынша халқымыздың ежелше заманғы сак, ғұн, түркі өркениеті дәуірлерінде негізі қаланған, бұдан 550 жыл бұрын Қазақ Хандығы болып қалыптасқан мемлекеттігіміздің бү-

гінге дейін жеткен құндылықтарын ұлықтау басты назарға алынып отыр. Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт Көшбасшысы – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мемлекеттік қызмет салаларына жаңа басшыларды тағайындауға арналған маңызды мәжілісте халқымыздың зор қанағат сезімін тудырған мынадай тарихи мәлімдеме жасағаны біздің ұлттық рухымызды қуаттандыра түсті:

«Керей мен Жәнібек 1465 жылы алғашқы хандықты құрды, қазақтың мемлекеттілігінің тарихы сол кезден бастау алады. Ең маңыздысы, сол кезде оған негіз

қаланды, біз – бабаларымыздың ұлы істерінің жалғастырушылармыз. Біз келер жылы **ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ 550 жылдығының атап өтеміз»** [1, 1-б.].

Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт Көшбасшысы – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1995 жылғы 24 наурызда Қазақстан халқы (ол кезде «Қазақстан халықтары») Ассамблеясының **бірінші сессиясындағы** баяндамасын мынадай тарихи сөзімен бастаған еді: «Ассамблеяның құрметті делегаттары! **Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің Тәуелсіздігі мен Егемендігі үшін күресіп келді. Өзінің таңдаулы қасиеттерінің, қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілікте, келісім мен тату көршілікте тұруға деген ынта-ықыласының арқасында тарихтың тұңғығына батып кетпей, ондаған жылдардан кейін өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды. Өз басына түскен барлық қиындықтарға қарамастан туған халқының болашағын қамтамасыз етіп, тілін, мәдениетін, дәстүрлері мен бостандық сүйгіш қасиеттерін сақтай білген бабаларымыздың көптеген ұрпақтарына құрмет көрсеткеніміз жөн. Осының бәрі сайып келгенде Қазақ мемлекеттігінің қайта қалпына келуіне қол жеткізді»** [2, 3-б.].

Қазақ мемлекеттігінің қайта қалпына келуіне қол жеткізілгенін Отанымыздағы туысқан халықтар делегаттары келіп отырған Ассамблеяның ең бірінші сессиясында осылайша мәлімдеген Елбасымыз **мемлекет құрушы қазақтың ұлттық тарихындағы ата-бабалар қалыптастырған гуманизм ұстанымын.**

«Қазақтар «Береке басы – бірлікте» деп тегін айтпаса керек» деп арнайы атап көрсеткен болатын. Ұлт Көшбасшысы жыл сайын дәстүрлі Жолдауларында да мемлекет құрушы қазақ халқының ұлттық тарихындағы көрнекті қайраткерлерінің, әрідегі қағандарымыздың, хандарымыздың, би-шешендеріміздің, ел ақсақалдарының, батырларының халықтың сақталуына, дамуына

негіз болған өнегелі қызметтерінің ұлағатын жалғастыруды үздіксіз айтып келеді.

Елбасы Тәуелсіз Қазақ мемлекетінің жаңа тарихының дамуы, өркендеуі жұмыстарын нәтижелі жүргізуде қазақ халқының ғасырлар бойы мемлекеттік тәуелсіздік, бостандық жолында күрескен ұлттық-азаттық көтерілістерінің батырларын да үнемі ауызға алып, қазіргі және болашақтағы дамуымызға негіз – бағдар болатын отаншылдық-мемлекетшілдік ұстанымды үнемі жұртшылықтың назарына ұсынумен келеді.

Демек, **Қазақ мемлекеттігі – Ұлт Көшбасшысы – Елбасының негізгі ұстанымы.** Мемлекеттік Әнұранның қазіргі айтылып жүрген мәтініндегі Елбасының авторлығындағы **«Намысын бермеген Қазағым мықты ғой!»** деген жыр тармақтары да негізгі ұстанымымызды айғақтай, бекіте түседі.

Елбасының жыл сайын халыққа арналатын Жолдауларында мемлекетті дамытудағы стратегиялық жоспарлардың орындалуы мен негізгі бағыттарды (экономикалық әртараптандыру, сауатты сауда саясаты, инвестициялар тарту, кәсіпкерлік, отандық тауарларды экспорттауды қолдау, өңірлерді дамыту, білім беруді жетілдіре түсу, денсаулық сақтауда адамдардың өмір сапасын жақсарту және әлеуметтік қорғау, ардагерлерге қамқорлық, тұрғын үй-коммуналдық сектор саласындағы саясат, ішкі саяси тұрақтылықты, сыртқы саясатты нығайту, т.б.) өркендету толық қамтылады. Осы аталған мәселелерді 2010 жылғы Жолдауында баяндай келе қорытындысында тағы да **Қазақ мемлекеттігі ұстанымындағы пікірін ашық, айқын тұжырымдаған-ды:**

«Халқымызда «Ынтымақты елде бақ тұрар» деген дана сөз бар. **Біз қазығы берік, мемлекеттігі бекем, төрт құбыласы сай Қазақ Елінің айбынын асырып, атағын әлемге әйгіледік»** [3, 5-б.].

Елбасы – қазақ тілінің мемлекеттік мәртебедегі қолданысын да үнемі басты мәселе етіп алға қояды. 2011 жылғы «Болашақтың, іргесін бірге қалаймыз!» атты

Қазақстан халқына Жолдауында мемлекетіміз Тәуелсіздігінің 20 жылы кезеңіндегі саяси-әлеуметтік еркін дамудың **(«Бодан жұртты бүгіндей бостан күнге жеткізген бұл жолда біз биік белестерді бағындырдық»)** материалдық және рухани мәдениет салаларындағы жетістіктерін нақты көрсеткіштермен дәйектеп, Отанымыздағы азаматтардың ауызбіршілігі **(«Ырыс – ынтымаққа жолығады, дәулет – бірлікпен толығады»)** арқылы жүзеге асырыла бастаған түпкі нәтиженің мәресі де айқын **қазақ тілінің мемлекеттік қолданыс жағдайына да тұжырымды пікірін айтты:**

«Қазақстандықтардың өзіміз өмір сүріп, елімізді жақсылықтарға бастап бара жатқан туған жерге атауын берген мемлекеттік қазақ тілін құрметпен және лайықты оқып-үйрене бастағандығын атап өтудің өзі қуанышты.

... Енді он жылдан кейін мектеп бітірушілердің **100 пайызы** мемлекеттік тілді біліп шығатын болады» [4].

1991 жылдың 16 желтоқсанында Тәуелсіздігі жарияланып, қазіргі кезде бүкіл әлем мойындап отырған **Қазақ Елінің мемлекеттігін** нығайтудың қандай өзекті мәселелері бар?

Ең басты өзекті мәселе – қазіргі Тәуелсіз еліміздің кең-байтақ кеңістігінің **негізгі иесі Қазақтың халықтық-ұлттық құқықтық мәртебесінің Конституциямыздың 19 бөлімін құрап тұрған 98 баптың ешқайсысында да аталмағаны.** Осы арада мемлекеттің негізгі иесі қазақ ұлтынан басқа да халықтар өкілдерінің бұл мәселеге ешқайсысының мән бермейтіні өткен 20 жылда айқын танылды. Қазіргі қазақ зиялылары, көсемсөзші қаламгер-қайраткерлер қайта-қайта айтып жүргендей, қазіргі Конституциямызда «... Қазақстан қазақ мемлекеттігі екендігі, мемлекеттің құрылтайшысы қазақтар екендігі туралы ештеңе жоқ. Тек «байырғы қазақ жерінде» деп сипай қамшылап кете берген» [5, 354-б.].

Публицист қаламгер атап көрсеткеніндей мемлекет иесі – құрылтайшы ұлттардың атымен аталатын мемлекеттердің (Германия, Англия, Жапония, Украина, Беларусь, Қыр-

ғыз, Өзбекстан, Әзірбайжан, т.б.) Конституцияларында негізгі ұлттық дамуын басты мақсат ететін заңды қабылдауды, жүзеге асыруды негіздеп жазғандықтары мәлім.

Сөз басынан бері көрсеткен нақты дәйектемелер бойынша Елбасымыздың сөйлеген сөздерінде де, жазған еңбектерінде де Қазақ халқының мемлекет иесі екендігін үнемі айтып келе жатқанымен, бәрібір, қазіргі Қазақстан Республикасындағы диаспоралардың (орыс, ұйғыр, өзбек, т.б.), шетелдік (ағылшын, неміс түрік) компанияларының, сонымен бірге түрік қазақ, бірақ тілі басқа ұлты белгісіздердің – Қазақстанның қазақтардың мемлекеті екендігін мойындауы сезілмей келеді.

Көрнекті ақын, публицист Аманхан Әлімұлы «Қазақстанда қазақ мәселесі ғана бар» деген мақаласында қазіргі Қазақ мемлекеттігінің қазіргі хал-ахуалындағы қайшылықтарды, жаңа тарихымыздың басты мұратын анықтап көрсетеді: «... елің мен жеріңнің суын ішіп, отын оттап отырған диаспора өкілдерінің моноэтникалық және унитарлық мемлекеттің заңдылықтарына бой ұсынбауы, ұсынғысы келмеуі. Сосын, аталған құндылықтарды күйретуге батыл шақыратын идея мен идеологиялармен қаруланған әртүрлі қоғамдар мен ұйымдардың көбеюі. Олардың кейбіреулері өздерінің бағыт-бағдарлары мен ұстанымдарын ашық және жариялы түрде жүргізсе, ал, енді бір екіншілері оны су асты ағыстарындай астыртын жүргізуде. Бұның екеуі де қауіпті. Сондықтан да, ұлттық-мемлекеттік қауіпсіздік және қазақ мүддесі кез келген ой мен ерік еркіндігі әрі сөз бостандығынан жоғары тұруы тиіс» [6, 399-б.].

Қазақ зиялылары осылайша ұлттық-мемлекеттік заңдылықтардың сақталуындағы өзекті мәселелерді жариялылық-демократиялы мәдениет аясында айтып жүр. Бұл – Қазақ мемлекеттігі нығаюын ойлаған біздің замандастарымыздың ортақ пікірінің көрсеткіші.

Елбасы 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауындағы 10

бағыт бойынша атқарылатын іс-шараларды баяндау барысында қазіргі Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің тарихи әлеуетін айғақтайтын мына сөздерін айқын мәлімдеді:

«Кезінде мен» мынадай жағдайларға байланысты сатып жатырмыз, қазір жекешелендіру керек, уақыты келгенде қайтарамыз» деп айтып едім.

Міне, енді бәрі қайтарылуда. Барлық акциялар пакеті Қазақстанда. Енді өзіміз барлығына ықпал жасайтын боламыз.

Қазақстан халқы біртұтас, бірлігі мызғымас кемел елге айналды. ...Біз ешкімге тәуелді болмауға тиіспіз» [7]. Осы орайда, Елбасының материалдық және рухани мәдениеттер сабақтастығы аясында Қазақ мемлекеттігін біртіндеп нығайту, ақырында барлық салалар бойынша толық басымдыққа ие болуды болжаған бағдарлы жоспарларын жүзеге асыруына оның өзі үнемі сынап жүрген селқос, сылбар, самарқау, орашалақ қызметкерлердің кедергі болып келе жатқанын байқаймыз.

Тіпті, Қазақ үкіметі қаржыландырып отырған көптеген мемлекеттік орта, жоғары оқу орындарында да іс қағаздары Конституциямызға сәйкес мемлекеттік және ресми тілдерде қатарлас қолданудың орнына бұрынғы Ресей империясының тілімен ғана жазылуы тоқтар емес. Үлкен жиындардағы әуелі қазақша шамалы сөйлеп бастап, одан кейін басым бөлігін бұрынғы отарлаушы империя тілімен баяндалып, аяғында ғана мемлекеттік тілде аяқтаған секілді бір-екі ауыз сөйлемдермен бітіру сақталып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт Көшбасшысы – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтарда «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында да «...жаңа зауыттар көп салынып, жаңа жұмыс орындары ашылып, әлеуметтік инфрақұрылым қарқынды дамуы қажет. Бүгінде әлемнің көп елдерінде осылай жасалуда. Мемлекет өз азаматтарының сондай қуатты өңірлерге қоныс аударуына көмек қолын созуы тиіс.

Қазақстанда келешегі зор қалалар шоғырында Астана, Алматы, Ақтөбе, Ақтау, Шымкент шаһарлары жатады. Үкімет елді мекендер шоғырын (агломерация) дамыту жөнінде бағдарлама қабылдауы тиіс. Ірі кәсіпорынды немесе бір саланы тірек еткен шағын қалалардың «дамуы – өз алдына бөлек мәселе» [8].

Демек, Қазақ мемлекеттігін нығайтуда, негізгі ұлттың мол шоғырланған аталған қалалардағы бала-бақшаларда, орта, арнаулы орта, жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу мекемелерінде, мемлекеттік басқару әкімшілік мекемелерінде, өндіріс, өнеркәсіп орындарында Қазақ мемлекеттігі ұстанымын нығайтатын, кеңейтетін әлеуметтік-психологиялық хал-ахуалдың күшейе түсуіне қол жеткізуіміз керек. Бұл – Елбасымыздың 2012 жылғы Жолдауында да арнайы айтылған сөзі бойынша өсу, даму қолданысындағы мемлекеттік тіл дамуы міндетін барлық салалардағы басшылар күндер, апталар, айлар сайын өсетін көрсеткіш етуі тиіс: «Қазақ тілі – біздің мемлекеттік тіліміз, өсіп-өркендеп келеді. 2020 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгергендердің қатары 95 пайызға дейін жететін болады.

Еліміздегі барлық мектептер мен оқу орындарында қазақ тілінде оқыту үрдісі жүріп жатыр. Осының бәріне депутаттар мен мемлекеттік қызметтегілер өз үлестерін қосулары керек. Мәселені осылай шешу қажет Үкіметке барлық білім беру мекемелерінде жастардың осы құндылықтарды білуін қамтамасыз ету жөнінен типтік кешенді жоспар әзірлеуді тапсырамын.

Бізде тіпті ондай оқулықтар, жастармен дәл осы мәселелер бойынша жұмыс жүргізетін оқытушылар жоқ.

Біздің жастарымыз үшін – бұл – өмірлік қажеттілік» [7].

Демек, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісі депутаттары және Елбасы тағайындаған министрлер, облыстар мен Астана, Алматы қалалары Әкімдері, солардың қарауындағы барлық салалар басшылары Елбасы айқындауындағы нақты

мемлекеттік тапсырманы орындауы тиіс!

Сондықтан, Қазақстан Республикасы Конституциясының баптарының біреуінде «Қазақ халқы мемлекеттігі туралы «Ұлт Көшбасшысы – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың үнемі айтып келе жатқан тарихи шындыққа негізделген тұжырымдарын басшылыққа ала арнайы бап енгізу – халқымыздың қазіргі, сонымен бірге мыңжылдықтар бойы қалыптасқан, өзара сабақтасқан мемлекеттілік тарихының енді мәңгіліктендірілген заңы болар еді. Конституциямызға Қазақ мемлекеттігінің қазіргі тарихымызға негіз болатындығын дәйектеу үшін қалалардың және олар орналасқан аймақтардың материалдық және рухани мәдениет салаларын дамыту басты назарға алынып отыр. Сондықтан, аталған қалалардағы әкімшілік-басқару мекемелерінің және өндіріс, өнеркәсіп орындарының басшылары қазақ ұлты мамандарының, жұмысшыларының мол тартылуын, кәсіби мамандану деңгейлерінің сапалы болуын жүзеге асыруы тиіс.

Қазақ мемлекеттігін нығайтуда Қазақстан халқы Ассамблеясы да ықпалды орын алатыны ақиқат. Тағдырдың әр алуан жағдайларымен келіп қоныстанып Қазақ мемлекетінің азаматы болып отырған туысқан халықтар диаспораларының 9 өкілі арнайы берілген мүмкіндік пен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары болып сайланып келеді. Басқа елдерде мемлекет құрушы негізгі ұлттан басқа халықтар өкілдеріне мұндай мүмкіндік жасау тәжірибесі жоқ.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың Астана қаласындағы «Қазақ Елі» монументінің ашылу салтанатындағы (6 шілде 2008 жыл) сөйлеген сөзіне де сүйенеміз:

«Воистину счастлива и ярка высокая звезда казахского народа, у которого есть такая необъятная национальная территория и есть такая богатая история.

Возникшие в XV веке на огромных просторах от Алтая до Атыру, от Сырдарья до Тобола Казахское ханство стало законным

наследником и достойным преемником предшествовавших ему великих государств, некогда существовавших в Великой степи» [9, с. 157).

Ұлт Көшбасшысы осы құттықтау сөзінде Жәнібек пен Керей хандар негізін салған Қазақ мемлекетінің қазіргі Тәуелсіз кезеңге, ұласуына дейінгі халқымыздың басынан өткен басқыншы-отаршыл мемлекеттер жасаған зардапты тарихи оқиғаларды («Ақтабан шұбырынды Алқакөл сұлама», атамекендерді жатжұрттықтардың иеленуін, ділді аздырғанын, діннен, тілден айырғанын, т.б.), қазақ мемлекеттігін сақтау үшін күрескен, батыр, дана хандар Абылайды, Кенесарыны, «Оян, қазақ!» деп үндеу жариялап Алаш зиялыларын, большевизмнің 30-жылдарғы саяси қуғын-сүргінінен, мал-мүлікті тәркілеуінен, еріксіз ұжымдастыруынан 5 миллион қазақ халқының аштықтан, жер аударылудан, лагерьлерге қамалудан жартысының қырылғанын тебірене баяндады. «Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген, жөргегімде таныстым мұң тілімен», – деп жырлаған ақын жырын тебірене сөз арқауына алған Елбасы «Қазақ Елі» монументі Қазақ мемлекеттігінің өткені мен бүгінін, болашағын тұтастырған, ұрпақтар мәңгі тағзым ететін киелі орын болуы керектігін атады.

Қазақ мемлекеттігін нығайту үшін Елбасының үздіксіз айтып келе жатқан сөздерін жүзеге асырушылардың іс-әрекеттері көңілді көншітпейді.

Қазақ Еліндегі орыс тілді газеттердің, журналдардың жарияланым беттерінен мемлекеттік қазақ тіліндегі материалдардың орын алуы тиіс қой. Қазақ мемлекетіндегі орыс тілді газеттер мен журналдардың беттері әуелі негізгі ұлттың мемлекеттік тілінде жазылып, диаспора тіліндегі материалдар екінші кезекте тұруы тиіс емес пе? Мысалы, «Қазақстан шындығы» – «Казахстанская правда», «Керуен» – «Караван», «Ой» – «Мысль», «Кеңістік» – Простор», «Ұйғыр дауысы» – «Ұйғыр авазы», т.б.

Республикамыздағы басқа тілдегі баспасөз беттерінде қазақ тілінің мемлекетін

мәртебедегі қолданысын Елбасы Жолдауларында айтылғандай 2020 жылға дейін 95 пайызға жету көрсеткішін орындау.

Қазақ мемлекеттігін нығайту – Отанымызға – Атажұртымызға, Атамекенімізге алыс-жақын шетелдерден (Монғолия, Қытай, Түркия, Иран, Өзбекстан, Қарақалпақстан) көшіп келіп жатқан қандастарымыздың да басты мұраты. Планетадағы жалғыз Отанымыз – Қазақ Елі, сондықтан көші-қон үдерісінің үздіксіз жалғасып, нәтижесінде еліміздегі халық санының кем дегенде 80 %-ын құрайтын деңгейіне жетуіміз керек.

Елбасымыз өткен таяу жылдардағы бір жиындағы сөйлеген сөзінде енді бұдан былай бұрын бірнеше ғасырлар бойы отарлық-құлдық құрсауда болғанымызды айта берудің қажет еместігін де ескерткен-ді, шынында да езілген, тоналған, құлшылықта өткен кезеңдерді емес, енді азаматтық-отаншылдық, жауынгерлік-қаһармандық рухты көтеретін арғы-бергі ұлттық тарихтағы аса көрнекті, айбынды тұлғаларымыздың (Аттила, Бейбарыс, Әбунәсір әл-Фараби, Мұхаммед Хайдар Дулати, Асан Қайғы, Керей мен Жәнібек, Бұқар, Абылай, Кенесары, Сырым, Исатай, Махамбет, Д. Қонаев, Қайрат Рысқұлбеков, т.б.) қазақтың ұлттық-қаһармандық рухын асқақтатқан айбынды өнегесін насихаттауды күшейте түсуіміз керек!

Қазақтың ұлан-байтақ даласын қанын төгіп, басқыншылардан, отаршылдардан қорғау жолында өмірлерін сарп еткен, арып-ашып, азып-тозып, айдалып, босып, жан-жақтан қаңғалақтап келіп қолтығымызға паналаған халықтарға (ұйғыр, курд, шешен, орыс, неміс, т.б.) үйіміздің, ата қонысымыздың төрінен орын берген теңдесі жоқ жомарттығымыздың, қайырымдылығымыздың сыйлануы, құрметтелуі керектігін өркениеттік мәдени қарым-қатынастарымызбен меңзей, айқынырақ ұғындыра түсуіміз керек. Елбасымыз кезекті бір жиын барысында «Ымға түсінбеген дымға түсінбейді» деген еді. Бұл – қазіргі қазақ зиялыларына да, бізбен қоян-қолтық жүрген өзге ұлт өкілдеріне де қатысты сөз.

Қазақстан Республикасының негізгі заңдарында әкімшілік-басқару орындарында да мемлекеттігімізді нығайтатын тетіктер көрсетілген ғой. Ендеше Қазақ мемлекеттігін нығайтуға кедергі болып келе жатқан құлықсыз, селқос адамдардың кесірінен Елбасымыздың негізгі ұстанымының баяу орындалып келе жатқанын байқаймыз.

Қазақ халқы – Тәуелсіз Еліміздің тұңғыш Президентінің, Ұлт Көшбасшысын – Елбасын мақтан өтеді. Мемлекетіміздің Тәуелсіздігі салтанат құрған 20 жыл ішіндегі әлем таныған өсу, өрлеу жетістіктері, еліміздегі тыныштықтың, бейбітшіліктің негізгі ұйытқысы Қазақ халқының төзімділігінің, шыдамдылығының, жомарттығының, қанағатшылдығының, т.б. асыл қасиеттерінің арқасында болып отырғандығы да мәлім. Сондықтан, материалдық және рухани мәдениет салаларының басқару, әкімшілік орындардағы адамдардың Қазақ мемлекеттігі негізіндегі халықтық-демократиялық тарихи даму жолынан жаңылмауы тиіс.

Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт Көшбасшысы – Елбасы Н. Ә. Назарбаев мемлекетімізді өркендетудің, айқын бағыттарын ұсынып, нақты міндеттерді үнемі атап көрсетті. Бұлар – даму, өсу жолындағы бағдарлы іс-шаралардың үздіксіз қозғалыстар заңдылығын көрсеткен сенімді бағыттар. Мемлекеттік басқару орындарының басшыларын жинап Елбасы көптеген пайдалы ұсыныстарын назарға салып келеді.

Қазіргі кезеңде Елбасымыздың соңғы Жолдауында белгіленген «Қазақстан – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» стратегиялық бағдарлы жұмыстардың орындалуында ұлттық тарихымызды шынайы қалпында танып бағалаған ұрпақтардың белсенді іс-әрекеттері жүзеге асатыны анық.

Қорыта айтқанда, Қазақ мемлекеттігін нығайту – уақытымыздың аса өзекті мәселесі. Өзіндік дербес атажұрты-атамекен, айбынды, айбарлы тарихы, ұлттық негізі айқын, бай материалдық және рухани мәдениеті бар Қазақ ұлтының мемлекеттік мәртебелі даму жолы – ұрпақтар болашағының айқын бағ-

дары. 2015 жылы Қазақ мемлекеттігінің 550 жылдығын (1465-2015) бүкіл әлемдік деңгейде атап өтуі арқылы алыс-жақын шетелдердегі қандастарымыздың және отандастарымыздың ұлттық өрлеу жолында жаңа

жетістіктер жолына жігерлене түсетіні ақиқат. Бұл – ғаламдық ықпалдастықтар жүйесіне жұтылып кетпей, дербес Қазақ атымен сақталатын халықтық-ұлттық дамуымыздың мәңгілік тұғырнамасы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ғабдолла Қажымұқан. Қазақ болсаң, қам жаса...// Қазақия: Республикалық қоғамдық-саяси апталық. 29 қазан 2014 жыл, – №43(49). – 32 б.

2 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халықтары Ассамблеясының 1–10 сессияларындағы баяндамалары жинағы (қазақ және орыс тілдерінде). – Астана: Елорда, 2005. – 440 б.

3 Назарбаев Н.Ә. Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу. – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері: Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // «Алматы ақшамы» газеті, № 13 (4258), 2 ақпан, сейсенбі, 2010 жыл, 1–5-бб.

4 (Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан халқына Жолдауы // «Ана тілі» газеті, № 5 (1050), 3-9 ақпан 2011 жыл, 1-3-бб.).

5 Тоқашбаев М. Дәуір дүрсілі: Публицистикалық шығармалар. – Алматы: Қазақпарат, 2009. – 726 б.

6 Әлімұлы А. Өткірдің жүзі: Публицистикалық мақалалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2011. – 520 б.

7 Назарбаев Н.Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты: Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // «Ана тілі» газеті, № 5 (1106), 2-8 ақпан 2012 жыл, 2-бет.

8 «Алаш айнасы» газеті, – № 14 (696), 28.01.2012 жыл, 2-бет.

9 Назарбаев Н.Ә. Избранные речи. Т. V. Кн. 2. 2008–2009 гг. – Астана: ИД «Сарыарқа», 2010. – 468 с.



Көнеге зер салсаң, өнеге көп

Төрекелді Байтасов.

Л.Қ.Бөлеева

*Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті*

ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ МАТЕМАТИКАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНЫЛУ ЖАЙЛАРЫ

Мақалада бүгінгі таңда егемен Қазақ елінің білім беру жүйесінде жеке тұлғаға ұлттық тәрбие беру, жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру міндеттерін шешуде халықтық математиканы пайдалану қажеттігі өзекті педагогикалық-әдістемелік проблема екендігі жайлы айтылған.

Түйін сөздер: педагогикалық-әдістеме, халықтық математика, білім беру, патриотизм, жүйе.

В статье говорится о том, что в решении задач как национальное воспитание личности, формирование нового казахстанского патриотизма в системе образования независимого Казахского народа в настоящее время, использование народной математики является необходимой актуальной педагогическо-методической проблемой.

Ключевые слова: педагогическая методика, народная математика, образование, патриотизм, система.

The article said that in the solution of problems as a national upbringing of the person, the formation of a new Kazakhstan patriotism in the education system of the independent Kazakh nation currently using traditional mathematics is necessary relevant pedagogical and methodological problem.

Keywords: pedagogical technique, folk mathematics, education, patriotism, system.

Қазақтың халықтық педагогикасының құрамдас бөлігі халықтық математиканы зерттеумен және оны оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану әдістемесін жасаумен қазақ ғалымдары - тілшілер, әдебиетшілер, философтар, этнографтар, математиктер, математик-әдіскерлер, педагогтар айналысып, бірнеше ғылыми еңбектер жазды.

Тілші академик І.К.Кеңесбаев 1946 жылы «Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы» журналында «Қазақтың үш, жеті, тоғыз және қырық сандарына байланысты ұғымдары» атты мақаласында сол төрт сан кездесетін сөздерге мысалдар келтірілген [1].

1966 жылы академик Ә.Марғұланнның редакциясымен шыққан «Ежелгі мәдениет куәлері» атты жинақта математик М.Исқақовтың «Түркі тілдес халықтардың

ежелгі арифметикасы» атты көлемді мақаласында табиғаттан тікелей алған сандар, ертедегі халықтықтардың қалай санағаны, ежелгі түркілердің арифметикасы, жиі айтылатын сандар, сан есімдер туралы түрлі халықтықтардан шыққан ғалымдардың еңбектері арқылы тарихи мәліметтер берілген [2].

Ғалым-философтар Ә.Нысанбаев математика мен дін, Ғ.Ақпанбек қазақтардың дүниетанымы туралы халқымыздың танымдық мұрасын ой таразысынан өткізіп, олардың адам баласының ақыл-парасатына, көзқарасына, сана-сезіміне, тәлім-тәрбиесіне күшті әсер ететінін жан-жақты әңгімелеген. Ал ғалым-астроном Х.Әбішев қазақтардың ауызекі шығармашылығындағы астрономия және ауа райы элементтерін, ғалым-математик М.Исқақов қазақтың байырғы календарын зерттеп, қазақ халқының астрономиялық

және метеорологиялық білімдері, этнограф С.Кенжеахметұлы ұлттық әдеп-ғұрыптардағы 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 12 сандары туралы халықтық түсініктердің мәні мен маңызын, соларға байланысты туындаған халықтық математикасының пайда болуы мен дамуын нақты дәлелдермен көрсеткен [3].

Әдебиетші Ә.Доспанбетовтың «Қырық қазына» атты кітапшасында қазақ халқының ауыз әдебиетінде кездесетін ауызша есептер жинастырылған, олардың жауаптары да берілген. Сондай-ақ әдебиетші-ғалым Ш.Ибраевтың құрастыруымен жарық көрген «Соқыртеке» кітабында қазақтың ауыз әдебиетінің балалар ойындарындағы есеп ойындары, олардың мазмұны, ойнау ережелері қызықты сипатталған. Педагог-ғалым Е.Сағындықовтың «Қазақтың ұлттық ойындары» кітабының «Оймен келетін ойындар» атты бөлімінде 30-дан аса ойын есептері, олардың жауаптары, балалардың ақыл-ойын дамытуға тигізетін әсерлері мен ықпалдары көрсетілген [4].

Математик-әдіскерлер Қ.Нұрсұлтановтың «Ертегі есептері», С.Елубаевтың «Қазақтың ауызша есептері», «Қазақтың байырғы қара есептері», «Дидактикалық ойындар және логикалық есептер», М.Сәрсекеевтің «Тәрбиелеуші есептер», Л.Жакупованың «Математикалық сандықша» есеп жинағы» атты оқу құралдарын мектептегі математика пәндерінің бағдарламаларына ендіру үшін шығарылған [5]. Мысалы, С.Елубаевтың «Қазақтың байырғы қара есептері» көлемді есеп кітабында қазақ халқының ауызша тараған математикалық есептері жинақталып жүйелеген. Кітаптың бірінші бөлімінде қазақтың байырғы қара есептері (118 есеп) мен олардың шешулері мен жауаптары, ауыз әдебиетінің жұмбақ есептері, ұлттық ойындары, сандар сыры, екінші бөлімінде қазақтың математикалық мәдениеті тарихи шолу және қазақ математиктерінің өмірбаяндары мен ғылыми еңбектеріне талдау жасалынған. Сол автордың «Дидактикалық ойындар және логикалық есептер» құралында 1 класс үшін - 45,

2 класс үшін – 36, 3 класс үшін - 36 ойын-логикалық есептер құрастырылып, олардың жауаптары мен шығарылу жолдары бойынша нұсқаулар жасалынған. Ал, Л.Жакупованың «Математикалық сандықша» есеп жинағында оқушыларға адамгершілік, азаматтық, патриоттық және дәстүрлі отбасылық тәрбие беруде қолданылатын есептер «Қазақ отбасы», «Қазақтардың шаруашылығы», «Қазақтардың әртүрлі құқығы», «Қазақша сәндік бұйымдар», «Қазақ халқының тарихынан» тараулары бойынша есептер құрастырылып, олардың шығарылу жолдары берілген.

Қазақтың халықтық математикасын үздіксіз білім беру жүйесінде пайдалану бойынша бірнеше диссертациялық жұмыстар қорғалып, олардың нәтижелері оқу-әдістемелік құралдар болып жарық көрді [6]. Мысалы, ең алғашқы жұмыс 1975 жылы қорғалған Қ.Нұрсұлтановтың «Очерки истории математических знаний в Казахстане и вопросы использования ее материалов в педагогическом процессе казахской школы» тақырыбына орындаған кандидаттық диссертациясында халықтық математика, халықтық педагогика, революцияға дейінгі Қазақстанда мектептік оқытудың әртүрлі жүйесінде математиканы оқытудың жайы, қазіргі қазақ мектептерінде математиканы оқытудағы тарихилық элементтер туралы, К.А.Өтееваның диссертациясында қазақ бастауыш мектебінде математиканы оқытуда ұлттық ерекшеліктерді ескерудің әдістемелік жағдайлары, Р.М.Сыздықтың диссертациясында мектеп жасына дейінгі балалардың математикаға қызығушылығын халық педагогикасы негізінде қалыптастыру әдістемесі, Н.Н.Медебекованың жұмысында бастауыш сыныптардың математика сабақтарында ұлттық және дидактикалық мазмұнды есептерді пайдалану арқылы оқушылардың көзқарасын дамыту, Г.Н.Жолтаеваның диссертациясында негізгі мектепте математиканы оқыту процесінде этнопедагогика элементтерін пайдалану әдістемесі, Ә.С.Сәрсекеевтің жұмысында

математиканы 5-9 сыныптарда оқытуда қазақ этнопедагогикасы элементтерін ұтымды пайдалану мәселелері қарастырылған.

Зерттеу нәтижелері әдістемелік құралдар болып, мектеп мұғалімдеріне оқушыларға ұлттық тәрбие беруде қолдануға ұсынылған. Мысалы, С.Елубаевтың «Ұлттық мазмұнды есептерді математиканы оқытуда пайдалану», Т.Р.Әлімбаевтың «Математикадан кластан тыс жұмыстар және халық есептері», Р.Р.Бөрібекованың «Қазақ этнопедагогикасы материалдарын математика сабағында пайдалану», С.Т.Ерназарованың «Бастауыш мектепте қазақтың қызықты математикасын пайдалану бойынша әдістемелік нұсқаулар», С.А.Ұзақбаева мен Қ.С.Сарбасованың «Бастауыш сыныптардағы математика сабақтарында қазақ этнопедагогикасын пайдалану», А.Е.Әбілқасымова, С.А.Ұзақбаева

мен Қ.А.Сарбасованың «Қазақ этнопедагогикасы материалдарын математиканы оқыту әдістемесінде пайдалану», А.Е.Әбілқасымованың «Ұлттық мектептер үшін этнопедагогика элементтерін математикалық білім мазмұнына алыну мәселесіне», Ф.Қарғабаева, т.б. «Математика сабағында бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру жолдары», Р.Сыздық «Халық педагогикасы негізінде балалардың математикаға қызығушылығын арттыру» құралдары шықты [7].

Сонымен, бүгінгі таңда егемен Қазақ елінің білім беру жүйесінде жеке тұлғаға ұлттық тәрбие беру, жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру міндеттерін шешуде халықтық математиканы пайдалану қажеттігі өзекті педагогикалық-әдістемелік проблема болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Кеңесбаев І. Қазақтың үш, жеті, тоғыз және қырық сандарына байланысты ұғымдары // Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы, 1946, № 4 (29).
- 2 Ежелгі мәдениет куәлері / Редакциясын басқарған Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Әлкей Марғұлан. - Алматы: Қазақстан, 1966. - 103-143 б.
- 3 Нысанбаев Ә., Математика мен дін. - Алматы: Қазақстан, 1966;
- 4 Ақпанбек Ғ. Қазақтардың дүниетанымы. - Алматы: Қазақ университеті, 1993.-54 б.;
- 5 Абишев Х. Элементы астрономии и погода в устном народном творчестве казахов. - Алма-Ата: АН Казахской ССР, 1949. - 38 с.;
- 6 Исқақов М. Қазақтың байырғы календары. - Алматы: Қазақстан, 1960. - 96 б.;
- 7 Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдеп-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. - Алматы: Санат, 1998. - 256 б.
- 8 Қырық қазына: Қазақ халқының ауызша есептері / Құраст. Ә.Доспанбетов. - Алматы: Мектеп, 1987. - 96 б.; Соқыр теке / Құраст. Ш.Ыбраев. - Алматы: Өнер, 1990. - 176 б.;
- 9 Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы: Рауан, 1991. - 176 б.
- 10 Нұрсұлтанов Қ. Ертегі есептері. - Алматы: Мектеп, 1971. - 110 б.;
- 11 Елубаев С. Қазақтың ауызша есептері. - Алматы: Рауан, 1992. - 105 б.;
- 12 Дидактикалық ұлттық ойындар және логикалық есептер. - Алматы: Дәуір, 1995. - 34 б.;
- 13 Қазақтың байырғы қара есептері. - Алматы: Қазақстан, 1990. - 144 б.;
- 14 Сәрсекеев М. Тәрбиелеуші есептері. - Алматы: Мектеп, 1996. - 31 б.;
- 15 Жакупова Л. Математикалық сандықша. - Алматы: Дарын, 2004. - 82 б.
- 16 Диссертациялар: Нұрсұлтанов К. Очерки истории математических знаний в Казахстане и вопросы использования ее материалов в педагогическом процессе казахской школы. - Алматы, 1975;
- 17 Жолтаева Г.Н. Негізгі мектепте математиканы оқыту процесінде этнопедагогика элементтерін пайдалану әдістемесі. - Алматы, 1999;

18 Медетбекова Н.Н. Развитие кругозора школьников путем использования игровых задач национального и дидактического содержания на уроках математики в начальных классах. - Шымкент, 2010;

19 Сәрсекеев Ә.С. Математиканы оқытуда қазақ этнопедагогикасы элементтерін ұтымды пайдалану (5-9 сыныптар негізінде). – Алматы, 2005;

20 Сыздық Р.М. Мектеп жасына дейінгі балалардың математикаға қызығушылығын қазақ халық педагогикасы негізінде қалыптастыру әдістемесі. - Алматы, 2001;

21 Утеева К.А. Методические условия учета национальных особенностей в обучении математике в начальной казахской школе. - Алматы, 1994.

22 Елубаев С. Ұлттық мазмұнды есептерді математиканы оқытуда пайдалану. - Алматы: ҚазМемҚызПИ, 1995. - 27 б.;

23 Әлімбаев Т.Р. Математикадан кластан тыс жұмыстар және халық есептері. - Алматы: Рауан, 1997. – 80 б.;

24 Бөрібекова Р.Р. Қазақ этнопедагогикасы материалдарын математика сабағында пайдалану. - Алматы: АлМУ, 2000. – 42 б.;

25 Ерназарова С. Методические рекомендации по использованию казахской народной занимательной математики в начальной школе. - Алматы: Өнер, 2000. - 28 с.;

26 Ұзақбаева С.А., Сарбасова Қ.С. Бастауыш сыныптардағы математика сабақтарында қазақ этнопедагогикасын пайдалану. - Алматы: Алатау, 1997. - 33 б.;

27 Әбілқасымова А.Е., Ұзақбаева С.А., Сарбасова Қ.А. Қазақ этнопедагогикасы материалдарын математиканы оқыту әдістемесінде пайдалану. - Алматы: Алатау, 1995. – 39 б.;

28 Әбілқасымова А.Е. К вопросу отбора содержания математического образования с элементом этнопедагогики для учащихся национальных школ. - Алматы: РУМКМО, 1996. - 25 с.;

29 Қарғабаева Ф., т.б. Математика сабағында бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру жолдары. – Тараз: ТарМУ, 2004. - 79 б.;

30 Сыздық Р. Халық педагогикасы негізінде балалардың математикаға қызығушылығын арттыру. - Алматы: АлМУ, 1998. - 56 б.



Ақыл-ойды тәртіпке келтіретін математика

М.В.Ломоносов.

ӘОЖ 37.37. 03

С.Т. Иманбаева

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің
«Ұлттық тәрбие және өзін-өзін тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор,
ХПБҒА-ның академигі*

А.Р.Сансызбаева

*әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Әлеуметтану» мамандығының
I – курс магистранты*

АКСЕЛЕУ СЕЙДИМБЕКТИҢ «ҚАЗАҚ ӘЛЕМІ» АТТЫ ЕҢБЕГІНІҢ «ҚАЗАҚ ЕЛІ – МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫН ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ ТАРИХИ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Мақалада Акселеу Сейдімбектің «Қазақ әлемі» атты еңбегі қазақ болмысын, тарихын зерделеуге арналған, бүкіл қазақ даласын тербеткен тарихи құнды еңбек, ұлт руханиятының құнды қазынасы екеніне тоқталады. Оның әр шығармасында қазақ еліне тән тектілік, бекзаттылық, ұлттың биік рухы дәріптеледі. «Қазақ әлемі» - бүгінгі Елбасының ұсынып отырған «Қазақ елі - Мәңгілік ел» атты ұлттық идеясын іске асыруда негізгі тарихи ұстаным болатыны мақалада сараланып беріледі.

Түйін сөздер: *Қазақ әлемі, қазақ болмысы, ұлт руханияты, тектілік, бекзаттылық, ұлттық биік рух, қазақ елі, мәңгілік ел, тарихи ұстаным.*

В статье рассматривается труд Акселеу Сейдимбека «Қазақ әлемі», который посвящен изучению бытия и истории казахского народа. Автор указывает, что труд имеет историческую и национальную духовную ценность. В каждом произведении автора восхваляются высокий национальный дух, знатность и благородность, которые присущи казахам. В статье подчеркивается, что труд «Қазақ әлемі» может быть историческим принципом в осуществлении национальной идеи Президента «Қазақ елі – Мәңгілік ел»

Ключевые слова: *Казахский мир, казахское бытие, национальная духовность, знатность, благородность, высокий национальный дух, вечная страна, исторический принцип.*

The article discusses the work of Akseleu Seydimbek “Kazakh alemi”, which focuses on the life and history of the Kazakh people. The author points out that the work has a historical and national spiritual values. In each work, the author praised the high national spirit, nobility and nobility inherent in the Kazakhs. The article emphasizes that the work of “Kazakh alemi” may be the historical principle in the implementation of the national idea of the President of «Қазақ елі – Мәңгілік ел».

Keywords: *Kazakh world, Kazakh mode of life, national spirituality, nobility, noble, high national spirit, the eternal country, the historical principle.*

Бүгінгі Елбасы ұсынып отырған «Қазақ елі - Мәңгілік ел» ұлттық идеясын іске асыруда ұлт зиялыларының ой тұжырымдарының, еңбектерінің, ғылыми көзқарастарының алар орны ерекше. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан ұлт зиялыларының артына қалдырған мұралары егемен еліміздің, қазақ елінің жастарының бойындағы ұлттық, тарихи санасын

қалыптастыруда негізгі ғылыми тұғырнама болып табылады.

Осы тұрғыдан алғанда Акселеу Сейдімбектің «Қазақ әлемі» ғылыми еңбегінің «Қазақ елі - Мәңгілік ел» идеясын қоғамда қалыптастырудағы тарихи маңыздылығына келетін болсақ, ғалымның «Қазақстан үшін іргетасы болатын жалғыз идея бар. Ол - Қазақ

идеясы. Қазақ идеясы ғана Қазақстанды дербес мемлекет ретінде даралап, жалпы қазақстандықтардың бүгінгі және тарихи перспективадағы мақсат - мүдделеріне іргетас бола алады. Бұл тұрғыдан қазақ идеясын - ұлттық идея деп атауға болады», - деген ой - тұжырымы қазіргі таңдағы қазақ елі мәңгілік ел идеясымен ұштасып жатыр[1].

Ақселеу Сейдімбектің «Қазақ әлемі» атты еңбегінің «Ең үздік қазақ кітабы» деп бағалануы еңбектің тарихи, ғылыми маңыздылығын көрсетеді.

«Халықтың рухани әлемі де шимайлы ізге толы сонар секілді. Оның да ұзақ сонары, келте сонары немесе қан сонары бар. Уақыт арасы ұзаған сайын, ұзақ сонардағы із сияқты, халық болмысының байыбын бажайлау қиындай береді. Халық болмысының өткенін, бүгінін және болашағын біртұтас құбылыс ретінде қарағанда ғана шындықтың шоқтығына қол тигізуге болады. Оның шынайы болмыс бітімі сол тұтас қалпында қарастыру арқылы танылады. Яғни, халық болмысының ұзақ сонары, келте сонары, қан сонары болғанымен мұның үшеуінде сол халықтың біртұтас ғұмырнамасы. Өмірдің сабақтастығы дейтін құдірет осы. Бұл сабақтастықты терең сезіне отырып, қайдан шыққаныңды, қай өрістерді шиырлап жүргеніңді, енді қайда баратыныңды пайымдауға болады», - дейді [2]. Расында да, ғалым халықтың тарихи болмысын ашуды сонарға теңей отырып, бастауы мен барар бағытын білген соң, бітімі мен болмысын, паркы мен наркын білуі қажет екенін, қазақ әлемінің мәдениет пен өнер, салт пен дәстүр, парасат пен кісілік, тіл мен таным, ұлттық психологиясы елдің елдігі мен бірлігін айқындайтын негізгі құндылықтар жүйесін саралап береді.

Өзінің тарихқа көзқарас атты тарихнамасында «қазіргі жер басып жүрген қазақтар Батыстан Шығысқа қарай аттағандардың бәрін ұлы қолбасшылар ретінде танып, олардың үрім бұтақ зәуатына дейін жаттап өсті. Ал, Шығыстан Батысқа қарай жорық жасағандар шетінен жабайылар, қанішерлер ре-

тінде санаға сіңді. Сонымен қатар, ғалым «Даланың ауызша тарихнамасы», «Қазақтың ауызша тарихнамасы» атты тың жанрлық атаулар дүниеге келтіре отырып, халқымыздың рухани биік парасаты, төлтұма қасиеттерін асқақтата отырып, қазақ ғибратын танытатын қазақтану ғылымының негізін салды. Оның әрбір еңбегінде, сөзінде көшпелі жұрттың өмір тіршілігі, ұлттық қасиетті қастерлеу, ұлттық ұғымдағы жөн – жобаны білу, қазақ жанының қисынды келбеті бейнелей отырып, ұрпақтан – ұрпаққа жеткен сөздік қордың баюына ат салысты.

Қойшығара Салғариннің естеліктерінен ғұлама ғалым туралы «Ақселеу Сейдімбектің азамат ретіндегі болмысын айғақтайтын айқын қасиеттерінің ең бастысы – оның жалтақсыз ұлтжандылығы. Бұл ұлтжандылық – әйтеуір, бір ұлтқа тиесілі болғандықтан қиқуға ілесетін пендешіліктен ада, халқының қадір-қасиетін терең танып-түсінуден туындаған құрбаншыл ұлтжандылық. Содан да болуы керек, ол өзінің ғылыми-шығармашылық ізденістерінде ұдайы ұлттың рухани дәулетін еселеп, бұрын із түспеген соныға құлаш ұрып, жаңалыққа жаршы болып, әсіресе, халық мұрасының еленбей жатқан сырларын түгендеп отыруға айрықша құштар. Ол үшін қазақ ұлтының тарих аясындағы болмыс-бітімі біртұтас киелі жаралым. ...Ақселеу Сейдімбек еңбектерінің ұдайы «қазақ» деп басталып отыратыны да көп жайтты аңғартса керек: «Қазақ әлемі», «Қазақтың қара өлеңі», «Қазақтың күй өнері», «Қазақтың ауызша тарихы», т.б. Сөз жоқ, осы аталған еңбектердің қай-қайсысы да тегеурінді де тың ой-тұжырымдарымен қазақтануға олжа салған, ешқашан ғылыми-танымдық мәнін жоймайтын өміршең дүниелер.

Ақселеу Сейдімбек бұрын жиналмаған да зерттелмеген қара өлең мен күй аңыздарын алғаш рет рухани айналымға түсірді; алғаш рет қазақ эпостарының қара сөзбен насихатталуына мұрындық болды; алғаш рет Гомер туындыларын қазақ оқырмандарына таныстырды; алғаш рет тарихты жеке

тұлғалар арқылы зерттеу идеясына ден қойды; Қазақстанда этнографиялық және этнологиялық ізденістердің жандануына ықпал етті; сөйтіп, көшпелілердің төлтума мәдениеті деген категориялық ұғымның орнығуына тегеурінді үлес қосты; қазақтың музыкалық мәдениетінде бес мектептің барын алғаш рет саралап танып, олардың даралық сипаты мен типологиялық тұтастығын айғақтап берді; қазақтың ән өнерінің тарихи-эстетикалық қасиетін алғаш рет кешенді қалпында танытуды мақсат еткен телехабарлар сериясын жасады; қазақтың ру-тайпалық жүйесін алғаш рет тарихи-этнологиялық, әлеуметтік-саяси және мәдени-рухани аяда зерделеп, қазақ шежіресінің қазақ тарихына қатысты түп деректемелік мән-маңызын ашып берді; ...халықтың рухани дәулетін сабақты жібіне дейін түгендеуді мұрат тұтқан ұлтжанды азаматтың қам-қарекеті екені кім-кімге де күмән келтірмесе керек. Осындай қасиеттерінің арқасында оның есімі халық арасында айрықша құрметке ие».

А.Сейдімбек мұраларының ішінде зерттелген, жинақталған дүние қазақ елінің шежіресі. Оны ол өз ғылыми еңбектерінде баса айтты. «Менің қолыма 1,5-2 мыңдай шежіре түсті. Оның ішінде кейбір шежірелер былай басталады. «Мен өзім бір ғасырға куә болдым. Тағы бір ғасырға куә болғандардың сөзін естідім. Менің бойымда екі ғасырдың ақиқат сөзі бар». Ал екі ғасырлық тарихы жоқ елдер бар. Екі ғасырлық ақиқат сөз шежіреде тұр. Оның үстіне соңғы екі ғасыр қазақ тарихындағы өте тағдырлы ғасырлар болды. Демек, шежірелік айғақ-деректі көз көре отырып, оны қорытып, пікір білдірмеу менің рухани бағыт-бағдарым үшін қылмыспен пара-пар шаруадай еді...». Расында да, ғалымның жинақтаған дүниелері, деректері бүгінгі «Қазақ елі – Мәңгілік ел» тарихнамасында негізгі құнды мұра болып табылады.

«Балталы бағаналы ел аман бол» атты шежірелік еңбекте де ұлы дала тарихына шолу жасай отырып, үш жүздің құрамын,

далалық ауызша шежіреге, Еуразия көшпелілерінің, оның ішінде түркі тілдес халықтардың тарихына біртұтас құбылыс ретінде ден қойып, жүйелілік тұрғыда қарастырады. Халқымыздың дәстүрлі шежірешілдігіне құнды дерек көзі ретінде мән беріп, Шыңғыс ханнан бастап хандар мен сұлтандардың тарихы, түркі халықтарының ұлт ретінде қалыптасуы туралы сыр шертеді, ал үлгі үшін Найман тайпасының, оның Балталы, Бағаналы руларының шежіресін таратады. Ол «қазақ шежіресі өзінің тарихи деректерге қанықтығы мен шыншылдығы жөнінен, тарихи таным үшін мейлінше құнды көзі болып табылады», - деп ерекше мән береді.

Сонымен қатар, ғалымның руларға бөлу туралы «тұңғыш рет қазақ ру-тайпаларының этникалық бөлік емес, бұл әкімшілік-аумақтық, территориялық бөлік екенін қолмен ұстатқандай дәлелдеп отырмын. Демек, жүзге бөліну деген сөз барып тұрған ақымақтық, төл тарихын білмеушілік болып шығады...» деген қағидасы - XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығының құрылғанда мемлекет іргесін қалыптастыру үшін тайпалық, рулық, жүздік құрылымдардың жасақталғанын негізге ала отырып, бүгінгі таңдағы руға бөлуге байланысты көптеген келеңсіз жағдайларға тосқауыл беретін бірден - бір ұстаным болары дау туғызбайды.

Расында, Ақселеу мұрасын тану – ұлтымыздың кешегі мен бүгінін зерделеу, көшпелі жұрттың өмір тіршілігін тану, қат – қабат тарихты терең зерттеген, соңын сырына терең бойлатқан ғұлама – ғалым. Белгілі журналист Нұртөре Жүсіптің «Ұлан ғайыр қазақ әлемін түрек салып зерттеген адам болса, сол адам осы - Ақселеу Сейдімбек. Аханның әлемі, ол - Алаш әлемі, Ахаңның әлемі ол - қазақ әлемі».

Оның соңғы ескерткіш тасына ойып жазылған *«Көктегі күнге, жердегі елге мейірімім қанбады»* деген ғибрат сөзінен, еңбектерінен Ақселеу әлемінің өзіндік даралығы мен даналығын, артындағы ұрпағына қалдырған қайталанбас жауһар мұралары арқылы алаш рухын, қазақ рухын мәңгі сөндірмейтін асыл қазына екенін көруге болады

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сейдімбек А.С. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. – Алматы: Санат. 1997. - 464 б.
- 2 Сейдімбек А.С. Қазақтың ауызша тарихы: Зерттеу. – Астана: Фолиант. 2008. - 727 б.
- 3 Сейдімбек А. Қазақ әдебиеті. № 33, 2003 жыл, 25 тамыз.
- 4 Тарақты Ақселеу. Балталы бағаналы ел аман бол. Шежіре. – Алматы: Қазақ университеті. 1993. - 224 б.
- 5 Сейдімбеков А. Күнгір - күнгір күмбездер. Сұлулық туралы сырлар. – Алматы: Жалын. 1997. - 272 б.

ӘОЖ 392.1

Ғ.У. Қабекенов

*Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг
университетінің доценті, PhD докторы*

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ЖАС ЕРЕКШЕЛІК
КЕЗЕҢДЕРІНІҢ СИПАТТАЛУЫ**

Мақалада қазақ халқының ұлттық дүниетанымына сай жас ерекшеліктер кезеңіне бөлудің педагогикалық, психологиялық мәселелері қарастырылған. Қазақ халқының ұлттық танымы мен салт-дәстүріне ыңғайластырылған адамдардың жас ерекшелік кезеңдерін бөлудің қырлары айтылған. Адамдардың жас ерекшелік кезеңдерін бөлудің үш түрлі бағытты бар: бірінші психологиялық және физиологиялық ерекшеліктеріне, екіншіден қазақ халқының тұрмыс тіршілігіне байланысты мал шарушылығымен айналасу әрекетіне қарай, үшінші мүшел жасқа байланысты болатындығы атап көрсетілген. Бұдан басқа адамдардың ересектік кезеңдеріндегі іс-әрекеттеріне қатысты мінез-құлықты сипаттайтын аңыз әңгімелер баяндалған.

Түйін сөздер: *жас кезеңдер, дүниетаным, ересек жас, мінез-құлық, психологиялық және физиологиялық ерекшеліктер*

В статье рассматриваются педагогические и психологические проблемы разделения возрастных периодов в мировоззрении казахского народа. Сказано о разных сторонах национального разделения возрастных периодов человечества казахского народа. Существует три направления в разделении возрастного периода человека: первое, по психологическим и физиологическим особенностям, второе, связано с условиями быта животноводством казахского народа, третье, связано так называемым циклом «мүшел жас» (старинное исчисление возраста человека по двенадцатилетнему циклу). Кроме этого приводится ряд мифов и рассказов связанных с характером действия в период зрелого возраста человека.

Ключевые слова: *возрастные периоды, мировоззрение, зрелый возраст, характер, психологические и физиологические особенности*

The article deals with pedagogical and psychological problems of separation age periods in the worldview of the Kazakh people. Said about the different sides of the national division of mankind age periods of the Kazakh people. There are three areas in the division of human age period: the

first, on psychological and physiological characteristics, the second is related to the conditions of life of the Kazakh people in animal husbandry, and the third is related so-called cycle «мүшел жас» (old-age man calculus twelve-year cycle). In addition, given a number of myths and stories related to the nature of the action during the mature man.

Keywords: *age periods, worldview, mature age, character, psychological and physiological characteristics*

Қазақ халқының ұлттық дүниетанымына сай адамдардың дамуына байланысты жас ерекшеліктер кезеңдерін бөлудің өзіндік жолдарын жасаған. Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүріне, тұрмыс тіршілігіне орай адам физиономиясының биологиялық және психологиялық қырларын ескере отырып, жас кезеңдерге бөліп қарастырған. Алдымен педагогика мен психология ғылымында адамның даму сатыларын әр жас кезеңдерге бөліп, қарастырғандығы туралы қысқаша тоқталғанды жөн санадық. Жас ерекшелік кезеңімен қоса, әр жастың өзіндік қабілеттілігі мен айырмашылықтары болады. Зерттеушілер жеке тұлғаны оқыту мен тәрбиелеуде олардың жас ерекшеліктерін басты әрі негізгі қағида ретінде ұстанады. Сондықтан, жас кезеңдерді топтауға тоқталған ғалымдарымыздың пікірі де әртүрлі жіктелермен көрсетіледі. Мәселен,

1 Гиппократтың жас кезеңдерінің классификациясы (б.з.д. IV ғасыр):

- бірінші кезең – 0-7 жас;
- екінші кезең – 7-14 жас;
- үшінші кезең – 14-21 жас;
- төртінші кезең – 21-28 жас;
- бесінші кезең – 28-35 жас;
- алтыншы кезең – 35-42 жас;
- жетінші кезең – 42-49 жас;
- сегізінші кезең – 49-56 жас;
- тоғызыншы кезең – 56-63 жас;
- оныншы кезең – 63-70 жас.

2 1965 жылы Мәскеуде өткен халықаралық симпозиумда қабылданған жас кезеңдерінің жіктелуі:

- жаңадан туылған бала – 1-10 күн;
- емшек еметін бала – 10 күннен -1 жыл;
- балалықтың ең ерте кезі – 1-2 жыл;
- балалықтың бірінші кезеңі – 3-7 жас;

- балалықтың екінші кезеңі – 8-12 жас ұлдарда, 8-11 жас қыздарда;

- жасөспірім шақ – 13-16 жас ұлдарда, 12-15 қыздарда;

- бозбалалық шақ – 17-21 жас ұлдарда, 16-20 қыздарда.

Орта (кемеліне келген) жас:

– бірінші кезең – 22-35 ерлерде; 21-35 әйелдерде;

– екінші кезең – 36-60 ерлерде, 36-55 әйелдерде;

– егде жас – 61-74 ерлерде, 56-74 әйелдерде;

– қарттық жас – 75-90 ерлер мен әйелдерде;

– 90-нан асқан қарттар (ұзақ жасаушылар) [1, 36-38 б.].

Қазақ халқының этнопсихологиялық, этнопедагогикалық ілімдерінде адамдардың жас ерекшеліктерін кезеңдерге бөлу заңдылықтары қалыптасқандығын айрықша атауға болады. Ғалым, профессор К.Ж. Қожахметова «Казахская этнопедагогика: методология, теория практика» - деген еңбегінде адамдардың жас ерекшеліктерін бөлудің ұлттық дүниетанымға негізделгендігін жазады. Жас кезеңдерге бөлудің үш түрлі бағытын ұсынады: бірінші психологиялық және физиологиялық ерекшеліктеріне, екіншіден қазақ халқының тұрмыс тіршілігіне байланысты мал шарушылығымен айналасу әрекетіне қарай, үшінші мүшел жасқа байланысты. «Қазақтардың жас кезеңдерге бөлу тұрғылары бүгінгі күннің талабына сай келмеуі мүмкін» - делінген аталмыш еңбекте.

Қазақ халқының адамдардың жас ерекшеліктерін бөлу бағыты психологиялық және физиологиялық тұрғыдан қарастырылады:

1. дүние келгеннен бастап бір жасқа дейін – нәресте,

2. бір жастан 7 жасқа дейін - сәби,

3. 7 жастан 12 жасқа дейін ойын баласы,
4. 12 жастан 15 «сығыр», «ересек балалар».
5. 16 жастан 19 жасқа дейін,
6. 20 жастан 30 жасқа «жас жігіт»,
7. 30 дан 40 жасқа дейін «дүр жігіт», «күр жігіт»,
8. 40тан 50 жасқа дейін «ер түлегі»,
9. 50ден 60 жасқа – «жігіт ағасы»,
10. 60 жастан 70 жасқа дейін, «қарасақал»
11. 70 тен 80 жасқа дейін «ақсақал» [2, 220 б.].

Екінші бағыт бойынша қазақ дүниетанымында адамдардың жас ерекшеліктерінің психологиялық кезеңдерінің қазіргі ғылыми тұрғыдан жүйеленген теорияларына сәйкес келетін жақтары да бар. Мысалы: тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығына, физиологиялық жетілуіне сәйкес адамдардың жас ерекшеліктерін әртүрлі параметрлер бойынша: қозы жасы 10 жасқа дейін, қой жасы 10-20 жас арасы, жылқы жасы 20-30 жас, патша жасы 40 жастан жоғары деп шартты түрде бөліп қарастырған. Ересектік кезеңнің бастауы «жиырма бес жас» болып белгіленген, «жылқы жасы» - қырық жас болып айқындалған, «патша жасы» атауына сәйкес, шаруашылық және әлеуметтік мәртебесіне лайықталған қабілет-қарымды анықтап тұр» [2, 221 б.].

Үшінші бағыт: «мүшел жас»: 13, 25, 37, 49, 61, 73, 85.... Бұл дәстүрлі ұғымды қазіргі уақытқа дейінгі сақталған қағидалардың біріне санауға болады. Адамның өмірінде мүшел жас ерекше орын алады, әрбір мүшел жаста дағдарыстар болу мүмкін деп есептеген. Бұндай жасқа бөлу ересектер өмірінде жауапты, әрі өзіне есеп беретін жас кезең болып табылады.

Адамдардың жас ерекшеліктерін кемелденуіне қарай бөлінуі:

30 жас – орда бұзар; 40 жас – қамал бұзар, жігіт ағасы; 50 жас – ер жасы, ел ағасы; 60 жас – дер шағы; 70 жас – мәр шағы; 80 жас – жер шағы; 90 жас шер шағы; 100 жас – қор шағы.

Кезінде Жетес би былай сипаттаған;

Оңға келдім – ойнадым, қызығыңа тоймадым;

Жиырмаға жеттім – бойладым, балалықты қоймадым, жақсы сөзге сүйіндім. Жаман сөзге күйіндім, барымды киіндім, сұлуларға шүйілдім, жауларыма түйілдім.

Отызға келдім – алтайы қызыл түлкі болдым, қыран бүркітке алдырмадым, құмай тазыға шалдырмадым, қатар құрбының көңілін қалдырмадым;

Қырыққа келдім – арғымақтай аңқылдадым, таутағысында саңқылдадым ақалмастай жарқылдадым, құз қырандай шаңқылдадым, барымды жоқ деп сарқылмадым,

Елуге келдім – биік қырға шықтым, арғы жағының алыс-жақынын байқадым, дәулетімді шайқадым;

Алпысқа келдім – алты тарау жолға түстім, қайсысының алыс-жақынын білмедім;

Жетпіске жеттім – жеңілгенімді білдім, бала мен келінге билігімді бердім, айдауында жүрдім;

Сексенге келдім – оң жағым от сол жағым-су, артым- құз, қалай қозғалсам да тірлік деп біле алмады [3, 153-154 б.].

Бұдан қазақ ақындары мен жырауларының шығармаларында адамдардың жас ерекшеліктеріне бөлу үрдісі кеңінен орын алғандығын байқаймыз. Олар адамдардың әрбір жас кезеңдерін мінез-құлықындағы ерекшеліктер мен өзгерістерді психологиялық тұрғыдан сипаттай білген.

Осындай жасқа бөлу арқылы адамдардың келесі кезеңде сондай психологиялық көңіл-күй күтіп тұрғандығын анықтап айтқан, әр жаста адамдардың қандай болу керектігін ашып көрсеткен.

Адамдардың жас кезеңдерін бөлуге байланысты қазақ аңыздарының мәнін жоғары бағалауға болады. Ертегіде құдай адамға, есекке, итке, маймылға отыз жастан өмір сыйлаған. Адам баласы бұл жасқа қанағаттанбаған да есектен, иттен, маймылдан артық қалған жасты өзіне қосып алған. Отыз жасқа дейін думанды қызыққа толы өмір кешеді, кейін отбасын асырап сақтау үшін есекше арқаланып тасиды 30 бен 50 арасы, 50 мен 70 арасында өмірден көптеген қиыншылықтарға кездеседі, итше ырыл-

дасып, сөзтіркеспен айтқанда «итөмірді» бастан өткізеді, балаларын амандығын күзетіп отырады, 70 – 90 жас аралығында маймылдай еңкейіп немерлеріне кей кезеңде күлкі болып қалады деген ойды меңзейді. Осы ертегінің мәні ересек адамдардың жас кезеңдеріндегі іс-әрекеттерінің мазмұны мен құрылымын айқындап береді.

Қазақ халқындағы жас ерекшелік кезеңдерге бөлудегі ересек адамдарға қатысты этнопсихологиялық ұғымдардың мәні туралы ойымызды тұжырымдадық.

Өмір философиясы тұрғысынан алғанда да, ересек адамдардың есеймеген адамнан айырмашылығы - қалыптасқан физиологиялық және психологиялық функцияларды меңгерген эмоционалды-еріктілігінде. Ересек адам өзінің сана-сезімінің жоғарылығымен ерекшеленеді. Ол өз-өзін басқара алатын, өз-өзін таныта білетін тұлғалармен қарым-қатынаста, моральді-адамгершіліктік қарым-қатынаста жоғары тұра біліп, материалдық тұрғыда ешкімге тәуелсіз болады.

Ғалымдардың пайымдарына сүйене отырып, арнайы бір іспен шұғылданатын өз өміріне жауапкершілікпен қарайтын әрбір адам

ересектер қатарына жатқызады деуге болады.

Әрбір ересек адамның қайталанбас мінезге ие тұлға болуына байланысты, мынадай ішкі психологиялық мотивацияларын атап өтуге болады: өз танымдық қажеттілігін өтеуі; жаңа дағдыны қолданып қанағаттануы; оқудан қанағат алу; мүдделері ортақ адамдармен кездесу үшін; жұмыста табысқа жету үшін; басқа қажеттіліктерді өтеу үшін, т.б. Ал сыртқы әлеуметтік мотивациялар: жаңа жұмыс қызмет бабында жоғарылау, жаңа технологияларға бейімделу, айырылысу, үйлену (тұрмысқа шығу), сияқты өмір салтын өзгертетін оқиғаларды дұрыс меңгеру үшін оқу тәжірибесін жинақтайды. Ересек адамдардың балалардан айырмашылықтарының бірі – қалыптасқан физиологиялық және психологиялық қызметтерді меңгеруі мен эмоционалды-еріктілігінде. Сонымен қатар, ересек адам өзінің сана-сезімінің жоғарылығымен ерекшеленеді, өз-өзін басқара алуымен, өзге тұлғалармен қарым-қатынаста өз-өзін таныта білуімен, өзінің моральдік-адамгершіліктік деңгейін қарым-қатынаста жоғары көрсете білуімен, материалдық тұрғыда ешкімге тәуелсіз болуымен сипатталады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Түркпен-ұлы Ж, Мұздыбаева Б. Тәрбие психологиясы. – Алматы: Зият-Пресс, 2008.- 144 б.

2 Қожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998. - 317 с.

3 Өтешова Б.Қ. Ұлт ұрпағының дүниетанымын халық тағылымы арқылы дамыту. – Алматы, 2007. -168 б.



ӘОЖ 39

Б.М. Аташ

ал-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия кафедрасының аға оқытушысы, философия ғылымдарының докторы

Р.Сауытбаева

ҚазМемҚызПУ Қоғамдық-гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушысы, магистр

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҢ КӨҢІЛ-КҮЙ ДИНАМИКАСЫ: НАРЫҚТЫҚ, ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ, МАҚСАТТЫҚ АРНАЛАР

Мақалада халқымыздың психологиялық көңіл-күйі Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бастап, бүгінгі күнге дейін материалдық жағдайға, нарыққа бейімделушілікке байланысты талданды. Талдау барысында халықтың көңіл-күйінің бірте-бірте артып отырғандығының динамикасы анық байқалды. Осыған байланысты, халықтың материалдық жағдайының артып отырғандығы да жанама түрде көрсетілді, түптеп келгенде, нарықтық сананың қалай өрбіп келе жатқандығы туралы тұжырымдар жасалды.

Түйін сөздер: *Адамзат, Қазақстан, психологиялық көңіл-күй, болашаққа сенім, дағдарыстар, материалдық жағдай, қоғамдық сана, нарық, құндылықтар*

В статье психологический настрой нашего народа был проанализирован по материальному состоянию, адаптации к рынку с года приобретения Независимости до наших дней. В ходе анализа замечена динамика роста народного настроения. В связи с этим, показано улучшение материального состояния народа. В итоге, сделаны выводы о том, как развивается рыночное восприятие.

Ключевые слова: *человечество, Казахстан, психологический настрой, вера в будущее, кризисы, материальное положение общественное сознание, рынок, ценности.*

In the article the psychological mood of our people was analysed on the material state, adaptations to the market from the year of acquisition of independence to our days. During an analysis there is a note of loud speaker of height of folk mood. In this connection, an improvement is shown material the state of people. In the total, drawn conclusion about that, how market perception develops.

Keywords: *humanity, Kazakhstan, psychological mood, faith in the future, crises, material position is public consciousness, market, values.*

Адамзат қоғамы тарихындағы барлық үдерістер тұтасынан алғанда, адам психикасымен тікелей шартталып отырылады немесе одан тыс бола алмайды деп айта аламыз. Сондықтан, психология ғылымының дамуына, оның ғылыми пәнаралық интеграциялануына байланысты қоғамдық саяси-әлеуметтік өмірді зерттейтін салалар өркендей бастады.

Саяси өмір жағдайының ортақтығы негізінде адамдар ұжымдарында, әлеуметтік топтарда, жеке адамдарда туындайтын

сезімдердің, көңіл-күйдің, әдет-ғұрыптардың, мінездің ерекше белгілеріне назар аудару қажеттігіне баса көңіл бөлетін–саяси психология, қоғамдағы болып жатқан өзгерістердің барлығын топ, ұжым, қоғам психологиясымен тығыз байланыстыратын, тіпті оған детерминанттайтын – әлеуметтанудағы психологизм т.б. қазіргі кезде өркениеті елдерде қарыштап дамып, айтарлықтай мәртебеге көтеріліп, тіпті таза тәжірибелік бағытта да онды нәтижелерге жетіп келеді. Бұрын саяси идеология психологиялық

тәсілдерді стихиялы түрде қолданатын болса, қазір жүйелі жоспарланған бағытта бұқаралық сананы тез, қалай, қандай арнаға бұру қажеттігімен де шұғылданады.

Олай болса, біздің еліміздегі халықтың психологиясын, оның жалпылама даму бағытын, түйткілді тұстарын зерттеу де тек ғылыми-теориялық қана емес, тәжірибелік маңызы бар іргелі саяси-әлеуметтік мәселелердің бірі болып табылады. Осыған байланысты, біз, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі қоғамдық психологияны, әсіресе, халықтың көңіл күйінің динамикасына, *нарыққа бейімделушілікті және материалдық жағдайды негізге ала отырып*, жалпылама шолулар жасаймыз.

Тәуелсіздік алған жылдары қоғамдық-экономикалық формацияның, яғни, социалистік базистің нарықтық қатынастарға бет бұрған кезеңі болатын. Сондықтан да, нарықтық сана әлі қалыптаспаған, кеңестік сана әлі өз күшінде сақталып тұрған шақ еді.

Осыған байланысты, жалпы қоғамдық психологияда: *өткенді аңсаушылық* (бәрібір сол бұрынғы қоғамға жуық арада ораламыз, бұрынғы күйіміз жақсы еді, шіркін коммунизм болды ғой т.б. түсініктер), *жаңаға үрке қараушылық* (сұрқия капитализмнің келіп жеткендігі, нарықтық қатынастардың социодарвинистік жақтарының туғандығы, яғни, қатаң сұрыпталу заманының келгендігі) т.б. көңіл күй орын алды. Себебі, халықтың тұрмыс деңгейі тым төмен болды. Бұл шамамен 1989-1992 жылдар аралығы.

Одан кейін, қоғамда *түсінбеушілік дағдарыстық психология* орын алды: санадағы – бұрын «жағымды» кедейдің, енді «жағымсызға» айналуы, «жағымсыз» байдың «жағымдыға» айналуы, бұрынғы алыпсатар қылмыскердің коммерсантқа айналуы сияқты парадоктар, «заманға бейімделген жаңа тұрмысты қалай бастау керек» деген сияқты интроспекциялық сауалдар т.б. қоғамдағы жалпы психологиялық алаңды «кезіп жүрді». Кейбірінің болмаса, көпшілігінің тұрмыс деңгейі төмен болды. Жабайы нарықтық психология кең етек жайды (рэктерлік, қандай жолмен болсын пайда

табу т.б.). Бұл шамамен, 1992-1995 жылдар шамасына сәйкес келеді.

Одан соң, нарыққа *бейімделуге ұмтылушылық психология* қалыптасты. Қоғамдық психология түңілушіліктен, болашаққа деген сенімсіздіктен азат болып, инфантилдіктен арылу қажеттігін түйсініп, «әркім материалдық жағдайын өзі түзеу керектігі» туралы ұстанымдар қалыптасып, ол бірте-бірте нығая түсті. Халық болашаққа мақсаттар құра бастады. Материалдық жағдай жалпылама алғанда, ілгері басты, бірақ жабайы нарықтық психология жалғасын тапты. Бұл шамамен 1995-1998 жылдарға сәйкес келеді.

Келесі кезекте, *прагматистік психология белең алып, жабайы нарықтық санадан, өркениетті нарықтық санаға өту* кезеңі болды: пайда, нәтиже, іскерлік, жетістік т.б. құндылық болуы тиіс екендігін қоғамдық сана түйсінді. Өткенді аңсау жойылды десе де болады, адамдар болашақпен өмір сүруге ұмтылды, нарықтық қатынастарға бас иді, оны мойындаушылық немесе көнбістік психология орнықты. Халықтың, жалпы алғанда, материалдық жағдайы көтеріле түсті. Бұл шамамен 1998-2002 жылдарға сәйкес келеді.

Одан соң, қоғамдық психологияда *әркім өз болашағын жасау идеалы құрылды*. Нарықтық қоғамға, мемлекетке деген жағымсыз көзқарастар сейіле бастады. «Өзінің кемшілігін өзгеден көру» (түгелдей мемлекетке жаба салу) проекциясы қоғамдық санада саналы-бейсаналы болса да түсінілді. Халықтың тұрмыс жағдайы жақсара түсіп, оптимистік пен өзіне ғана сену қажеттілігі туралы «Рух» қалыптасты. Бұл шамамен 2002-2005 жылдар шамасына сәйкес келді.

Әрі қарай *дүниеге көзқарастық парадигма өзгере бастады, санадағы психологиялық революция аяқталды*, қоғамдық психологиядағы халықтың көңіл күйінің жақсаруға қарай бет бұрған динамикасы өрістей берді. Әлеуметтік уақыттың қысқаруы адамдарды іскерлікке, тәжірибеге ұмтылдырды, бос сөзділік пен құр қиялдаудың қажетсіздігін сезіну басталды. Жабайы нарық жойылып, «Пайдамен» қатар, «ұрпақ», «ілім-білім»,

«түсіністік», «руханилық», «өзара келісім» сияқты құндылықтар басты қажеттіліктердің біріне айналды. Яғни, қоғамдық санада үстемдік етіп келген «Пайда» (әсіресе, материалдық) өзінің таза абсолютті билігінен айрыла бастады, дегенмен, құндылық ретінде сақталды. Өнер мен ғылым өзінің заңды табиғи мәртебесіне қарай бет түзеді. Бұл шамамен 2005-2010 жылдарға сәйкес келеді.

Одан соң, «қанағатсыздық пен шүкіршілдік» дилеммасының заманы келді, *плюралистік-постмодернистік дүниеге көзқарас психологиясы* орнықты. Яғни, пайда-құмарлық немесе барға қанағат ету сияқты парадигмалар өмір сүрудің негізгі ұстанымдарына айналды және осы бағытта қоғамдық психология екіге айрылды, көптүрлі және әрбағыттағы дүниеге көзқарастарға да ерік берілді. Халықтың тұрмыс жағдайы біршама жақсарды. Оптимистік көңіл-күй, болашаққа деген сенім және оны құру модельдері, өмірлік бәсекелестікте жеңіске жету, өзінің тағдыры үшін жауапкершілік т.б. маңызды құндылықтарға айналды. Бұл шамамен 2010-2014 жылдарға сәйкес келеді.

Әрине, бұлай бөлу шартты, субъективтілік: бәрін абсолютті түрде бірдей бағалау мүмкін емес және әрбір психикалық қалып әркімде әр түрлі деңгейде, ол – жыныс, жас, ұлттық, кәсіптік, тағдырлық, жеке материалдық жағдайлық т.б. ерекшеліктерге байланысты болып келетіндігі күмәнсіз.

Сонымен қатар, көрсетілген хронология да шартты, себебі, ол еліміздің әр аймағында, әр облысында, әр отбасында, тіпті, әрбір адамда әр түрлі кезеңдермен шартталады, ажыратылған кезеңдер өзара кірігіп те кетеді. Бірақ, ғылымдағы экстраполяция, жалпылау, орта есепке келтіру т.б. тәсілдер қашанда тұтас бір бейнені жасап шығаруды қалайды.

Сондықтан біз үшін жалпылама бейне маңызды. Бұл – өткен және қазіргі кезең «түсірілімі».

Бұл өмір шындығының тәуелсіздік алғаннан бүгінгі күнге дейінге жалпылама суреттемелік бейнесі: *халықтың көңіл-күйі мен*

болашаққа деген сенімнің бірте-бірте позитивті түрде өрістеп отырғандығы. Осы қазақстандық тұтас бейнеге байланысты, саясаттанушы, әлеуметтанушы ғалымдардың сараптамаларына назар аударсақ, біздің пікірлеріміз де қуаттала түседі. Жастардың белсенділігі 2000 жылдан бастап күшейе түсті [1,256.]. «Әлеуметтік оптимизм Қазақстанның және тәуелсіздік, тұрақтылық және экономикалық өсімен туындаған қазақстандықтардың негізгі артықшылықтары болып табылады» [2,1146.]. Бүгінгі қазақстандағы оптимизмді С.Т. Тәжібаев пен Т.А. Козырев сынды зерттеушілер кезіндегі «америкалық арман» сияқты ұстанымдармен байланыстырады да, бәйтерек рәмізінің шабыттандырушы ролін атап өтеді [3,1216.].

Келесі кезектегі ең басты және күрделі мәселелердің бірі – «болашақтағы халықтың көңіл-күйінің динамикасы қалай болмақ» деген сауалға келіп тіреледі.

Елдің экономикалық-саяси, әлеуметтік-рухани тұрғыдан дамуының басты шарттарының бірі – қоғамдық психологиядағы көңіл-күйге тікелей байланысты екендігін тағы да ескере түссек, келесі кезекте «отанымызда осындай оңды көңіл-күй климатын қалай жалғастыру қажет және оны қалай өркендету керек» деген сауал маңызды болып шығады. Ол үшін дәл қазіргі көңіл-күйдің *беталысының* әртараптанған келбетіне тереңірек назар аударымыз қажет.

2013-2014 жылдардан бастау алған плюралистік психологияны біз шартты үшке бөліп көрсетуімізге болады:

1. Депрессиялық ахуал: жастар арасындағы өмірден түңілушілік, әлемдік экономикалық және экологиялық дағдарыстар аясындағы алаңдаушылық, осыған сай ұрпақтың қамын ойлаушылық, материалдық немесе әлеуметтік жағдайларына байланысты ел ішіндегі бәсекелестік, моральдік және ұлттық құндылықтардың құлдыраушылығына байланысты күмәнданушылық, жалпы экзистенциалдық қанағатсыздық, әлеуметтік уақыттың жеделдеуіне байланысты бәріне үлгеріп қалу жанталасы т.б.

2. Қалыптылық жағдай: өзіне сенімділіктің

нығаюы, отбасылық жеке «қаржылық қорларға» деген сенімділіктің артуы, өмір сүру менеджментін игеріп алушылықпен жайбарақаттану, еліміздегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа деген ризашылдықтың орнығуы, «басқа салғанды көрерміз, елмен біргеміз» ғой деген шүкіршілдік ділдің қайта өрістеуі, өмірді оптимистік бағытта көре білу нүктесінен қараушылықтың идеологиясының әсері т.б.

3. Шабытты идеал: әр бағыттағы құр идеологиялар мен өмір шындығын түйсінгеннен кейінгі даналық, «аз біліп, бәрін білу» экстазымен өмір сүру, өмірді шоу ретінде қабылдау мен карнавалдандыру, өмірдің мәні тек қана байлық емес екендігіне көз жеткізу арқылы – әркім өзі қалаған өмірін сүруге құқыққа деген көңілі толушылық, біреулер діннен, біреулер нақ өмірдің өзінен, біреулер сол адасудың өзінен, ал енді біреулер тазалық пен адалдықтан, енді біреулер «бәрі де бәрібір» ұстанымынан өмірдің мағынасын түйсіну т.б.

Міне, алдағы еліміздегі халықтың көңіл-күй психологиясының болашағын осы үш арна арқылы іздестіруіміз орынды деп ойлаймыз. Бұл жерден мынадай *спекуляция* жасауға болады: қайсысы артса, болашақта сол болады. Сәйкесінше, оптимизм де, бейтараптылық та, пессимизм де орнатуға болады. Ең басты сауал «шындығында қалай болуы ықтимал?».

Ендеше, нақты тұжырым жасамас бұрын, мынадай формуланы басшылыққа алғанымыз жөн: адамның психологиялық көңіл-күйін оның материалдық жағдайы анықтамайды, психологиялық көңіл-күй, сол психологиялық көңіл күйдің өзін анықтай алады. Ендеше, болашақтағы көңіл-күй - адамның материалдық жағдайы немесе өмірінің сәтті болғандығы емес, «өзінің өміріне өзінің риза болушылығы» ықтимал деп болжамдай аламыз. Бұндай фокус адамзаттық тәжірибе тарихында, сонымен қатар қазақ дүниетанымында да бұрыннан-ақ бар құбылыс.

Елбасы Н. Назарбаев өзінің соңғы жолдауында халыққа оптимистік көңіл-күй орнатуды да назардан тыс қалдырған жоқ. Біріншіден, оның еуропадағы дағдарыстар туралы айтуы, қайсібір түңілушілік, жабырқаулық туғызу үшін емес, сол дағдарыстарды біздің жеңе білуге тиіс екендігі туралы шабыт және жеңетіндігімізге деген сенім ұялату еді. Екіншіден, ел ішіндегі болашаққа сенімнің маңызды ахуал екендігін түйсініп, жалпы өміршендікке ұмтылатын «Қазақстан-2050» стратегиясын әзірлеп, Мәңгілік елді стратегиялық идеал ретінде ұсынуын тағы да қайталап, нақтылап айтты [4,36.]. Үшіншіден, бұл бағдарламалардың жемісін, әсіресе, қазіргі жастар көретіндігін баса айтып, жарқын келешектің үлгісін қалыптастырған еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Казахстанская молодежь на рубеже веков. – Астана: Елорда, 2000. -144с.
- 2 Шәукенова З.К. Қазақстан Республикасындағы идеологиялық конструкциялау: монография.-Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013.-218б.
- 3 Тәжібаев С.Ж., Козырев Т.А. Роль символов в становлении национальной идентичности и вклад Первого Президента Республики Казахстан в развитие казахстанской символики/ Роль идентичности в истории: материалы международной конференции.-Астана, 2007.-312 с.
- 4 Нұрлы жол – путь в будущее. Послание Главы Государства Народу Казахстана// Казахстанская правда.-12 ноября.-2014. – №221.-С.1-3.

ӘОЖ 39.394

С.Т. Иманбаева

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің
«Ұлттық тәрбие және өзін өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор,
ХПБҒА-ның академигі*

Абдулла Оразкүл

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Филология институты 5В011700 - Қазақ тілі мен
әдебиеті мамандығының 2-курс студенті*

«НҰРЛЫ ЖОЛ – БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ» – ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕПІЛІ

Мақалада Елбасының «Нұрлы жол – болашаққа бастау жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында - жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры, жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел, ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы тұрғысынан саралай отырып, ұлттық патриотизм ұғымының мағынасын ашып көрсетеді.

Түйін сөздер: *халық, ұлттық, патриотизм, құндылық, болашақ, идея.*

В статье проанализировано Послание Президента «Нұрлы жол – путь в будущее» народу Казахстана, именно то, что формирование нового казахстанского патриотизма непоколебимый идейный постамент, новый казахстанский патриотизм – это Вечная Страна, это – великая ценность целого Казахского общества, также раскрыто значение национального патриотизма

Ключевые слова: *народ, национальный, патриотизм, ценность, будущее, идея.*

In the article it is analysed Message of President of «Нұрлы жол is a way in the future» of people of Kazakhstan, exactly that, that forming of new Kazakhstan patriotism a steadfast ideological pedestal, new Kazakhstan patriotism, is Eternal Country, it is a great value of whole Kazakh society, the value of national patriotism is also exposed.

Keywords: *people, national, patriotism, value, future, idea.*

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы Жолдауында жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға аса мән берді. «Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа

Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы. Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы!

«Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын

Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді. Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін – Елдің бірлігі. Ауызбіршілік қашқан, алауыздық тасқан жерде ешқашан да жалпыұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің ең басты себебі – бірлік, берекесі.

Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз [1].

Міне, бүгінгі Елбасының ұсынып отырған ұлттық идеясы ата -бабаларымыз мұрат еткен қазақ елін - мәңгілік ел ретінде қалыптастыру қағидасы ұрпақтан - ұрпаққа жалғасын тауып отырғаны белгілі. Бабаларымыз армандаған ұлы мұрат іске асу үстінде.

Қазақ халқы елі мен жерін жауға бермей ұрпақтарына аманаттауы бұл ұлттық рухтың биік шыңы деуге болады. Қазақ халқының тарихында ұлттық рухтың биіктеу шыңы әр кезге тарихи оқиғалардан көрініс береді. Ол түркі халқының ерлік дәстүрі, Алтын Орда тұсындағы және ХҮІ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ халқының басындағы қиыншылықтарға төтеп беруі, ХІХ ғасырдағы патша саясатына қарсы күресі, ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ұлт тәуелсіздігі үшін атқарған ерен ерліктері, екінші дүниежүзілік соғысы, Желтоқсан оқиғасы, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі тарихи оқиғалар, т.б.

Қазақ деген терминінің өзі ер, ер жүрек деген мағынадан туындағандықтан, ұлттың бойындағы қасиеттер де ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мұра іспеттес. Философ-ғалым М.Изотов патриотизмді ұлттық, жалпыұлттық және жалпықазақстандық тұрғыда қарастыра отырып, ұғымдарға жеке-жеке

тоқталады [2]. «Ұлттық патриотизм – өзінің туған жеріне, өз ұлтының бірлігі, мәдениеті, тілі, дәстүрлеріне деген сезімінен туындайды, жалпыұлттық патриотизм – Мемлекет халықтарының бір бөлігі екенін түсінуі, әртүрлі ұлт өкілдірінің өз Отанына деген махаббаты пен шынайы сүйіспеншілігі, жалпықазақстандық патриотизм – республика халықтарының ажырамас бөлігі екенін түсінуі, махаббат сезімі, Қазақстан Республикасына деген шынайы сүйіспеншілігі, халық пен отанының мүддесін қорғау азаматтық парызы» деген тұжырым жасайды [2, 45].

Жалпы патриотизмді адамгершілік, саяси принцип және адалдық, мақтаныш, сүйіспеншілік, сезім тұрғысынан қарастырады. Патриоттық тәрбиенің философиялық астарына, даму үрдісіне үңілетін болсақ, түп тамыры Түркі қағанатынан бастау алатынын ауыз және жазба әдебиет үлгілеріне шолу жасағанда айқын аңғарамыз. Түркі жұртының ұлттық ерлік дәстүрі негізінде оқушы жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру ерекше орын алады.

Ғылыми еңбектерді зерделейтін болсақ, патриотизмді қалыптастыруға себін тигізетін қасиетті белгілер: ұлттық сана - сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық салт-дәстүрлер, әдет - ғұрыптар, парыз, намыс, бірлік және міндет. Патриотизм сапа, сенім тұрғысынан негізделіп, сезім арқылы көрініс береді. Ұлттық парыз, мақтаныш, намыс, сезім, сана, рух, т.б. құндылықтар ұлттық идеяның негізгі көрінісі болып табылады.

Ал Қазақстандық патриотизмі көп ұлты Қазақстан үшін бірлік пен елдікті сақтай отырып, демократияландырылған, әлемдік өркениеттен орын алу идеологиясы негізгі дінгек болып табылады. Бұл жерде ел Президентінің тұжырымы бойынша «Қазақстандағы ұлтаралық жарастықтың негізгі атамекеннің иесі - қазақ халқы өз мойнына алуы керек. Өйткені халқымыз ұлтаралық жарастықты, сыртқы дүниемен өзара тиімді ынтымақтастықты жүзеге асыра алса ғана өзінің өркениетті мемлекетіне ие бола

алады», - деп қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың негізгі тірегі қазақ халқына үлкен үміт артады.

XXI ғасыр жаһандану үрдісі бүкіл әлем халықтарын біріктіру арқылы өркениеттілікті сақтап қалу барысында бар күш - жігерін жұмсап отырған тұста патриотизм ұғымы кең тұрғыда тек Отан емес, әлемдік тұрғыда қарастырылуды қазіргі қоғамдағы және әлемдегі даму үрдісі талап етеді.

Бүгінгі жаһандандыру үрдісі тұрғысынан алатын болсақ, патриотизм ұғымы - халықтар мен ұлттардың өз Отанына, мемлекетіне деген сүйіспеншілігімен қатар, әлемдік дамудың тыныштығы мен бейбітшілігін сақтау үшін барлық күш жігерін жұмсау. XXI ғасыр ұрпағын тәрбиелеуде ұлттық мәдениет пен өркениеттік даму үрдісін өзара сабақтастыра отырып тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтарды қалыптастыруымыз керек.

Тұлғаның бойындағы патриоттық құндылық - қазақ патриотизмі (ұлттық патриотизм), Қазақстандық патриотизм, жалпыадамзаттық патриотизм арқылы көрініс бере отырып, тұлғаның бойында құндылықтың жоғары көрсеткіштері - парыз, намыс, ұлттық тарих, ұлттық салт-дәстүр, сезім, таным, ұлттық рух, т.б. қалыптасады. Тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтарды қалыптастырудың негізгі көзі – отбасы, әулет, әлеуметтік орта, аймақ, мемлекет, әлемдік кеңістік [3].

Осы тұрғыдан алып қарағанда патриотизм - тұлғаның бойындағы сапалық белгі. Патриоттық құндылықтар негізінен патриоттық сезім, патриоттық таным, патриоттық сана, патриоттық болмыс, т.б. қамтиды. Психологиялық тұрғыда патриоттық құндылықтар сапаға айналып, іс-әрекет (тұлғаның «мені») тұрғысынан көрініс беруі қажет.

Патриотизмнің күре тамыры сақ, ғұн дәуірлерінен, Күлтегін, Тоныкөк, Алтын Орда батыры Ер Едіге, ХҮІ-ХҮІІІ ғасырда елі мен жері үшін жан аямай күрескен Жалаңтөс, Қарасай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай т.б. бастау алады. Сонымен қатар, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мәдени-рухани мұралар, тастағы жазбалардағы өсиет, нақыл сөздер

жас ұрпақ бойындағы ерлік сезімін оятып, туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға игі ықпал етеді.

Біздің заманымыздан бұрынғы I мың жылдықтың орта шенінде парсының сына жазу мәтінінде «сақтар» жалпы атпен белгілі болса, грек авторлары азиялық «скифтер» деп атаған. Олар негізінен көшпелі мал шаруашылығымен және суармалы егіншілікпен шұғылданып, темір бұйымдарын жасауды игерген. Көршілер тайпалармен сауда-саттық және мәдени қарым-қатынастар жасады. Сақтардың аса жауынгер тайпа болғаны да ежелгі тарихтан белгілі.

Л.Н.Гумилев өзінің «Көне түріктер» атты еңбегінде VI ғасырдың аяқ кезінде түркі тайпаларының аса жаужүрек болуын, шығысында қалың Қытайдан, батысында Византиядан, түстігінде Персия мен Үндістаннан, солтүстігінде Русь мемлекетінен үнемі қорғанудың қажеттігінен деп түсіндіреді.

Ұлы ерліктің туы іспеттес «Авеста» кітабында халықтың ерлік пен елдік дәстүрімен қоса, рухани-имандылық рухын дәріптейтін философиялық шығарманың тууы да түркі тектес халықтардың тарихының ерекшелігін көрсетеді. Сақ дәуіріндегі Геродоттың, Томирис патшаның ұлының, массагеттердің ерліктері ұрпақтан-ұрпаққа жеткен ұлы ерлік болып табылады. Көне түркі мәдениеті, әсіресе сақтар дәуірі мәдениеті жөнінде А.П.Окладниковтың, Ә.Марғұланның, К.Ақышевтың археологиялық еңбектерінде де жан-жақты қамтылған. Дүниені дүр сілкіндірген аң терілерінің, қару-жарақтарының, тастағы жазу-таңбалардың классикалық нұсқалары, әсіресе Есіктен табылған «Алтын адам» қаңқасы көне тарихтың көзін ашқандай болғаны көпке аян. Міне, мұның бәрі ежелгі түрік тайпаларының жауынгер, малшы ғана емес, он саусағынан өнер тамған іскер ұста, заңгер, мүсінші екенін де айғақтайды. Осыдан келіп «сегіз қырлы бір сырлы» азамат тәрбиелеу ежелгі ел дәстүрі болып саналғанын көреміз.

Әрбір тарихи дерек көзін зерделейтін болсақ, жеке адамның тарихынан бастап белгілі

бір халықтың тарихнамасын көреміз. Тарихқа көз жіберу арқылы жеке адамның өмір дерегінен бастап бүкіл бір ұлттың тарихнамасын зерделейміз.

Қазақтардың ата тегі ержүрек сақтар екендігі негізгі ғылыми дереккөздерінің бірі «Қазақстан ұлттық энциклопедиясында» нақтыланады. «Қазақтар – түрік, моңғол, үнді-иран тектес, Қазақстан территориясында тіршілік еткен Евразия даласының көшпелі үштігінен тараған сақ, ғұн, үйсін тайпаларының қосындысынан құралған ежелгі халық», - деп атап көрсетуі түркі қағанаты тұсынан бұрын, сақ, ғұндардың мұрагер ұрпағы екенін көреміз.

Жоғарыдағы тарихи деректерге талдау жасай келе және қазақ деген халықтың басынан өткен тарихи жағдайларға байланысты патриотизмнің дамып қалыптасуын мынадай кезеңдерге бөліп қарастыруды жөн көрдік: Сақ дәуіріндегі патриотизм; Ғұн кезеңдегі патриотизм; Түркі қағанаты тұсындағы патриотизм; Алтын Орда тұсындағы патриотизм; ХҮІ-ХҮІІІ ғ.ғ. қазақ халқының патриотизмі; ХІХ ғасырдағы патриотизм; ХХ ғасырдың басындағы патриотизм. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі патриотизм; 1986 жылғы қазақ жастарының патриоттық рухы; ХХІ ғасыр әлемдік жаһандандыру үрдісі кезіндегі жаңа Қазақстандық патриотизм [3].

Патриотизмнің дамып, қалыптасуының тарихи алғы шарттарын айқындағанда түркі тектес халықтардың шығу тегінен бастап, әр кезеңдегі ерлік-жауынгерлік дәстүрінің мазмұнын ашу арқылы түркі халқының патриотизмінің ерекшелігін айқындауға болады. Белгілі ғалым Л.Н.Бакаев «народ в жилах которого течет кровь Кабанбай батыра, Богенбай батыра народ, в которых дух нестигаемого и мудрого, Бауыржана Мо-

мышулы такой народ может проявить мудрость и волю и преодолев все трудности и препятствия на своем пути, построит сочное казахское государство в Центральной Азии», -деп атап көрсеткендей халық жадында «Абылай ғасыры – ерліктің ғасыры», «Батырда Қаракерей Кабанбайдан асқан батыр жоқ, үйсін Төле биден асқан би жоқ» деп халық жадында мәңгі сақталуы, бабаларымыздың елін, жерін қорғаудағы ерен ерліктері ұрпақ тәрбиелеуде негізі орын алады.

Қазақ халқының тарихи даму үрдісіне ғылыми-педагогикалық тұрғыда талдау жасайтын болсақ, қазақ ұлтының ұлт болып қалыптасу кезеңі Түркі қағанаты тұсынан бастап ешкіммен салыстыруға келмейтін жоғары патриоттық рухта дамығанын ғылыми-зерттеу көздерінен айқын аңғарамыз. Халқымыздың менталитетіне тән жауынгерлік және ерлік, тәлім-тәрбиелік мұрасының тарихы өткен ғасырлар қойнауынан басталады. Халықтың жоғалып кету қаупі бір сәт толастамаған сол кездерде де күнделікті іс-әрекеті, тұрмыс салты елін, жерін, арын қорғауға бағытталған.

Көпұлтты Қазақстан үшін жаңа Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың негізгі бағыттары – еліміздегі тәуелсіздік пен бейбітшілікті нығайту және сақтау, ұлтаралық келісушілікті дамыту арқылы әлемдік өркениет биігінен көріне білу.

Елбасының «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауында - жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры, жаңа Қазақстандық патриотизм – Мәңгілік Ел идеясының негізі, ол – барша Қазақстан қоғамының рухани құндылығының көрсеткіші деп бағалауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Нұрлы жол – болашаққа бастау жолы» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. //Егемен Қазақстан. 12 қараша, 2014.

2 Изотов М. Проблемы патриотического воспитания народа в процессе формирования общеказахстанской национальной идеи. //Общенациональная идея Казахстана: опытфилософско-политологическогоанализа МОН РК. –Алматы: 2006. - С. 280 - 305.

3 Иманбаева С.Т. Патриоттық тәрбие берудің теориясы мен практикасы. Монография. – Алматы: Полиграф - Сервис. 305 бет.

Ғ.Қ.Бейсенбаева

*Абай атындағы ҚазҰПУ «Педагогика және психология»
мамандығының 2-курс магистранты*

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ СТУДЕНТТЕРДІ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Мақалада еліміздегі мүмкіншілігі шектеулі балалар жайлы айта келіп, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту және тәрбиелеудің негізгі міндеттерінің қатарына бала тұлғасын толық қалыптастыру, танымдық әрекеттерін дамыту, оларды қоғамның тең құқылы мүшесі ретінде ортаға қосылуы жайлы қарастырылған.

Түйін сөздер: *мүмкіншілігі шектеулі, бала, таным, дамыту, қоғам, оқыту, құқылы мүше.*

В статье написано о детях с ограниченными возможностями, помимо основных обязанностей, как обучение и воспитание детей с ограниченными возможностями, существуют обязанности как полное формирование личности ребенка, развитие познавательных действий, адаптировать к среде как полноправного члена общества.

Ключевые слова: *ребенок с ограниченными возможностями, познание, развивать, общество, обучать, правоспособный член.*

The article is written about children with disabilities, in addition to the basic duties as training and education of children with disabilities, there are responsibilities as a complete formation of the child's personality, cognitive development action to adapt to the environment as a full member of society.

Keywords: *child with disabilities, learning, develop, society, teaching, legal capacity member.*

Бала құқықтары туралы Конвенцияда мүмкіндігі шектеулі бала жасына қарай әлеуметтендіруді қамтамасыз ететін ортада толыққанды және лайықты өмір сүруіне көмектесетін ерекше күтім, білім және дайындық алуға құқылы делінген [1]. Осыған орай, өскелең ұрпақты әлеуметтендірудің әрбір жаңа кезеңіне әлеуметтік институттардың белгілі бір түріне сәйкес келіп отырады. Мысалы: мектеп, орта, отбасы т.с.с. Әрбір әлеуметтендіру институтының өскелең ұрпаққа тигізетін әсерінің тиімділігі көп жағдайда қоғамда қалыптасқан қоғамдық қатынастар жүйесінің ықпалына тікелей байланысты.

Болашақ ұрпақты әлеуметтендіруде, әсіресе мүмкіндігі шектеулі студенттерді

әлеуметтендіру процесі көпқырлы. Өйткені, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуының бастапқы кезеңі оқыту мен тәрбиелеу мектептегі жылдармен сәйкес келеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіру бойынша атқарылатын жұмыс олардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жүйелі және үздіксіз жүргізілгенде ғана тиімді болады. Студенттерді әлеуметтендірудің бағдарламасы әкімшілік, психолог және педагогикалық ұжымның бірлесуімен әрбір мекемеге жеке жасалынуы қажет. Оған адамның қалыптасуына әсер етуші факторлар ескеріледі: өмір сүру жағдайы – тұрмыстық және географиялық (елді мекен түрлері: қала, ауыл);

физикалық (адамның дене бітімі, ағзасына қатысты жағдайы) мүмкіндігі (сырқаттануы және онымен туындаған қозғалысы, қарым-қатынасы, оқуы т.б.); ой өрісінің даму деңгейі; жасы және жеке ерекшеліктері.

Сондықтан да жалпыға бірдей жарамды етіп ұсыныс беру қиын. Бірақ мүмкіндігі шектеулі студенттерді дамыту мен ортаға бейімдеу мәселесін психологтар зерттей келе, оларды әлеуметтендірудің кейбір маңызды жақтарын қарау мүмкіндігін көрсетті. Негізгі мәселе – адамдармен өзара әрекеттесуге дайын еместігі, қоғамның оларға деген көзқарасының жақсы қырынан көрінбеуі.

Олай болса, қоғамның алға басуы мен болашағы, көбіне көп мектептің бүгінгі жас ұрпақты қалай оқытып, тәрбиелеуіне неге және қалай үйрететіндігіне тікелей байланысты.

Әлеуметтендіру институты ретіндегі жалпы және арнайы білім беретін мектепте өскелең ұрпақты оқытып, тәрбиелеудің, яғни оларды жан – жақты әлеуметтендірудің негізгі мақсаты етіп енді ғана қалыптасып келе жатқан мемлекеттік құрылыстың демократиялық принциптеріне берілген, білімді меңгерген, келер ғасыр талабына жауап бере алатын, жоғары рухани ұлттық сезімі оянған, өз бетімен ғылыми тұрғыдан ойлауға қабілетті, адам құқығын құрметтеудің маңызын түсінетін, өздігінен денсаулығын нығайтуға, эстетикалық талғамын қалыптастыруға, әрдайым әлеуметтік белсенділік танытуға дайын, нарықтық қатынастар жағдайындағы әр қилы өмірде өз бетімен іс істеуге мүмкіндігі мол интеллекті, мақсат-мұраты және мүдделері, адамгершілік пен мінез-құлық мәдениеті толық жетілген дүниеге берік көзқарастағы өзін де, өзгені де құрметтейтін, өзіне-өзі сенімді жеке тұлға үлгісіндегі жаңа ұрпақты даярлауды ұсынамыз.

Бұл міндеттің ойдағыдай іс жүзіне асуы үшін, қажетті шарттар туындайды және оны іске асыру қажет. Олар:

1. Психологиялық қолдау көрсету
2. Мүмкіндігі шектеулі студенттердің ішкі егемендігін қалыптастыру;
3. Педагогтардың мүмкіндігі шектеулі

студенттермен жұмыс жасауға дайын болуы

Еліміз арнайы білім беру қазіргі уақытта әлемдік мүмкіндіктері шектеулі студенттерді оқыту мен тәрбиелеу, түзету мен дамытудағы жетекші бағыттарына лайық даму жолында. Ең негізгі бағыты – ерте жастан түзету, педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету, кемістігі бар тұлғаларды қалыпты тұлғалармен біріктіріп (инклюзивті) оқытуды ұйымдастыру. Инклюзивті білім негізіне қаланған идеология: барлық адамдарға бірдей қарым-қатынасты қамтамасыз ету, бірақ мүмкіндігі шектеулі жандарға ерекше жағдай жасау. Жалпы және арнаулы білім беретін мекемелерді қарама-қарсы қоймай, қайта жақындатып, арасындағы шекарасын ашады. Балалар өздерін еркін сезіну үшін, өз құрдастарымен бірдей болу үшін мекемеде әр түрлі шаралар ұйымдастырылады. Мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік ортаға бейімдеу, кіріктіру барысында әр түрлі кездесу кештер, үйірмелер, фестивальдар, спорттық жарыстар, байқаулар, сайыстар, саяхаттар, сапарлар, концерттер өткізуге болады. Олар әлеуметтік кіріктірудің тиімді түрлері болып саналады. Қызықты және тартымды шаралар коммуникативтік сапарларды қалыптастырып, өзін-өзі білдіру, өзін-өзі ашу, өзін-өзі тану үрдістерін жеделдетуге мүмкіндік береді және әлеуметтік бейімделу үшін қолайлы жағдай жасалады. Инклюзивті кеңістікті жасау мәселесін нақты іске асыру таяу жылдарда мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметтік және медициналық - педагогикалық қолдаудың ұлттық жүйесін дамытудың негізгі перспективасы болып табылатынын атап өту керек. Бұл проблеманы шешу мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың сапалы білім алуына, оның сыртқы әлеммен байланысындағы кедергілерді, ұтқырлық проблемасын, архитектуралық ортаға қол жетпеуін, құрбыларымен және үлкендермен байланысының жұтаңдығын жоюға, мәдени құндылықтарға қол жеткізуіне және дене тәрбиесі мен спортта жағдай жасауға мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды қолдау

белгілі бір жеңілдіктермен және артықшылықтармен шектеліп қалмайды – ол оның әлеуметтенуі мен жекелік дамуына кедергі болатын үрдістерді шектеуді жоюға, сапалы өмір салтына деген заңды құқықтарды бақылауға мүмкіндік беретін әлеуметтік қызметтердің жүйесін білдіреді.

Еліміздегі мүмкіншілігі шектеулі балалар санының көбеюі, денсаулық сақтау, білім және әлеуметтік қорғау салаларының осы мәселеге көңіл бөлуін талап етіп отыр. Жыл санап мүмкіншілігі шектеулі балаларға деген қоғамның көзқарасы өзгеріп, оларды қоғамның бір мүшесі ретінде қарауға бет бұрды. Үкіметіміздің мүмкіншілігі шектеулі балаларға арналған көптеген көмектерінің ішінде үйде әлеуметтік көмек беру ерекше орын алады. Үйде әлеуметтік көмек беру барлық мүгедек балаларға емес, олардың ішінде өз-өзіне қызмет етуі төмен, қозғалысы нашар, үйде оқитын, үйде тәрбиеленетін және ешқандай бағдарламамен оқуға жарамсыз балалар мен жасөспірімдерге көрсетіледі. Осы орайда әлеуметтік қызметкердің міндеті кеміс балалардың жан айқайын қоғамға жеткізу, яғни бала ағзасындағы ауытқулар мен бөгеттердің себеп-салдарын анықтап, олардың отбасындағы қарым - қатынастарын дамытып, дені сау баламен араласуына жағдай туғызу.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың өмірге келуі шын мәнінде отбасын психологиялық өзгерістерге алып келеді. Ауытқушылығы бар баланың отбасында алғашқы күннен бастап ата-анасының ұнжырғасы түсіп, күйзеліске тап болады. Ата-аналарының қоршаған ортамен қарым-қатынасы үзіледі, қатынас аясы тек туыстары, дәрігер, мұғалімдермен ғана шектеледі. Баланың мінез-құлқы, тәртібіндегі өзгерістер ата-ананың күткеніндей, ойындағыдай болмай, ата-анаға қайғы мен мазасыздық жағдайын әкеледі. Сол себепті отбасындағы өзара қарым-қатынастар бұзылады, әрі қиындыққа тіреледі. Тіпті кей жағдайда отбасының бұзылуына (ажырасуға дейін) әкеледі. Сондықтан мұндай балаларды тәрбиелеуде

ата-аналарға тек педагогтардың ғана емес, арнайы мамандардың да көмегі қажет. Тәрбиелеу барысында жас ерекшеліктерін ескере отырып, балаларды шешім қабылдай алуға, өзін - өзі қамтамасыз етуге, еңбекке, тәртіп мәдениетіне, ұжымда еңбек ете алатындай деңгейге бейімдеу қажет. Мұндай балалардың тәрбиесі өзара жақсы түсіністікті қажет етеді және оларды болашаққа сенімді көзқараспен қарауға тәрбиелеудің мәні зор. Мүгедек балалардың жанұяда тәрбиелеудің бір-біріне қарама - қарсы екі түрі кездеседі. Олардың бір түрі «шектетілгендер», яғни ата-анасы баланың жан-жақты, материалдық жағынан толық қамтамасыз етеді, бірақ оның ішкі әлеміне үніліп рухани қажеттіліктеріне терең бойлай бермейді. Тіпті кейде баланы жазалайды. Бұндай отбасындағы балалар іштей күйзеліске түседі, ата - аналарының сүйіспеншілігіне, махаббатына лайық емеспіз деп ойлайды. Олардың көңіл - күйі түсіп, өз-өзіне сенімсіздік пайда болады. Осыдан келіп балалардың тіл дамуында, танымдық қызметінің қалыптасуында, тәрбиесінде әр түрлі кемшіліктер пайда болып, зияты төмендеп, білім деңгейі тежеледі, екінші бір жағдай баланы шектен тыс қамқорлыққа алу, мұндай ата-аналар бала алдындағы «кінәсін» сезініп оны тым бос ұстап, еркелетеді. Кез-келген өтінішін орындауға тырысады. Мұндай ортада өскен бала бұйығы келеді. Өз-өзіне сенімсіз, әлжуаз болып өседі. Мұндай балалар әлеуметтік даму жағынан түрлі қиындықтарға тап болады.

Арнайы педагогиканың дамуының қазіргі кезеңінде дамуында ауытқуы бар балаларға білім беруге ықпал ету мәселесі өте өзекті орынды алуда. Бұл мәселені шешуде әлеуметтік қызметкерлердің орны ерекше. Әлеуметтік педагог – арнайы (түзету) білім беру мекемесінің қызметкері, ол барлық институттардың өкілдері (педагог, психолог, дәрігер, әлеуметтік қызметкерлер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, еңбек ұжымы және ата-аналар) және басқа да қызығушылық танытқан тұлғалармен тығыз қарым-қатынаста болады. Арнайы (түзету)

мекемелеріндегі әлеуметтік педагог іс-әрекетінің негізгі мақсаты төмендегідей болып табылады:

- бала тұлғасының дамуы (дене, әлеуметтік, рухани және ақыл-ойының дамуы) үшін жағымды жағдай жасау;

- баланың әлеуметтік бейімделуінде кешенді көмек көрсету;

- өмірлік кеңістікте баланы қорғау;

- бітіруші түлектердің кәсіби бағдарлануы мен интернаттан кейінгі өмірінің бейімделуіне көмек көрсету.

Дамуында ауытқушылығы бар немесе мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеуші ата-аналардың басына түскен ауыртпашылықты азайту мақсатында үкіметіміздің 6 балаға бір әлеуметтік қызметкер беруі балалар мен олардың ата-аналары үшін үлкен көмек. Бұл қызметкерлер аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөлімінен келеді. Сондықтан мүмкіндігі шектеулі баланың қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуін қалыптастыру жолында әлеуметтік қызметкердің алатын орны ерекше.

Әлеуметтік қызметкер мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарына оларды дұрыс дамыту және тәрбиелеу мақсатында төмендегідей ұсыныстар береді:

- Баланың ерекшелігін дұрыс түсініп, қабылдаңыз.

- Балаңызға үнемі шыдамдылық пен сүйіспеншілік танытыңыз.

- Әрқашан өз-өзіңізге сенімді болып, балаңызға ішкі жағымсыз қобалжуларды көрсете бермеңіз.

- Үй тұрмысына байланысты жұмыстарды балаңызбен бірге атқаруға тырысыңыз.

- Балаңызға көмек беретін арнайы мамандармен тығыз байланыста болыңыз.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық-педагогикалық түзелуіне, медициналық оңалтуға бала тағдырына жауапты ұстаздар, дәрігерлер, әлеуметтік қызметкерлер бірлесіп ата-анамен тығыз байланыста жұмыс атқарғанда ғана, олар өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне жол ашылады.

Өзінің кәсіби мақсаттарына қол жеткізу үшін әлеуметтік педагог басқарудың мемлекеттік органдарының өкілдерімен, қоғамдық ұйымдар, білім беру мекемелері, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары, басқа муниципальды ұйымдардың өкілдерімен қатынас құруы қажет.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту және тәрбиелеудің негізгі міндеттерінің қатарына бала тұлғасын толық қалыптастыру, танымдық әрекеттерінің дамуы, оларды қоғамның тең құқылы мүшесі ретінде ортаға қосу болып табылады.

«Арнайы түзету мекемелеріндегі әлеуметтік педагогтың іс-әрекеті келесі бағыттарды қамтуы керек: диагностикалық болжау; түзете білім беру мен әлеуметтік-мәдени; функционалды-ұйымдастырушылық; құқықтық бағыттар».

Диагностикалық болжау жұмысының барысында әлеуметтік педагог тәжірибелік психологпен бірлесе отырып, балалардың тұлғалық және жас ерекшеліктерін зерттеп, баланың жеке және әлеуметтік дамуына кедергі келтіретін факторларды анықтайды, олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тұлға дамуының түзету кешенді жоспарын өңдейді.

Түзете білім беру мен әлеуметтік-мәдени бағыттың мәні ол әлеуметтік, ұлттық, мәдени және басқа да кедергілер оқыту процесін қиындатқан жағдайда көмек көрсету ретінде көрініс табады. Сонымен қатар мұнда педагогикалық ұжыммен, әсіресе, жас мамандармен кеңес беру жұмысы жүзеге асырылады.

Функционалды-ұйымдастырушылық бағытты іске асыру процесінде әлеуметтік педагог бір жағынан, оқушылар мен мектеп әкімшілігі арасында, екінші жағынан, сабақтан тыс жағдайда әлеуметтік қызметтердің арасында байланыстырушы қызметін атқарады. Сонымен бірге ол мектеп әкімшілігі мен отбасыларға бітіруші түлектердің кәсіби бағдарлануы бойынша көмек көрсетеді. Еңбекке оқыту профилі туралы шешім қабылдас бұрын мектеп терең әлеуметтік талдау жасап, жұмыс орындарының болуын

зерттеуі қажет. Мұндай әлеуметтік талдау әлеуметтік педагог басшылығымен жүзеге асырылады.

Әлеуметтік педагог қызметінде профилактикалық бағытты ерекше атап өткен жөн. Тұлға аралық қарым-қатынас дағдылары және оқушылар мен мектепке әсер ететін көптеген әлеуметтік факторларды үйлестіре отырып, әлеуметтік педагог ұжымда туындайтын кикілжіндерді реттеп, оқушылардың әртүрлі жас ерекшелік топтарымен болатын жағымсыз жағдайлардың алдын алу шараларын ұйымдастырады. Әлеуметтік педагог іс-әрекетіндегі құқықтық бөлім ең маңызды болып табылады, өйткені мұнда интернат педагогтары мен оқушыларының құқықтық ағартушылық міндеттері, сонымен бірге полиция мен сот органдарындағы тәрбиеленушілердің мүдделерінің өкілдіктері міндеттері біріктіріледі. Мұнда әлеуметтік педагог міндетіне баланың заңды беделінің ақпараттары мен құжаттарын жинау бойынша жұмыс жатады, яғни, ата-аналарын, туыстарын іздестіру, қамқор болушы адамның құжаттарын дайындау, бітіруші тұлғалардың тұрғын үй алуы үшін құжаттарын дайындау және т.б. жатады.

Түзету мекемелеріндегі әлеуметтік-педагогикалық көмек қызметі төмендегідей принциптердің негізінде құрылады: жұмыстағы объективтілік, шешім қабылдаудағы тәуелсіздік, жеке ықпал ету, гуманизм, адам тұлғасының құндылықтарындағы принциптер т.б.

Әлеуметтік педагог арнайы (түзету) мектебінде жұмыс жүргізу арқылы балалардың әлеуметтік-эмоционалдық, дене жағдайы, ақыл-ой дамуымен байланысты күрделі мәселелерді шешуге және балалардың сәтті түрде әлеуметтенуіне мүмкіндік бере отырып, оларға жан-жақты қолдау көрсетеді. Әрине, қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жүргізу барысында шешімін таппаған мәселер жеткілікті. Соның алдын алу жолдарын анықтау үшін тәжірибе алмасу жұмыстары жүзеге асырылуы керек.

Егер әлеуметтік педагогикалық үрдісте

мүмкіндігі шектеулі балаға алғашқы сәттерде көмек беру үшін оның отбасын, ол өмір сүріп отырған ортасын зерттеп, талдай алсақ, онда баланы өзі өмір сүрген әлеуметтік ортаға араластыру, бейімдеу, әлеуметтендіру мәселелеріне белсенді қатыстыру мүмкіндігі туады. Текосы жағдайда ғана әлеуметтік педагогикалық үрдісін дұрыс ұйымдастырып, түрлі әлеуметтік кедергілерге қарсы тұра алатын, білімді, мәдениетті, еңбекқор жеке тұлғаны қалыптастыру мүмкін болар еді. Бұл қасиеттерді бала бойына дарыту үшін мүмкіншілігі шектеулі балалардың психологиясын терең, жетік меңгеру керек.

Әлеуметтік бейімдеудегі, тәрбиелеудегі кемшіліктерді жеңу үшін ата-аналар мен бірігіп арнайы түзету жұмыстарын ұйымдастыру қажет және оны неғұрлым ерте бастаса соғұрлым әлеуметтік бейімделуде нәтижелі болады.

Қазіргі Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балаларды анықтау жүйесін ұйымдастыру жұмыстары қолға алынған. Дамуында ауытқуы бар балалар ерте кезден анықтау мақсатында, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Комитеті, ерте сәбилік жастағы балалардың жүйке-психикалық дамуына, алғашқы дәрігерлік-санитарлық жәрдем беру пунктерінде скрининг жасау міндеті болды.

ҚР «Білім туралы» Заңындағы 6 бапқа сәйкес: «білім беру саласындағы жергілікті өкілді атқарушы органдардың құзыреті – мүмкіншілігі шектеулі тұлғаларды оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз ету» туралы айтылады [2].

«Бала бойындағы кемістігін толықтырудың екі түрлі ерекшелігі бар, оның бірі – бала психикасының даму шамасына орай тәрбие талаптары, екіншісі – кемістігін қалпына келтірудегі өз бойындағы ерекшеліктері мен мүмкіндіктері» - деп Л.С.Выготский атап көрсетеді [3]. Бала бойындағы кемістікті әлеуметтік жолмен толықтыруға болады. Ол үшін кемтар балаларға үнемі қамқорлық көрсетіп, оқыту мен тәрбиелеу істерін жүйелі түрде жүргізіп отыру керектігіне ерекше мән берген. Әрбір баланың бойында

мүмкіншілігі мен ерекшелігі болады, тек оны ашып, қолдау көрсетіп, дамыту қажет. Әр бала өзінше жеке тұлға болып табылады. Бала дамуындағы ауытқушылық – бұл түсіністік шеңберіндегі қателік. Айналасындағылардың қанағаттанарлықсыз қатынасы бұл жетіспеушілікке әкеледі, ал бұл аурудың емес, қоршаған ортаның мәселесі.

Мүмкіндігі шектеулі баланы қоғамға енгізудің қиындығы, бір жағынан бала дамуындағы дене және психологиялық ауытқулары болса, екінші жағынан әлеуметтік жүйенің дұрыс қалыптаспағандығы, мүмкіндігі шектеулі баланың қалыпты өмір сүруіне кедергі келтіреді.

Әлеуметтенудің мәні адамның қоғамға бейімденіп, жекеленуі болып табылады. Тұлғаны әлеуметтендіруде тек қана қоғам емес, ең бірінші әрбір адам белсенді рөл атқаруы тиіс. Мүгедек бала еркіндікті, әлеуметтік интеграцияны қамтамасыз ететін ортада толыққанды және лайықты өмір сүруіне көмектесетін ерекше күтім, білім және қажетті дайындық алуға құқылы.

Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды қоғамға қосудың екі жолы бар екенін атап

өтуге болады:

1) Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды қоғамға қосуды және қоғамның мүгедек балаларды өздеріне қабылдауға деген дайындығын қарастырады.

2) Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды қоршаған ортаға бейімделуін қарастырады. Бұл кезде мүмкіндігі шектеулі тұлға қоғамға қосылудың объектісіне айналады, яғни олардың әлеуметке үйлесімді түрде ену мүмкіндіктерін шектейді. Әлеуметтік ортаға енгізу – әлеуметтік қатынастың жалпы жүйесіне және баланың өз жағдайына қарай білім алу ортасына мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік бейімделуін қалыптастыру. Бейімделу – бұл жеке тұлғаның әлеуметтік құрылымдарға енуі. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік ортаға енгізудің негізгі бір факторы – ортаны мүмкіндігі шектеулі баланы қабылдауға дайындау.

Әлеуметтендіру бұл процесс белгіленген әлеуметтік жағдайларды жеке тұлғаны қалыптастыру, әлеуметтік тәжірибелерді меңгеру процесі, бұл кезде адам сол ортада, топта қабылдаған мінез-құлық ережесіне қалыптасып кетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 БҰҰ «Бала құқықтары туралы Конвенция» 20.1989.
- 2 Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. //Алматы: Юрист, 2007
- 3 Выготский Л.С. Основы дефектологии сборник сочинений в 6 томах. Т.5-М: Педагогика. – 1983.



ӘОЖ 372.881.1

Н.А Шойынбасова

Алматы қаласы Бостандық ауданы №21 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ СӨЙЛЕУГЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМУ

Мақалада мемлекеттік тілде оқушылардың сөйлеуге қызығушылығын дамыту мәселесі сөз болады, оқушылардың диалогтік сөйлесу және тіл мәдениеті туралы ғалымдардың пікірлері, диалогтік сөйлесу түрлері қаралды. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде тарихи қалыптасқан бастапқы қағидалар бар: оқу материалын меңгеру, дидактиканың жүйелік, жеңілден ауырға деген ұстамы, теория мен тәжірибенің байланыстығы, көрнекілікті қолдану. Қазақ тілін тиімді оқыту үшін модульдік технологиясы қолданады. Осы технологияның бір ерекшелігі - қабылдау қабілеттерін танымдық жағдайлар арқылы дамыту, белсенді сөздік қорын дамытуға бағыттайды. Сабақтарда жағдаяттық сөйлесулер, оқыта үйрету ойындар және диалогтік сөйлесулер қолданылады.

Түйін сөздер: *оқушы, диалог, мемлекеттік тіл, әдіс, модульдік технология, дамыту.*

В данной статье «Мемлекеттік тілде оқушылардың сөйлеуге қызығушылығын дамыту» рассмотрены мнения ученых о проблеме диалоговой речи и культуры речи учащихся, типы диалоговой речи. В обучение казахскому языку есть исторически сложившиеся принципы: усвоение учебного материала, дидактическая систематизация, изучение от легкого к сложному, связь теории и практики, применение наглядности. Для успешного изучения казахского языка применяется технология модульного обучения. Особенность этой технологии – развитие способностей через познавательные ситуации, активного словарного запаса. На уроках применяются ситуативные диалоги, развивающие игры, разные виды диалоговой речи.

Ключевые слова: *ученик, диалог, государственный язык, метод, модульная технология, развитие.*

In this article, «Мемлекеттік тілде оқушылардың сөйлеуге қызығушылығын дамыту» considered opinions of scientists about the problem of dialog speech and the speech of students, types of dialog speech. In the Kazakh language teaching has historically principles: learning, learning management, study from easy to difficult, the connection between theory and practice, the use of clarity. For a successful study of the Kazakh language applies the technology of modular training. The feature of this technology is the development of skills through cognitive situation, active vocabulary. The lessons apply situational dialogues, educational games, different types of dialog speech.

Keywords: *student, dialogue, the official language, method, modular technology, development.*

Ел тәуелсіздігін тіл тәуелсіздігімен астастыра қарап, туған тілдің тұғырын биіктету қамы қолға алынғалы да біраз уақыт болып қалды. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы Заң» сияқты

стратегиялық маңызы бар құжаттардың дүниеге келуі осы бағытта жасалған оң қадамдар.

Тіл қарым-қатынас құралы. Адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, ақыл-парасатын, рухани байлығын көрсететін айна. Тіл мәдениетінің өзектілігі әрқашан ескеріліп,

қай халық болса да бұл мәселені айналып өткен емес. «Өнер алды - қызыл тіл» деп қазақ халқы да сөйлеу шеберлігіне үлкен мән берген. Қазіргі таңда тіл мәдениетінің көкейтестілігі арта түсті. Қазақстан Республикасы Президентінің «Тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасында»: «Тілді дамыту - Қазақстан Республикасы мемлекеті саясатының аса өзекті бағыттарының бірі», сондай-ақ «Мемлекеттік тілді оқытудың саны мен сапасына көңіл бөлу керек» делінген. Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» - деп тұжырымдайды. Ал қазақ халқының тіл келешегі мектеп оқушыларында. Көптеген ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді, мерзімді баспасөз ақпараттарын талдап-зерттей келе, бүгінгі күнгі оқушылардың сөз саптауы көңіл аударарлық көпшілігінің тіл мәдениеті төменгі деңгейде деген қорытынды жасауға болады. Олар өз ойларын дұрыс, түсінікті етіп жеткізе алмайды, басы артық бос сөздерді көп қолданып, ойын шашыратып жібереді.

Көтеріп отырған мақаланың тақырыбы мен қойған мақсаттар мен міндеттер осыған байланысты. Тілші-ғалым Р. Сыздықова: «Сөйлеу дегеніміз - сөздерді дұрыс орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру», - дейді [1].

А.Жапбаров тіл мәдениетінің жоғары болуына мынадай талаптар қояды:

- сөздің жүйелі, анық, түсінікті болуы;
- сөздің тілдегі орфоэпиялық, грамматикалық, лексикалық нормаларға сай дұрыс құрылуы;
- сөздердің қажет еткенде бейнелі, көркем, эмоциялы болуы;
- сөздердің тыңдаушы немесе оқушының жағдайына, ортаның қажеттілігіне сай болуы. [2,139 б.].

Соңғы жылдары диалог арнайы зерттеле бастады. А.Қ.Айтбенбетованың «Ауыз-

екі және көркем шығарма мәтініндегі диалог: лексикалық, синтаксистік және стилистикалық сипаттама» (2007) атты зерттеуінде ауызекі сөйлеу және көркем шығарма мәтініндегі диалогтық лексикалық, синтаксистік, стилистикалық ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалған, олар қазақ және орыс тілі материалдарымен салғастырыла, пайда болу табиғатының, қызметінің негізгі көрсеткіштері бірдей екендігі көрсетіледі [3]. Ал Г.С. Иманғалиева «Типология диалога» (на материале казахского и русского языков) (1999) еңбегінде диалогтарды екі тілдің материалдары негізінде психолингвистикалық, этнолингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық факторлар арқылы салыстыра зерттейді [4].

Енді біз осы уақытқа дейін белгілі болған орыс ғалымдарының еңбектеріндегі диалогтың түрлерін атап көрейік:

а) Қостау диалогы – екі сөйлеуші де бір-бірінің пікірімен келісіп, бірін-бірі толықтырып отырады.

ә) Полемикалық диалог – сөйлеушінің бірі екіншісінің сөзін қақпайлап, сөзбен қақтығысып отырады.

б) Нақтылау диалогы

в) Эмоционалды қарсылық білдіру диалогы

г) Сұрақ – жауап диалогы

д) Сұраққа кері реакцияны білдіретін диалог

е) Жауапқа қарама-қарсы сұрақ бағыттау диалогы

ж) Сұраққа модальдық әсерді білдіретін диалог.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде тарихи қалыптасқан бастапқы қағидалар бар. Олар: оқу материалын саналы меңгеру, дидактиканың жүйелік және жалғастық ұстамдары, жеңілден ауырға деген ұстамы, теория мен тәжірибенің байланыстығы, көрнекілікті тиімді қолданылуы және тағы басқалар.

Қазақ тілін модульмен оқыту – әдістемелік жүйе. Сондықтан модульмен оқыту теориясы өзіне тән ұстамдар жүйесіне негізделеді. Оқу технологиясының бір ерекшелігі - оның білімді меңгеруге емес, тұлғаның танымдық

қабілеттерін және танымдық процестерді: яғни жадының алуан түрлері (есту, көру, қимыл және т.б.) ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілеттерін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай-ақ тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға; белсенді сөздік қорын (ауызша және жазба тілінде) дамытуға бағыттайды.

Жоғарыда аталған мақсаттарға бағытталуы оқу процесін мұқият құра білген жағдайда оқушылардың білім сапасын едәуір артыруға және білім стандарты бекіткен оқу материалын барлық оқушылардың жүз пайызға меңгеруін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұл барлық оқушылардың үш деңгей бойынша өзінің дайындық оқу қабілетіне байланысты әр оқушының өз деңгейінде оқу материалдарын меңгеруін қарастырады. Барлық тақырыптар бойынша оқушылар оқып аудару, сөйлеу, тындау, жазу, көру дағдыларын барлық модульдерде қолдана беруіне болады. Білім алуда жайдан күрделіге жоғарлау оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашып, оқу материалын түсініп, қолдана білу сатысына көтерілуіне себепкер болады. Осы жағдай оқушыларды сынып ішінде бірнеше шағын топтарға бөліп сұхбат, монолог құру, жұппен жұмыс, пікірталастар, диспуттар арқылы ойын технологиясын жағдаят жасау әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы жетуге болады. Бұл жерде мұғалімнің алатын орны бағыт-бағдар беруші ретінде болып отыр.

Оқушы қазақ тілінің тілдік материалын білмей, ойын байланысты түрде басқаға жеткізе алмайды. Сондықтан да орыс мектептерінде орыс тілді оқушыларға жаңа сөздің

мағынасын мына жолдармен меңгертеміз:

- затты көрсете отырып, оның атын алдымен қазақша соңынан орысша және ағылшынша айту;

- сөздің орысша баламасын беру (суретін көрсетуге келмейтін, дерексіз зат есімдер, оның түсін білдіретін, не қимылды білдіретін сөздер, т.б.);

- сөздердің мағынасын антоним немесе синоним арқылы түсіндіру;

Негізгі бөлімде әр оқушы бір-біріне мәтінді оқып береді, танысады, негізгі ұғымдарды ажыратады. Әр деңгейге қойылған сұрақтарға жұппен бірге отырып жауап береді. Сөздік көмегімен оқу мен қатар аудару жұмысын жасайды. Сонымен осы бөлімде оқушылардың мәтінді қаншалықты түсінгені анықталады. Бірінші, екінші сабақтарда оқушылар жаңа білім алады. Негізгі сұхбат бөлімде модульді әр түрлі бөлімдерге бөліп, саралап, жеңілден күрделіге өту жағы қарастырылады. Оқу материалдарын оқушыларға белгілі бір мөлшерде беріп отырамын. Кейбір тақырыптарда материал үлкен көлемде берілсе, кейбір тақырыптарда аз көлемде беріліп, тиімді меңгеру үшін әр түрлі жұмыс түрлері арқылы нәтижеге жетуді қарастырамын. Мысалы: «Қазақстан Республикасы», «Шешендік өнер», «Тұңғыш ғалымдар» деген 9-сыныпта кездесетін модульдерде оқушыларды үш топқа бөлемін. Лексикалық тақырыпта тірек-сызба арқылы жоғарыда айтылған тілдік және сөйлесу жаттығулары арқылы түсіндіремін.

Модуль аяқталып, нәтиже сабақ кезінде тест жұмысы беріледі және де ауызша бақылау сұрақтары беріледі, бақылау сұрақтарына жауап беру кезінде, оқушылардың қаншалықты материалды меңгергені түсінікті болады. Мына диаграммаларға қарасақ модульді қаншалықты меңгергені анық болады.



Кей модульдерде ізденіс, шығармашылық ашатын тапсырмалар ұсынамын.

Мысалы, 9-шы сыныпта «Табиғатты қорғау», «Қазақ халқының салт-дәстүрлері», «Қолөнер», «Музыка. Музыка аспаптары» модульдерінде жоба технологиясын қолданамын.

Бұл жобаның мені қызықтырғаны – балалардың әр саладан алған білімдері үлкен мәселені шешуге мүмкіндік береді. Осы аталмыш жұмыс белгіленген нәтижеге жетіп, қорытынды шығаруға бағытталған. Жоба дайындау кезінде оқушылар топқа, жұпқа бөлінеді және де жеке тапсырманы орындауға да болады. Топпен, жұппен орындау кезінде әр оқушының өз рөлі болады. Жұмыс жоспарын құру, көрнекілік дайындау, қорғаудың сценарийін жасау, жиналған мәліметті талқылау, іріктеу. Әр жобаның өз сценарийі болады: өзекті мәселені белгілеу, қорғау, сөзжұмбақ болса, шешу, қорытындылау, қойған сұрақтарға жауап беру. Жоба дайындау кезінде оқушы көптеген ақпарат ішінен нақты тақырыпқа байланыстысын алады. Және де оқушылардың қызығушылығын тудыратын жұмыстың тағы бір түрі – флипчарт дайындау. Бұл топтық жұмыс болғандықтан, әрбір қатысушының өз рөлі болады. Оқушылар мәтінді меңгеріп, түсініп, өз ойларын еркін түрде жазуға мүмкіндік беріледі.

Сұхбат немесе ауызша бөлімде оқушылардың сөйлеу, диалог құру, танымдық тақырыптар бойынша ой тұжырымын жеткізу жағына үлкен мән беремін.

Жағдаяттық сөйлесу. 9-сыныпта «Ұлттық киім» тақырыбын өткенде мынандай жағдай беріледі. Базарда екі әже кездесті. Екеуінің тұрмыс-жағдайы екі бөлек. Біреу қала тұрғыны, екіншісі қарапайым ауыл тұрғыны. Осыны ескерсек, олардың арасында қандай ауызекі сөйлесу болуы мүмкін (Екі әженің рөлін ойнау).

«Отбасы мүшелерінің сыртқы келбеті» модулінде мынадай жағдаяттық сөйлесу: Сыпайы, тәрбиелі ағалы-сіңілі тәрбиесі төмен отбасына қонаққа келді. Олардың қарым-қатынасы қалай болды?

Оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын байыту, тілін дамыту, яғни олардың тіл туралы білімін ғана меңгерту емес, қазақ тілінде сөйлеуге, пікір алысуға үйрету, қазақ тілі мұғалімінің негізгі мақсаты деп ойлаймын.

Қазақ тілі сабағында жаңа материалды оқушылардың көңіліне мықтап ұялатып, саналы түсінік беру үшін оларды сабаққа қызықтыра білу аса маңызды. Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында өзара коммуникативтік қарым-қатынас

жасау үшін міндетті түрде әр сабақта М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы» бойынша жүргізілетін оқыта – үйрету ойындарын қолданамын. Оған «Өз жартыңды тап», «Мені түсін», «Сандарды есте сақтау», «Сиқырлы сандықша», «Сөз жарысы», «Сөзді әшекейле», «Тізбек», «Білімпаздар» ойындары жатады. «Шеңбер бойынша әңгімелеп беру» ойынын қазақ тілі сабақтарында тиімді қолдануға болады.

Ойынның мазмұны: бастаушы оқушы көзін жауып ортада тұрады. Орнынан айналып кез келген адамды көрсетеді. Көрсеткен адам мәтінді әңгімелей бастайды. Жас ерекшеліктеріне байланысты сынып оқушылары өздерінің білімдерін көрсетуге құмарлықтары артады. Жалғасын сағат бойынша басқа оқушылар жалғастырады. Осы ойын оқушының есте сақтау қабілетін, тілін, ел алдында сөйлеу қабілеттерін арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сыздық Р. Тіл мәдениеті және оның проблемалары / Р. Сыздық // Тілдік норма және оның қалыптануы.-Астана: Елорда, 2001. -230 б.

2 Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту негіздері. - Алматы: Қазақ университеті, 1991.-156б.

3 Айтбенбетова А.Қ. Ауызекі және көркем шығарма мәтініндегі диалог: лексикалық, синтаксистік және стилистикалық сипаттама. А., 2007.

4 Иманғалиева Г.С.Типология диалога (на материале казахского и русского языков. Алматы, 1999.С.176.



Тіл – әр халықтың кешегі жүріп өткен жолын, бүгінге жалғасқан ғұмырының ертеңге апарар мүддесін бейнелеуші, яғни, бар тарихының куәгері, деректі көзі

С.Аманжолов.

ӘОЖ 37.06

А.Н. Алтыбаева

№83 мектеп-гимназияның қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі

ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ІЗГІЛІК ҚАСИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ДИАЛОГ ЖӘНЕ ОНЫҢ МӘНІ

Бұл мақалада қоғамға өмірлік маңызды мәселелер жайында дұрыс пікір таластыра алатын, өз көзқарасын дәлелдей отырып, демократиялық саясат жүргізе білетін ізгілікті, толерантты, адамгершілігі мол, диалогқа түсе алатын білімді азаматтар қажет екендігі айтыла келіп, болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесінің ізгілік бағыт алуы, атап айтқанда, оқушыларды диалог арқылы ізгілікке тәрбиелеудің ерекшеліктерін айқындап, оны оқыту жүйесінде ұтымды пайдалану қажеттілігі сөз болған.

Түйін сөздер: *ізгілік, диалог, оқыту, оқушы, қоғам, қалыптастыру.*

В статье написано о необходимости обществу грамотных гражданов, способных выражать личное мнение по жизненно важным вопросам, доброжелательные, толерантные, гуманные, умеющие вести диалог, демократическую политику, доказывая свою точку зрения, также о добродетельном направлении системы образования в формировании будущего поколения как личность, а именно определены особенности воспитания доброжелательности с помощью диалога, о необходимости выгодного использования в системе образования.

Ключевые слова: *доброжелательность, диалог, обучение, учащийся, общество, формировать.*

The article is written on the need literate society citizen, capable of expressing a personal opinion on vital issues, benevolent, tolerant, humane, able to engage in dialogue, democratic politics, proving his point of view, as a virtuous direction of the educational system in shaping the future generation as a person, and it is determined especially education goodwill through dialogue, the need to beneficial use in the education system.

Keywords: *kindness, dialogue, learning, student, society, form.*

Қоғамда бүгінгі таңда жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеу және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер адам санасындағы күрделі жаңғыру процесімен астаса жүріп жатыр. Бұл мәселе 1995 жылдан бастап қатты қолға алынды. Осыған байланысты сол кезде арнайы Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы жасалғаны белгілі. Онда:

«Қоғамды ізгілендіру – ХХІ ғасырдың табалдырығындағы өркениетті дамудың талабы, мұның өзі әлеуметтік қатынастарды ұйымдастырудың тиімді нысандарына қол жетуіне байланысты болып отыр. Әрі бұл қатынастарда алдымен әлемнің тұтқасы

ретінде адам аса айшықтана көрінуге тиіс» деген [1]. Білім беруді ізгілендіру адамзат үйлесімділігін қалыпқа келтірумен ғана шектелмейді, жаңа «рухани педагогика» парадигмаларын қайтадан өндеп шыққанды күптайды. Өйткені қоғамның ізгі ойлары мен моральдық құндылықтары білім берудің адамгершілік-рухани ұстанымдарына тәуелді келеді.

Адам бойындағы асыл қасиет – ізгілік қасиеті сонау ІХ ғасырдан бері айтылып келеді. Адамның жеке тұлға ретіндегі сапалық көрсеткіштерінің бірі-оның бойындағы ізгілік қасиетінің болуы бүкіл адамзаттық құндылықтардың іргетасын қалайды. Білім берудегі ізгілендіру идеясын жүзеге асы-

ру барлық білім беру жүйесінің, әсіресе, мектептің міндеті. Қоғамның жаңа дәуірге көшу процесі жағдайында халықтың ғасырлар бойы жинақталған ізгілік мұрасына ден қоюы – адамгершілік, адамзаттық прогрестің айқын көрінісі.

«Қазіргі уақытта қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге байланысты шиеленіс, халықаралық білім беру жүйесін ұлттық тұлғаның дамуына бағыттау арқылы адамды қалыптастырудың тиімді жолдары қайта қаралып, жаңа көзқарастар орнығуда. Әрбір жас азаматтың жүрегінен ізгілік орын алса, болашағы зор, рухы жоғары ел боларымыз анық деп ойлаймын» - деген Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің жолдауында [2]. Осыдан-ақ сонау ерте заманнан айтылып келе жатқан ізгілік идеясының қазіргі күнде жаңа мәнге ие болғанын байқаймыз.

Ізгілік – адамсүйгіштік, адам мен адамдық міндеттерге құрметпен қарау адамның өзін-өзі тануынан, өзіне өзі баға беруінен басталады. Ол адамның өзінің өмірдегі орны мен өмір сүрудің негізгі өзегі мен мән-мазмұнын түсінуі.

Педагогикалық тұрғыдан ізгілік адамдар арасындағы қатынастардың сүйіспеншілікке негізделуі, адамның ар-намысын, абыройын, ар-ожданын құрметтеу, жоғары адамгершілік, парасаттылық қасиетпен қамқорлық жасау, адамды сүйе білу, қадірлеу деп анықталады.

Бүгінгі қазақстандық философтар да өз еңбектерінде гумандық қасиеттердің қалыптасуына көп көңіл бөлген. Солардың бірі Д.Кішібеков өзінің философиялық еңбегінде адам бойындағы кісілік қасиеттердің үш түрлі дәрежесін көрсетеді:

1. Әрбір адам ең алдымен адамзат қауымының мүшесі. Шыққан нәсілінен, ұлтынан, табынан, жынысынан, туған жерінен тәуелсіз есті адамның барлық өкілдеріне ортақ жалпы адамзаттық қасиеттер. Олардың қатарына қуану, қайғыру, балажандық, ананы сүю, арамдық-зұлымдықтарға, әділетсіздікке теріс қараушылық, махаббат жек көрушілік, әділдікті ұнату т.б. жатады.

2. Әр адамның физиологиялық ерекше-

лігінен жоғары жүйке жүйесінің қызметінен туатын және оның тек өз басына тән психологиялық ерекшеліктері. Бұлар оның мінез-құлқында, қимылы мен жүріс-тұрысында, сөйлеу ыңғайында адамдармен қарым-қатынасында болады.

3. Адам белгілі бір елде, тарихи дәуірде, белгілі дәрежеге жеткен материалдық және рухани мәдениет жемістерімен сусындап өседі [3].

Осылардың бәрі қосылып, адамның жандүниесінде өзінің ізін қалдырады және сол уақыт ішінде анықтала, екшелене келіп, тарихи ортаның, мәдениет дәрежесінің адам санасы мен психологиясында кескінделген идеалды бейнесін құрайды. Педагогикада ізгілікті білім беру оқушыларға ұлттық және адамзаттық құндылықтар негізінде білім беру болса, ізгілік тәрбиесі ұрпақты құндылықтар арқылы дамытуға, мәдени дағдыларды игеруге, өз жауапкершілігін арттыруға тәрбиелеу болып табылады.

Адамгершілік екі жақты әрекет арқылы пайда болады. Ол бір жағынан адамның өзін-өзі тани білуі, екіншіден, өмір сүру үшін күресу, тұлғаның құндылық қасиетті бағалауы және оның ізгілікке жат іс-әрекетті танып білуі қажет, ізгілікті әлеуметтік құбылыс ретінде қарағанымыз жөн.

Қоғамдағы қазіргі кездегі қайта құру, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қоғамның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қоятын талаптарды түбірімен өзгертуде. Әлемдегі көптеген мемлекеттердің білім беру жүйесі білім берудің мақсатын, мазмұнын мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайды. Білім берудің қазіргі кездегі мақсаты білім алып, білік пен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

Қазір педагогикалық қауымдастықтың алдында білім берудің жаңа моделін құрудың,

сынақтан өткізу мен енгізудің ауқымды міндеттері тұр, оның жүйесінің негізгі ұстанымдары «Қазақстан Республикасының 2015 жылғы дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында» көрсетілген [4]. Тұжырымдаманың негізгі мақсаты: «Әлемдік білім беру кеңістігінде ықпалдастырылған және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көп деңгейлі үздіксіз білім берудің үздіксіз моделін қалыптастыру үшін білім беруді дамытуға стратегиялық басымдықтарды белгілеу» болса, міндеті: «білім беруді басқаруды одан әрі демократияландыру негізінде қазақстандық білім беру моделінің жұмыс істеуінің заңнамалық, нормативтік, құқықтық базасын жетілдіру; білім берудің мазмұны мен материалдық-техникалық базасын жақсарту; білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құру; білім беруді, ғылым мен өндірісті ықпалдастыру; әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу» болып табылады.

Білім беру, оның деңгейлері мен мазмұны Қазақстанның білім беру жүйесінде жүйелі өзгерістер әкелмек. Осыған байланысты білімнің мазмұнын, оқыту әдістері мен сабақты ұйымдастыру, нысандарын жетілдіру бүгінгі күннің басты талабы. Сондықтан бүгінгі оқушыларды ертеңгі қоғам талабына сай бір маман иесі етіп тәрбиелеу үшін белгілі бір мақсат болуы керек.

Сол себепті қазіргі кезде мамандық атаулының барлығы да бейімділікті, ептілікті, шапшаңдықты, ерекше ой қызметін, мол шығармашылық мүмкіндікті, өзін қоршаған ортамен тез қарым-қатынасқа түсе білу, сөз жарыстыру, өзгергіш жағдайларға жылдам бейімделгіш, өзін қоршаған түрлі жағдайларға тез икемделіп қана қоймай, оларды керекті бағытына бұра білу қабілеттілігін қажет етеді.

Бұл тұрғыда Қазақстандағы білім беруді халықаралық стандартқа сәйкестендіру мақсатында қабылданған 12 жылдық оқытудың маңызы зор. Мұнда білім берудің негізгі басымдықтары ретінде нәтижеге бағытталған білім тұжырымдамасы даярланып, оның

негізгі көрсеткіштері ретінде компетенттілік ұстанымдарына көшу бағыты айқындалған.

12 жылдық оқытудың негізгі мақсаты: оқушыларды әлеуметтік жағынан қорғау; білім сапасын арттыру; әлемдік білім кеңістігіне ену. Ал басты басымдылығы білім мазмұнының тұлғаға бағытталғандығымен, білімді ізгілендірумен, әдіснамалық құраманың іргелілігін қамтамасыз етуімен, оқу жүктемесінің көлемін оңтайландырумен, оқушы денсаулығын сақтаумен көрсетіледі.

12 жылдық мектепте оқушы тұлғасын дамыту үш басқышта жүзеге асыру қарастырылған.

I басқыш – бастауыш білім беру (1-5-сыныптар). Оқу ұзақтығы 5 жыл. Бұл кезеңнің негізгі мәні – оқушылардың оқу әрекеттерін қалыптастырып, сауаттандыру, олардың даралығын ашу, оқу әрекетін игерту. Осы басқыштағы мақсаттардың орындалуы міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен мектеп алды дайындықтың болуына байланысты болғандықтан, бірінші сыныпқа бала 6 жастан бастап қабылданады, осы сатыдағы негізгі күзіреттіліктің қалыптасуын қамтамасыз етеді.

II басқыш – негізгі орта білім беру (6-10-сыныптар). Оқу ұзақтығы 5 жыл. Бұл – негізгі мектеп, онда ғылым негіздері меңгертіледі. Игерілген білім, білік, дағдылар мен әрекеттердің базалық тәсілдеріне негізделген базалық мәдени деңгей мен дүниетанымын қалыптастыру. Бұл басқыштағы білім мазмұны бұрынғы бағдарламаларға қарағанда жеңілдеу. Онда оқушының қабілеттерін дамыту, оқу әрекетін меңгеруге жағдай жасау ойластырылған.

III басқыш – жалпы орта білім беру (11-12-сыныптар – бейіндік мектебі). Оқу ұзақтығы – 2 жыл. Оларды бейінді мектеп деп атау қабылданған. Бұл басқышта негізінен мамандық таңдау, кәсіпке бағдарлау мәселелері кәсіби мектеп, кәсіби лицей, колледждер арқылы жүзеге асырылады. [5]

Тұжырымдай келгенде, жоғарыда айтылған жайттарды жүзеге асыру оқушылардың диалог арқылы ізгілік қасиетін қалыптастыру

үшін білім және іскерлік, тәжірибелік дағдыларды дамыту қажет деп есептейміз.

Осы туралы Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасында: «Диалогтың ықтимал барлық нысандарын көтермелеу, сондай-ақ адамдар арасындағы өзара байланыс қарым-қатынасты күшейту арқылы біз біртіндеп ұлттық ынтымағымызды нығайтып, ұлттық әлеуетімізді ұлықтаймыз», - деп, айқын етіп атап көрсетті [6,12]. Шын мәнінде, Президенттің бұл сөзінен бүгінгі күнге қажетті ойлау үлгісі мен әлемдік тәртіптің қалыптасуының ұштасуы кезіндегі диалогтік өзара қарым-қатынастың дамуына, адамның тұлғааралық, жалпы қоғамдық қарым-қатынастарының барлығы қарым-қатынас арқылы іске асатындығына нақты да анық мән бергенін байқаймыз.

Сондықтан, бүгінгі заман талабына жалпы білім беретін мектептің алдында жаңаша міндеттер қойылып отыр. Өйткені қарым-қатынас – бүгінгі педагогикада жеке тұлғаны қалыптастыру мен дамытудың тиімді шарттары болып табылатын білім-білік, ақыл-ой, дағды, тәжірибе, мәлімет алмасуларды қажет ететін субъектілердің өзара іс-әрекеті. Ол адамды құрал емес, тұлға ретінде танып білуді, тұлғаның қалыптасуына педагогикалық жағдай туғызуын әлеуметтік шынайылығы мен өзін-өзі дамытуын талап етеді.

Сол себепті болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесінің ізгілік бағытын алуы, атап айтқанда оқушыларды диалог арқылы ізгілікке тәрбиелеудің ерекшеліктерін айқындап, оны оқыту процесінде ұтымды пайдалану қажеттілігі туындайды. Оқытуды ізгілендірудің басты белгісі оқушы бойында білім алуға деген күштарлықтың қалыптасып, даму үрдісінің тұрақты болуымен сипатталады. Т.С.Сабыров өз зерттеулерінде: «Оқыту – баланың рухани дамуын қамтамассыз етеді. Сондықтан, оқыту мен дамудың арасында тығыз байланыс болады» десе, ғалым Р.М.Қоянбаев «Білім беру – екі жақты барыс. Бұл барыста оқыту мен оқу бірігеді.

Оқушының белсенді еңбегінсіз білім алу мүмкін емес», - дейді [7]. Ал Л.С.Выготский оқытудың басты міндеті – баланың ішкі күштері мен мүмкіндіктерінің дамуы үшін жағдайлар жасауы деп түйіндейді [8].

Нақтылай келгенде оқыту процесінің логикалық және психологиялық заңдылықтарын, оның жалпы қағидаларын білу мұғалімге оқу жұмысын ұйымдастырған кезінде, ізгілікті ең негізгі қасиет ретінде көрсетуді міндеттейді. Бұл жалпы қағидалар дидактикада оқыту принциптері деп аталады.

Оқыту принциптері дегеніміз барлық оқыту процесінде және түгелдей оқу пәндерінде басшылыққа алынатын негізгі қағидалар, педагогикалық талаптар жүйесі. Осы талаптар негізінде өз тәжірибемнен өткізілген кейбір сабақтардың қысқаша сипаттамасын бергенді жөн көрдім. Бұл сабақта оқушылар топ бойынша жұмыс істейді. Әр топта 5-6 адамнан болады. Оқушылар өздерінің қалаулары бойынша, сыныптың өзара әрекеттерінің ерекшелігіне байланысты өздерінің аттары мен фамилиялары жазылған үстелдерде отырады. Тақтаға сабақ тақырыбы мен эпиграфы жазылып қойылады.

Сабақтың тақырыбы: Шешендік сөздердің ізгілікті құндылықтары

Көкірек таза болмаса,
Көз тазасы не керек.
Ниетің таза болмаса,
Тіл тазасы не керек.

Сабақтың мақсаты:

Тәрбиелік: Ізгілік толеранттылық қасиеттерді қалыптастыру.

Сабақ төрт блоктан тұрады.

Бірінші блок – икемделу. (мәселеге ену). Берілген тақырыптың эмоцияналды және интеллектуальды деңгейінде алынған тақырыптың көкейкестілігін анықтайтын мұғалімнің кіріспе сөзі. Мұғалім оқушыларға адам бойындағы ізгілік қасиеттері туралы баяндайды.

Екінші блок – эмоционалды. Сабақтың мақсаты сабаққа қатысушылардың сезімін қозғау, эмоциялық көңіл-күй туғызу. Ынталандыру материялы ретінде әр топқа

бірден шешендік сөздерден үзінділер және соған орайластыра таңдалып алынған фотосуреттер ұсынылады. Осыған орай біз келесі мәтіндерді таңдадық:

1. «Асан қайғының жерге айтқан сындары»
2. «Жақының үшін жақсының жағасынан алма»
3. «Қазбек пен Бұқар жырау»
4. «Көкірек таза болмаса...»

Оқушыларға мәтінді оқыта отырып, мәтін мазмұнына сәйкес келетін суреттерді таңдатамын. Содан соң әр топтан бір адам шығып, өз таңдауын түсіндіреді. Диалог жүргізе отырып, оқушыларға өз сезімін дәл жеткізуге көмектеседі, мүмкіндігіне қарай мәнерлеп оқу арқылы автордың және өзінің көңіл-күйіне талдау жасауды үйретеді. Фотосуреттер көрермен бейнесін туғыза отырып, көңіл-күйді тану мен бейнелеуге көмектеседі.

Үшінші – интеллектуалды блок. Мақсаты: ізгілік туралы ой қозғау, құндылық жайлы ой алмасу. Ізгілік, өзіндік іс-әрекет, толеранттылық туралы қанатты сөздерді пайдалана отырып, өзіндік талқылауларды ұйымдастыру. Ол үшін әр топқа үстел үстіне жайылған үлестірмелі қағаздарда жазылған афоризмдерді таңдайды және оның мәнін ашады. Әр топтың өз қалауынша бір адам сөйлейді. Мұғалім диалог жүргізе отырып, белсенді тыңдау тәсілін қолдану арқылы оқушыларға өз ойын дәл жеткізуге және оны тереңірек түсінуге көмектеседі. Мүмкіндігінше топты ортақ шешімге келтіруге тырысады.

Төртінші – шығармашылық блок. Мақсаты: өз ойын жеткізе білу. Материал алдын-ала дайындалады, соңынан демонстрация, комментарий және талқылау ұйымдастырылады. Оқушылармен бірге мәселені шешудің топтық ізденісі өткізіледі. Шығармашылық тапсырма нәтижесінің презентациясын жасайды. Сабақ соңында оларға «Өзіңді өзің тексер», «досыңның білімін тексер» т.б тақырыптарда кроссворд құрастыру тапсырылады, сабақта кеңесшілер (консультанттар) жұмыс істейді, өзара тексеру, бақылау жүзеге асады.

Оқыту процесі – тұтас педагогикалық процестің бір бөлігі. Ол берік және дәл білім алу, таным жолындағы оқушылардың қимылына байланысты болады. Оқыту процесінің ерекшелігі – мұғалім мен оқушылардың мақсатқа бағытталған өзара әрекеттесуінің барысында шәкірттерге білім беру міндеттерін шешуге байланысты болады. Оқыту процесінде оқушылардың ақыл-ойы дамиды, танымы, практикалық іскерлігі және дағдысы қалыптасады. Оқыту процесі дегеніміз – оқушы мен мұғалімнің өзара әрекетіне бағытталған мақсат көзделген процесс деген ойды қуаттаймыз.

Мұның қозғаушы күші – білім десек, білімнің негізі мектеп қабырғасынан басталатыны айдан анық. Білім адамға әр алуан ақпаратты, өтіп жатқан оқиғаларды талдау мен бағалау қабілеттерін беріп, ойлауды дамытады. Сол себепті де жастардың болашаққа деген бағыт-бағдары отбасында, мектеп қабырғасында, қоғамда, яғни бүкіл қоршаған дүние ортасында қалыптасады. Қазіргі іскер адамдарға шешендік керек, қоғамдық-әлеуметтік маңызды мәселелерді жете және жемісті талдай алу қабілеті қажет. Олар өз ойларын түсіндіре, дәлеледей алуы керек, өз әріптесінің пікіріне құлақ аса отырып, оны іштей түсінуге және оны дұрыс қабылдауға үйренуі қажет. Сондықтан да оқушылар диалогқа түсе білуді, сөзталас өнерін, пікірталас шеберлігін үйренуді мақсат етуі керек. Сол себепті оқушылардың диалогты жай әңгіме деп түсінбей, диалог арқылы өз жолдасының ойын ізгі түрде түсініп, кез келген жағдайда сабырлылықпен қарауға үйрету қажет. Дұрыс құрылған диалогта оқушылар бір-бірінің ойын дұрыс түсінеді, ал жолдасының пікірі, дәлелі дұрыс болмаған жағдайда оған кешіріммен қарап, бір-бірімен сөзге келмей, бір-бірін тыңдай біліп, оны іштей дұрыс қабылдауға үйренеді.

Ендеше қоғамға өмірлік маңызды мәселелер жайында дұрыс пікір таластыра алатын, өз көзқарасын дәлелдей отырып, демократиялық саясат жүргізе білетін ізгілікті, толерантты, адамгершілігі мол, диалогқа түсе алатын білімді азаматтар қажет.

Демек, болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесінің ізгілік бағыт алуы, атап айтқанда, оқушыларды диалог арқылы ізгілікке тәрбиелеудің

ерекшеліктерін айқындап, оны оқыту жүйесінде ұтымды пайдалану бүгінгі күннің басты талабы болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасы гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. // Егемен Қазақстан, 20 тамыз, 1995, №190.
- 2 Назарбаев Н.Ә. «Заманның сыншысы да, тарихшысы да бүгінгі жастар»./Егемен Қазақстан. 3 ақпан, 2001. №24.
- 3 Кішібеков Д. Философия. – Алматы: Рауан, 1991. – 316б.
- 4 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасы.//Қазақстан мектебі. -2004. -№2 – 3-10б.б.
- 5 Қ 18 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жалпы орта білім. Негізгі ережелер. –Астана, 2006.-72б.
- 6 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030: барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы: Білім, -11 қазан, 1997, -17б.
- 7 Қоянбаев Ж. Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. –Астана,1998, -170б.
- 8 Выготский Л.С.Избранное педагогические сочинение. Т.І. –М., 1991. –С.230.



Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс

Ы. Алтынсарин.

ӘОЖ 371

С.Қ. Шілдебаева

№21 гимназияның қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Бұл мақалада біріншіден «Ғылыми – әдістемелік негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру» мәселесі, оның ішінде «Білім берудің мазмұнын жаңарту функционалдық сауаттылықтың негізі», «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту тетіктері», екіншіден, «Жобалау қызметі негізінде оқушылардың зерттеушілік мәдениетін дамыту жолдары» атап айтқанда «Жобалау және зерттеу жұмысын ұйымдастырудың негізгі қағидалары», «Қазіргі кездегі оқушылардың зерттеу іс-әрекетін түсіну мәселелері жан-жақты қарастырылып, сараланып талданды.

Түйін сөздер: жобалау, оқушы, білім беру, жаңарту, дамыту, функционалдық сауаттылық.

В статье рассмотрены и проанализированы, во-первых, задача «Формирования функциональной грамотности учащихся на научно-методической основе», а именно «Основа функциональной грамотности обновление содержания образования», «Механизм развития функциональной грамотности учащихся», во-вторых, «Пути развития исследовательской культуры учащихся на основе проектной деятельности», а именно «Основные правила организации проектной и исследовательской деятельности учащихся», «Вопрос понятия исследовательской деятельности нынешних учащихся».

Ключевые слова: проектирование, ученик, обучать, обновить, развивать, функциональная грамотность.

In the article adduced and analyzed, firstly, the problem of «The formation of functional literacy of students in the scientific and methodological basis,» namely, «The basis of functional »literacy update the content of education», «The mechanism of the development of functional literacy of students,» and secondly, «Ways of development of research culture of pupils on the basis of project activity», namely «Basic rules for the organization of design and research activities of students», «The question of the concept of the current research activities of students»

Keywords: design, disciple, train, update, develop, functional literacy.

Оқушылардың функционалдық дамуы туралы мәселе алғаш рет Елбасының 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына «Әлеуметтік – экономикалық жаңғырту – Қазақстанның дамуының негізгі бағыты» жолдауында көтерілген.

Осы стратегиялық маңызды мәселені шешу тұлғаның негізгі функционалдық сапасын: белсенділігін, шығармашылық ойлау қабілетін қалыптастыру және бейтаныс жағдайда мәселенің шешімін таба білуін, кәсіптік даму жолдарын таба білуін, өмір бойы оқуын

қалыптастыруға тікелей байланысты. Білім алушылардың функционалдық қабілеттері мектеп жағдайында қалыптасуға тиісті.

Функционалдық сауаттылықтың жалпы бағыты ретінде жалпы білім беру мектептеріндегі азаматтардың интеллектуалдық, рухани және дене дамуы, олардың білімін әлемдегі жылдам өзгеріс жағдайында әлеуметтік жағдайға бейімдеу Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген.

Жолдаудағы тапсырмаға байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысымен Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған Ұлттық іс-қимыл жоспары қабылданды.

Ұлттық жоспарда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту процесін ғылыми-әдіснамалық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз етудің іс-шараларын жүргізу көзделген. Ол оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруды Қазақстан Республикасында білім сапасын көтерудің басты мәселесі ретінде қарап, оның бір өзектілігін, толықтығын және іс – әрекет жүйелігін қамтамасыз етуге бағытталған. Аталған жоспарда:

- оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың отандық және халықаралық тәжірибелерін зерделеу;

- оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі жүйелік шараларды іске асыру тетіктерін анықтау;

- білім беру мазмұнын: стандарттарды, оқу жоспарларын және оқу бағдарламаларын жаңартуды қамтамасыз ету;

- оқу процесін оқу – әдістемелік қамтамасыз ету.

Функционалдық сауаттылықтың ең кең анықтамасы бойынша оны тұлғаның әлеуметтік бейімділігінің, адамзаттың әр салалы қызметімен білімі арасындағы интеграциялық байланыс деңгейін анықтайтын шама ретінде қарастыруға болады. Қазіргі жылдам өзгеріс жағдайындағы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге қарқынды араласуын, адамдардың өмір бойы оқуын қамтамасыз ететін негізгі базалық факторлардың бірі болып есептеледі [1.27-29].

Сауаттылықтың жаңа деңгейін қалыптастыруға көптеген әлеуметтік факторлар және қазіргі кезеңдегі қоғамдық басылымдар: өндірістер мен гуманитарлық процестердің

терең технологияландыруы, даму процесінің жаһандануы, қызметтердің жүйелендірілуі және кәсіпкерленуі, әлеуметті қатынастардың нарықтануы және т. б. әсер етеді.

Сауаттылықтың мынадай параметрлері маңызды: тілдік, компьютерлік және ақпараттық, графикалық, заңдық, азаматтық, қаржылық, экологиялық және т. б.

Функционалдық сауаттылық біліммен, іскерлікпен және дағдылармен ғана шектелмей, солардың негізінде әр елдің өзіндік ерекшеліктері ескеріле отырып, қалыптасатын құзыреттіліктермен анықталады.

«Функционалдық сауаттылық» деген түсінік 20- ғасырдың 60-жылдарында ЮНЕСКО құжаттарында пайда болған, одан кейін осы түсінік ғалымдар мен педагогтардың еңбектерінде көптеп қолданыла бастады. Функционалдық сауаттылық деп - кең жағдайда адамзаттың сан-салалы іс – әрекеттері мен білімнің интеграциялық байланысын, тұлғаның әлеуметтік бейімделу тәсілдерін айтады. Әлем тез өзгеріп жатқанда функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени саяси және экономикалық іс – әрекеттерге араласуын анықтайтын, «өмір бойы оқу» парадигмасын іске асыру жолындағы негізгі базалық факторларына айналды.

Функционалдық сауаттылықтан күтілетін нәтиже білім алушылардың түйінді және пәндік құзыреттіліктерді (практикалық жағдайларда және әлеуметтік бейімделу процесінде оларды тиімді қолдана білу) меңгеруі болып табылады.

Функционалдық сауаттылықтың мәнін танып білу әдістерін, ойлану операциясын, аналитикалық практикалық тәсілдерді, барлық іс – әрекеттерге тән әдістерді меңгеру.

Қазіргі таңдағы әр түрлі сауаттылыққа өзіне тән функционалдық сауаттылық сәйкес келеді. Сауаттылықтың мынадай түрлері бар:

- а) жалпы мәдени – жаратылыстану, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша, сонымен қатар тарих және қазіргі көркем мәдениет бойынша білімнің болуы;

б) іс – қимылдық – жай адамдық қасиеттердің нормалары, қызметтік және басқа да этика, жағдайға қарай іс – қимыл жасау туралы білім және оларды түсіну;

в) әдіснамалық - теориялық білім мен әлеуметтік тәжірибенің интеграциясы негізінде білімді және өмірді түсінуді терең меңгеру.

г) әлеуметтік – коммуникативтік – басқаларды түсіне білу, сөйлеу тілі арқылы және басқалай берілетін «тілдерді» түсіну дағдылары және бірге іс – қимыл жасау;

д) технологиялық – кәсіптік қызмет саласында мәселелерді тиімді және құзіретті шеше білу қабілеті;

е) экономикалық – шаруашылық қызметтердің теориялық білім негіздерін, экономикалық байланыстар мен қатынастың негізін түсіну; нақты қаржылық – экономикалық жағдайды талдай білу;

ж) азаматтық – құқықтық – кең қоғамдық аспектіде өз құқықтарын және міндеттерін білу және түсіну;

з) саяси – билік пен мемлекеттің әлеуметтік табиғатын түсіну, жалпы істерді жүргізу және ортақ мүддені қорғау туралы ептілік және дағдылар.

Функционалды сауаттылық немесе құзіреттілік деп көп жағдайларда теориялық білім мен қоғамдық өмірдің әр саласындағы (экономика, технология, саясат, мәдениет) практикалық тәжірибені тиімді үйлестіру арқылы білім алушылардың әлеуметтік өмірдегі мәселелерді нормативтік тұрғыда талдау, шешу қабілетін айтады. Функционалды сауаттылық терминімен қатар жоғары білім көлемінің, интеллектуалдық әлеуеттің, рухани әлемнің дамуы жатады [2. 17-18].

Біздің елімізде функционалды сауаттылықты арттыруға бағытталған реформа жүргізілуде. Оның негізі оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс – қимыл жоспары болып табылады. Жоспар бойынша көрсетілген тапсырмаларға сәйкес Қазақстан оқушыларының функционалды сауаттылығын дамытудың барлық

факторлары ескеріліп, тетіктері ұсынылатын болады. Бұл жоспарда функционалды сауаттылықты арттырудың негізгі төрт механизмі қарастырылған. Біріншісі – оқытудың мазмұны мен әдіснамасын түбегейлі жаңарту.

Екіншісі – оқытудың нәтижелерін бағалаудың жүйесін жаңғырту. Функционалды сауаттылықтың дамуы білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға жаңа критерийлер: «білім – түсінік – қолдану – жүйелеу және жалпылау» арқылы қол жеткізуді көздейді. Мұндай жүйені енгізу әлемдік тәжірибелерді талдауды талап етеді.

Үшінші тетік балалардың білімдерінің қалыптасуына, тәрбиесіне ата – аналардың белсенді араласуын талап етеді. Ол үшін ата – аналарға арнап семинарлар, тренингтер, жаңа әдіснамалар жасау керек. Мұның нәтижесінде қоғам мен білім берудің арасында жаңа байланыс жүйесі жасалатын болады.

Төртіншісі – қосымша білім беруді дамыту қажеттігіне арналады. Инновациялық нысандар мен жаңа технологиялар: интерактивті балабақша паркі, технопарктер, музейлер, ғылыми үйірмелер және т.б. іске қосылады.

Бұл тетіктер тұлғаның кәсіптік өзіндік дамуына және оқушылардың шығармашылық жұмысқа деген қажеттіліктің туындауына әсер етеді.

Ұлттық жоспарды жүзеге асыру оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастырудың негізін қалайтын болады. Соның арқасында әлемдік талаптарға сәйкес орта мектептің жаңа моделі қалыптасады.

Оқытудың аса маңызды бағыттарының бірі оқытушылардың жеке бастарының әртүрлі жұмыстарды, оның ішінде зерттеу және жобалық жұмыстарды жүргізе білуін, сонымен қатар оқушылардың интеллектуалдық әлеуетін арттыруға бағытталған қабілеттерін дамыту болып табылады. Функционалды сауаттылықты арттыру жаңа критерийлер: «білім – түсіну – қолдану – жүйелеу және жалпылау» бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың жүйесіне негізделеді. Сонымен қатар, әр деңгей бойынша бағалаудың жаңа критериалдық жүйесін анықтау қажет болды.

Қазіргі кездегі білімнің жаңа парадигмасына байланысты оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін «зерттеу мәдениетін» меңгерудің маңызы зор.

Ғылыми әдебиетте «зерттеу мәдениетін» түсіндіретін әртүрлі анықтамалар бар.

Зерттеу мәдениеті дегеніміз – зерттеу қызметін жүргізуге қажет білім, ептілік, дағды және күзиретті және теориялық және практикалық мәні бар зерттеу әрекетінің стратегиясы мен тактикасын анықтайтын көзқарасты айтады. Зерттеу мәдениетінің жалпы құрылымында үш инварианттық: когнитивтік-бағалау, операциялық-әрекеттік және бағалық-мотивациялық компонент бар. Оқушылардың зерттеу мәдениеті жоғары сыныптарда қалыптасады. Осы анықтамаға сүйене отырып, оны жобалау іс-әрекеті мәдениетіне бейімдеу арқылы оқушылардың жобалау және зерттеу жұмысының мәдениеті мынадай негізгі критерийлермен сипатталатынын байқауға болады: зерттеу мотивациясы, ойлаудың ғылыми стилі, зерттеуге ақпараттық және технологиялық дайындық, шығармашылық белсенділік. Бұл критерийлер оқушылардың жобалау іс-әрекетінің табыстылығын анықтауға бағытталған.

Білім беру ұйымдарындағы оқушылардың жобалау және зерттеу жұмыстары психологиялық – педагогикалық, оқу – әдістемелік, ұйымдастырушылық және басқа да проблемаларды кешенді шешудің сауатты ғылыми тәсілінің болуын талап етеді. Мұғалімдерде жобалау және зерттеу технологияларын меңгеру үшін тиісті деңгейде ғылыми – әдістемелік даярлықтарының болуы қажет.

Білім алушылардың зерттеу іс-әрекеті – шешімі алдын-ала белгісіз (табиғаттың заңдарын көрсету тәжірибесінен өзге) шығармашылық, зерттеу мәселелерін шешуге байланысты теорияны зерделеу, зерттеу әдісін таңдай ала білу және оны өз мақсатында қолдана білу, өз материалдарын жинау, оны талдау және жинақтау, өзіндік қорытынды)

болуын ескеретін оқушылардың әрекеті болып табылады.

Жобалау – зерттеу іс-әрекеті – жобалау бойынша мақсат пен мәселелерді анықтауға, әдістемелерді таңдау ұстанымдарын анықтауға, әдістемелерді таңдау ұстанымдарын анықтауға, зерттеуді жүзеге асыруды бағалауға, керек ресурстарды анықтауға бағытталған іс-әрекет зерттеудің ұйымдастыру шеңбері болып табылады.

Оқу зерттеуі және ғылыми зерттеу. Білім саласындағы зерттеудің негізгі түйіні ол – оқулық зерттеу болып табылады. Оқу зерттеуінің негізгі мақсаты «үлкен» ғылымдағыдай объективтік жаңа нәтиже алу емес, тұлғаларды дамыту болып табылады. Егер ғылымдағы негізгі мақсат жаңа білім өндіру болса, білім саласындағы зерттеудің мақсаты – оқушылардың функционалдық дағдыларын жетілдіру, зерттеу түрінде ойлау қабілетін дамыту, субъективтік жаңа білімге (әр оқушыға маңызды да жаңа болып табылатын, өзіндік іс-әрекеттермен жинақталған білім) байланысты білім процесіндегі оқушылардың тұлғалақ позициясын жандандыру.

Сондықтан зерттеу іс-әрекетінің негізінде білім беру процесін ұйымдастыруда бірінші орынға зерттеуді жобалау мәселесі шығады. Оқушылардың зерттеу жұмысын жобалаудың негізіне соңғы жүздеген жылдарда қалыптасқан зерттеудің моделі мен әдіснамасы алынады. Бұл модельде кез-келген зерттеуге тән бірнеше қалыптасқан кезеңдер бар. Дегенмен оқушылардың зерттеу жұмыстары оқулық зерттеу жұмыстарына ғана тән, ғылыми қоғам дайындаған дәстүрлер негізінде жүргізіледі және дамиды.

Оқу зерттеуі іс-әрекетіндегі субъект-объект қатынасының дамуы. Қалыптасқан оқу процесінде стандарттық позициялық схема «мұғалім-оқушы» жүзеге асырылады. Мұғалім білім береді, оқушы білім алады, ол процесс қалыптасқан дәстүрлі сынып – сабақ тәсілі түрінде өткізіледі. Зерттеу іс-әрекетін дамыту барысында бұл тәсілде қарама – қайшылықтар туады: сынып тақтасында

көрсетіліп берілетін білімнің дайын эталоны жоқ, табиғатта көрінетін құбылыстар дайын тәсілдермен түсіндіруге жатпайды, нақты жағдайларға байланысты өзіндік талдауды қажет етеді. Бұл қоршаған ортадағы түсінудегі білім саласындағы объект-субъектілік парадигманың эволюциялық өзгеруіне, біртіндеп «әріптес – әріптес» бірлестігінің туындауына әкеліп тірейді.

Кейбір ТМД елдерінде оқушылардың зерттеу іс-әрекетінде бұрыннан қалыптасқан дәстүрі бар. Мысалы, бір кездерде жасөспірімдердің ғылыми – техникалық қоғамдары, кіші ғылым академиялары жұмыс істеген болатын. Бұл іс – әрекеттердің негізгі мақсаттары мектеп бітірушілерін жоғары оқу орындарына түсуге және болашақта ғылыми – зерттеу институттарына жас кадрларды даярлау болып табылатын. Қазіргі жағдайда балалардың оқу жүктемесін азайту мәселесі өзекті болып тұрғанда «оқушылардың зерттеу іс-әрекеті» деген терминнің мағынасы аздап өзгеріске ұшырады. Онда кәсіптік бағдарлау компоненті, зерттеу жұмысының жаңалық факторлары азайып, білім беру сапасын арттыру аспабы ретінде ғылыми іс-әрекет түсінігіне байланысты білім беру мазмұнының маңызы артты.

Зерттеу іс-әрекетінің жобалау мен конструктивтік іс-әрекеттерінен айырмашылығы. Зерттеу іс-әрекетінің негізгі нәтижесі зерттеу рәсімінің негізінде әртүрлі шындықты анықтайтын интеллектуалдық өнім болып табылады.

Зерттеу мәселелерін іске асырудың ерекшеліктері. Зерттеу тақырыбына жастардың жасына, психологиясына байланысты белгілі бір талаптар қойылады. Жасөспірімдердің білім деңгейінің әлі де жеткіліксіздігіне, көзқарастың толық қалыптаспағанына, өзіндік талдау деңгейлерінің толық дамымауына байланысты оларға зерттеу саласында көп тапсырма беру олардың жалпы білім деңгейіне, дамуына нұқсан келтіруі мүмкін. Сондықтан ғылымның кейбір мәселелерін зерттеуді мектептерде жүргізу тиімді болмауы да мүмкін. Мұндай ғылыми мәселелер оқушылардың жобалау,

зерттеу жұмыстарын жүргізудің жалпы талаптарын қанағаттандыруы қажет.

Күрделілігі бойынша мәселелерді жіктеу. Мұндай мәселелерге қойылатын талаптарға эксперименттік материалдардың көлемінің математикалық аппараттардың, пәнаралық талдаудың шектеулігі жатады. Эксперименттік деректерді талдау күрделілігі бойынша мәселелер практикалық, зерттеулік және ғылыми болып бөлінеді.

Зерттеу нәтижесін көрсете білу. Қазіргі кезеңде зерттеу нәтижесін көрсете білудің маңызы барлық жұмыстар үшін аса зор. Зерттеу жұмысының нәтижесін көрсетудің бірнеше қалыпты көрсеткіштері бар: тезистер, ғылыми мақала, ауызша баяндама, диссертация, монография, мақала. Осы әр көрсеткіштің тілі, көлемі, құрылымы анықталған. Нәтижелерді көрсетуде жетекші мен оқушы алдын ала қай жанрда жұмыс істейтінін анықтап алулары керек, содан кейін сол жанрдың талаптарына сәйкес жұмыс істеулері тиіс.

Функционалды оқу сауаттылығын бағалауға қойылған талаптарды орындау бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда мынадай көрсеткіштер қамтылған.

Бақылау – өлшеу материалдарының қоры.

Оқытудың әр мезгілінде оқушылардың когнитивтік іс – әрекеттерінің көлемін, ерекшелігін және оқу материалдарының көлемі мен мазмұнын ескеретін әр түрлі бақылаудың мақсатына сәйкес ашық және жабық тестілер түрі ретінде бақылау – өлшеу материалдарының қоры жасалуы керек.

2. Білім алушылардың сауалнамасы.

3. Білім беру ұйымдарының кадрлық әлеуеті.

4. Білім беру ұйымының материалдық ресурсы.

5. Балалардың білім мен тәрбиесіне мен тәрбиесіне ата – аналардың белсенді араласуын қамтамасыз ету [3. 4-5].

Осы аталған көрсеткіштер оқушылардың функционалдық сауаттылығына тікелей әсер ететін функционалдық көрсеткіштер ретінде олардың оқу жетістіктерін бағалау барысында ескеріледі.

Әр оқушының оқу жетістігі (білімі, ептілігі, міндетті білім беру стандарттарында көрсетілген талаптарға сәйкес критерилер мен көрсеткіштер бойынша бағаланады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау (12 жылдық оқытудың құрылымы мен мазмұнын жетілдіру бойынша экспериментке қатысушылар үшін әдістемелік ұсынымдар). – Астана, 2006. – 296.

2 Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс – қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 қаулысымен бекітілген).

3 Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысы.



Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға (қазақ жанына) үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады

Мағжан Жұмабаев.

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ КЕШЕУІЛДЕГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ МЕН ДАМУЫНДАҒЫ КЕДЕРГІЛЕР

Бұл мақалада психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың ойлау қабілетінің қалыптасуы мен дамуындағы кедергілер жайында сөз қозғалады. Ғылыми және практикалық зерттеулердің барысында психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың білім алуы мен танымдық қабілеттерінің ерекшеліктеріне ерекше көңіл бөлінген. Сонымен қатар, психикалық дамуларындағы ауытқушылықтарына қарай жіктеліп көрсетіледі.

Түйін сөздер: *ойлау, даму, психика, қабілет, ауытқушылық, дамуы кешеуілдеген бала.*

В данной статье пишется о препятствиях в формировании и развитии способности мышления у детей с психической отсталостью. В ходе научных и практических исследований уделяется особое внимание особенностям образования и познавательных способностей детей с психической отсталостью. А также, классифируется по отклонениям в психическом развитии.

Ключевые слова: *думать, развиваться, психика, способность, отклонение, ребенок с отсталым развитием.*

This article is written about the obstacles in the formation and development of thinking skills in children with mental retardation. In the course of scientific and practical research pays special attention to the peculiarities of education and cognitive abilities of children with mental retardation. And also, is classified in the deviations in mental development.

Keywords: *think, evolve, psyche, ability, deflection, a child with retarded development.*

Қазіргі өркениетті заманымызда қоғамдағы алға қойылып отырған ең өзекті міндеттердің бірі-арнайы білім беру жүйесіндегі жетістіктерді дамыта отырып, оны жаңаша бағытта ұйымдастыру нәтижесінде жан-жақты жетілген тұлғаны қалыптастыру болып отыр.

Өкінішке орай елімізде психикалық дамуы кешеуілдеген балалар тобын, соңғы көрсеткіш бойынша 35-40 процентке жуығын нервтік- психикалық сферасы зақымданған мектепке дейінгі балалар құрайды. Демек, келешек ұрпақтың 35-40 пайызы ойлау қабілеті белгілі бір дәрежеде шектелген жандар болып табылмақ. Олардың қоғамға араласып, білім алуына қатысты, Қазақстан Республикасының «Білім беру заңының» 20-шы бабында мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы білім беру мәселелеріне арнай тоқтап өткен[1].

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2002 жылдың 11 – шілдеде «мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары мен оларды әлеуметтік қамсыздандыру туралы» [2] заңы қабылданды. Бұл заңда: «Барлық мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың ерекше түрін ескере отырып. Оларды арнайы мекемелерге орналастыру, оларға жағдай жасау. Психологиялық – медициналық – педагогикалық консультациялар арқылы балаларды үйде оқыту мен тәрбиелеуді қолға алу. Әрбір мүмкіндігі шектеулі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңы бойынша білім алуға құқығы бар» делінген.

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен және мөлшерде, мүгедектер қатарындағы кемтар балаларын жеке оқыту жоспарына сәйкес үйде тәрбиелеу мен оқытуға жұмсаған шығындарының өтемін алуға құқығы бар.

Психикалық дамуы кешеуілдеген балалар тобын зерттеу XX ғасырдың 50 жылдарынан бастап қолға алына бастады. Проблеманы зерттеумен айналысқан ғалымдар: М.С.Певанер, Т.А.Власова, К.С.Лебеденская, В.В.Ковалев, П.Е. Сухарева, В.И.Лубовский т.б. бала дамуының ерекшеліктеріне қарай өз пікірлерін ортаға салып, ғылыми көз қарастарын білдірді.

Психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың ойлау қабілеті төмен болады. Олардың көңіл-күйі төмендеп, енжар, ашуланшақ, жылауық келеді. Мұндай жағдайлар әртүрлі психикалық, соматикалық аурулардан кейін пайда болады.

Минималдық мидың дисфункциясының астениялық түрінде – балалардың танымдық қабілеттерінен бөлек ступор ретінде байқалады. Бұл түрдегі балалар бір сөйлемді қайталайды. Балалардың сөздерінің мағыналары болмайды. Мұны вербигерация деп атаймыз. Айналасындағылардың айтқандарын қайталауды эхоалия деп атаймыз. Олардың әрекетін қайталауды. эхопраксия деп атайды. Жалпа алған балалардың барлық әрекеттерін негативизм деп атайды. Сол себептен, педагогтар мен ата – аналардың атқаратын жұмыстары өте зор. Олар зор шыдамдылықпен, оқу процесі кезінде өз балаларының іс-әрекеттеріне, ерекшеліктеріне назар аударғаны жөн.

2. Минималдық ми дисфункциясының реактивті, гиперактивті түрі. Гиперактивті балалар-оқыту процесі кезінде өздеріне баға бере алмайды. Олар ауытқушылықтарын активизациялауды қажет етеді. Мұндай балалар шыдамсыз келеді.

Психикалық дамудың кешеуілдеуі – ол психикалық патологияның ішіндегі кең таралған түрі. В.В.Ковалев [3] психикалық дамудың интеллектуальдық жетіспеушіліктің үш негізгі түрін атап көрсетті.

- Дизонтогенетикалық түрдегі жетіспеушілік – психикалық дамудың кешеуілдеуінің механизмімен байланысты.

- Энцефалопатиялық түрдегі жетіспеушілік – бас миының органикалық жетіспеушілігімен байланысты.

- Интеллектуальдық түрдегі жетіспеушілік – есту анализаторы мен көру мүшелерінің ауытқушылықтарымен байланысты.

Психикалық дамудың кешеуілдеуінің келесі этиопатогенетикалық принципіне сүйене отырып, Т.Е.Сухарева психикалық дамудың интеллектуальды темптерін көрсеті білді.

- кемшілікті қоршаған орта мен және патологиялық жағдайлармен байланыстырылуы;

Интеллектуалдық кемшіліктің астениялық, соматикалық жағдайларымен байланыстырылуы; Инфантилизмнің әр деңгейіндегі бұзылыстары мен байланыстырылуы;

Екінші интеллектуальдық кемшіліктің есту, көру, жазу, оқу әрекеттерімен байланыстырылуы;

Интеллектуальдық кемшіліктің функционалдық – динамикалық және резидуальдық, орталық нерв жүйесінің зақымдануымен байланыстыруға болады.

Психикалық дамудың кешеуілдеуін Ю.Г.Демьянованың топтастыруының келесідей түрлері көрсетілген:

Церебрастениялық синдромдары;

Психофизикалық инфантилизм синдромдары;

Невропатологиялық синдромдары;

Балалар салдануының синдромдары;

Жалпы сөйлеу тілінің дамуының синдромдары;

Есту қабілетінің бұзылысының негізгі синдромдары;

Көру қабілетінің ауыр жағдайларындағы синдромдары;

Соматикалық аурулар жағдайындағы синдромдары.

Осы аталған психикалық дамудың кешеуілдеуінің әрбір топтамаларына клиникалық тұрғысынан сипаттама беріп кетсек:

Церебрастениялық синдром жағдайындағы психикалық дамудың кешеуілдеуі.

Бұл топтың негізгі этиологиясы – жүктіліктің немесе туу кезіндегі, баланың алғашқы айларындағы соматикалық ауруларға тап болуы және ми бөліктерінің

соққыға ұшырауымен сипатталады. Неврологиялық зерттеулер бойынша, олардың симптомдарында нерв жүйелерінің бұзылыстарының болуының өзі анықталып отыр. Бұл синдром көп жағдайда пайда болуына байланысты, көп көңіл аударғанды қажет етеді. Оның бір бағытта болмауы, психикалық ауытқушылықты одан әрі ұлғайтады.

Электроэнцефалографиялық зерттеулер нәтижесінде, бас миының құрылымдарын тексере отырып, ми жүйелеріндегі локальды өзгерістерінің болғандығын дәлелдеп отыр. Осы типке жататын балаларда, әдетте кеңістікті бағдарлауы, естіп, қабылдау, есте сақтау процестері әлсіз болады. Есте сақтауының бұзылысынан, балалар қимылдық әрекеттерді, сюжеттік суреттердің топтамаларын, сондай – ақ ритмикалық суреттерді естерінде ұзақ сақтай алмайды. Жыл мезгілдерінің аттарын, апталарды, айларды тіпті де қысқа өлең шумақтарын да есте сақтай алмайды.

Танымдық қабілеттерінің бұзылысы барысында – қабылдау мен ойлау процестеріне ерекше мән беріледі. Мектепке дейінгі жастағы балаларда сөйлеу тілінің артта қалушылығы басым келеді. Оқу процесінде балалардың цереброастениялық синдромдары анық байқалады. Осының негізінде, балалар пассивті, ашуланғыш, шыдамсыз күйінде болатыны белгілі.

Психофизикалық инфантилизм жағдайындағы синдромдар. Психикалық даму кешеуілдеуінің бұл түрі үш түрлі деңгейде анықталады.

Жалпы сөйлеудің бұзылысы кезіндегі психикалық дамудың кешеуілдеуі.

Сөйлеудің бұзылуы көбінесе ойлау әрекеттеріне кері әсер береді. Осы уақытта вербальдық – логикалық ойлауда дамудың кемшіліктері анық байқалуда.

Ойлаудың бұзылуы – ауыр жағдай кезінде де, мектептің жағдайына да кері әсер етеді.

Есту қабілетінің бұзылуының ауыр жағдайындағы психикалық дамудың кешеуілдеуі.

Есту қабілетінің бұзылысы – көбінесе сөйлеу тілі қабілетінің бұзылысымен тығыз

байланысты. Осы қатынастардың негізінде, саңырау балаларда вербальдық – логикалық ойлау қабілеттері төмен болады.

Сөйлеу тілі қабілеттерінің бұзылу салдарынан, бұл балалардың түсініктері де аз болады. Олардың абстракциялау, қарым – қатынас жасау дағдылары ең төменгі жағдайда болатыны анық. Есту қабілетінің бұзылысы кезінде, бұл топтағы балалардың жалпы жағдайлары өзгеріске ұшырайды. Осы уақытта бұл балалар инфантилизмнің қылықтарын қайталай отырып, өзін — өзі бақылаулары шектеледі. Осының нәтижесінде, саңыраулық -тың әсері ми қызметінің, органикалық жағынан төмендеуіне әкеліп соғады. Бұл дегенеміз, яғни цереброастениялық синдромының негізгі көріністері байқалады.

Көру қабілетінің ауыр жағдайындағы психикалық дамудың кешеуілдеуі.

Көру қабілетінің артта қалушылығы – баланың моторикалық сферасының бұзылысына негіз болады. Сондай-ақ, кеңістікті бағдарлауы бұзылады. Соқырлықтың бұзылуы алуан түрлі әрекеттер негізінде анықталады: пәндік – манипулятивті; ойындық.

Көру қабілетінің ауыр жағдайында, яғни эмоциональдық – ерік сферасы бұзылады. Бұл топтағы балалардың барлығы тұйықтау, өзімшіл, өздерінің әрекеттерін қорытындылай алуы мүмкін.

Соматикалық аурулар жағдайындағы психикалық дамудың кешеуілдеуі.

Соматикалық ауруларда – астениялық синдромдар пайда болады. Осы синдромдар физикалық және психикалық жағдайлар кезінде анықталады. Көптеген балаларда эмоциялық ерік сфераларының тұрақсыздығымен қатар, ашуланғыш жағдайдағы қылықтары болады. Осы топтағы балалар невроздық көңіл – күйде болатыны анықталды. [4.37].

Психикалық дамудың кешеуілдеуінің негізгі себебі: эмоциональдық және сенсорлық депривациялық болып табылады. Психикалық депривация – баланың танымдық қабілетінің белсенді болуының орнына, оның

бұзылуына әкеледі, сондай – ақ психикалық ауытқушылықтың белгілері қалыптасады.

Психикалық дамуы кешеуілдеген балалар бірініші сынып кезінде, мектептің әлеуметтік жағдайына бейімделе алмайды. Баланың танымдық қабілеттері және эмоциональдық – ерік сфералары, көп жағдайда қиындықпен, мектептің дағдыларымен байланыса алады. Осының нәтижесінде Ю.Г.Демьянованың негізгі топтастыруы бойынша, психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың дизонтогенездік түрлерін анықтауға мүмкіндік береді.

Психикалық дамудың кешеуілдеуінің алуан түрлі симптомдары кездеседі, сондай – ақ психикалық функциялардың темптерінің тез пайда болуына мүмкіндік бере отырып, үшінші кемшіліктің пайда болуына негіз болады. Психикалық кемшіліктердің алдын алу үшін ерте жастан клиникалық, психологиялық – педагогикалық диагностикалау жұмыстарын жүргізудің маңызы артып отыр. [5.10-11].

В.В.Лебединская мен Ю.Г.Демьянованың психикалық дамудың кешеуілдеуін әр түрлі көз қарастар бойынша, топтастыруларында өзіндік ерекшеліктері мен қасиеттері бар. В.В.Лебединскаяның психикалық дамудың кешеуілдеуінде, басқа дизонтогенездік жағынан айырмашылығы барын көреміз. «Дизонтогенез» ұғымының негізгі синонимі – «Анамалияның дамуы». Дизонтогенез-онтогенез дамуының қандай да бір кезіндегі организм дамуының бұзылысы болып табылады. Психикалық дизонтогенез-психикалық функцияның жетілуі және реттілігі кезіндегі психикалық дамудың негізгі патологиясы болып табылады. Психикалық дамудың тежелуі тұлға мен интеллект әрекетінің жүре пайда болған кемшіліктерін ажыратып қарастыруда қажет етеді.

XX ғасырда отандық ғылымда онтогенездің негізгі мазмұны, баланың пәндік әрекеті мен қорытындылануы деген ұғыммен енгізілді. Онтогенезді зерттеуде балалардың психологиясының басты негізгі белгілері алынды. Осы ретпен онтогенез ұғымы

педагогика мен психологияға еніп, жалпы психиканың жеке дамуының үрдістерін берді. Психикалық дамудың кешеуілдеуінің негізгі заңдары деп – адамның бір жастан екінші жасқа өтуіндегі психологиясымен қылығындағы болатын өзгерістерді, яғни осы өзгерістердің себептерін, белгілерін сипаттайтын өзгерістердің жиынтығын айтамыз.

Психика дегеніміз – адамның рухани күй және ішкі сезіміне, миға тән қасиет. Психика биологиялық эволюцияның жемісі және жалғасы. Ол сыртқы құбылыстар мен заттардың көрінісін бейнелейді. Ал психикалық дамудың рефлекторлық дамудың сипаты – оның объективтік жағдайға тәуелділігін, қабылдау жүйесі мен оның қызметінің атқару заңдылықтарын көрсетеді. Адамның психикасы, оның қимыл әрекетін реттейтін, қоғамдық қатынасқа бейімдейтін, жанаша бір құрылымның негізін құрады. Осыдан адам психикасының дамуының жеке бір тұлғалық, әлеуметтілік заңдылықтары қалыптасады.

Девианттық қылықтар қоғамда бекітілген нормаларға қарсы қылықтар жүйесі немесе жеке қылықтар болып табылады. Осындай қылықтар, әлеуметте қолдау табатын және осы әлеуметте қолдау таппайтын болып екіге бөлінеді. Әлеуметте қолдау таппайтын қылықтарға, қылмыстық іс-әрекеттер және жөнсіз әрекеттер жатады. Осы тұрғыдан қарастырар болсақ, ауытқушы қылықтар деп – адамның орныққан құқығы немесе өнгелілік нормалардан ауытқитын, осы нормаларды бұзатын құқықтарды айтады. Ауытқушы қылықтар балалар мен жас өспірімдердің әкімшілік жазалау шараларын қолдануға апарып соғатын, құқық нормаларын үйретуді қажет етеді. Сондай – ақ ауытқушы қылықтар физиологиялық және патологиялық негізде де анықталып отырады.

Физиологиялық негіздегі ауытқымалы күйдің (ашу, ыза, үрей) психикаға әсері күшті болғанмен де, адамды оның салдары үшін жауапкершіліктен босатпайды. Патологиялық негізде ауытқымалы қылықтар

адамды бір сәтке сана – сезімінен айырып, мақсатсыз, қауіпті іс-әрекеттер жасауға итермелейді. Бала организмі мен нерв жүйесінің дамуы негізінде, оның психикалық қызметтерінің жұмыстары дами түседі. Психикалық қызметтің басты механизмі – мидың үлкен жарты шарлар қабығының әрекеті болып саналады. Жалпы психиканы айналадағы объективтік шындықтың нерв жүйемізге бейнеленуімен сипатталады.

Таным процестерінің (түйсік, қабылдау, зейін, ойлау, сөйлеу т.б.) дамуымен бірге баланың психикалық қасиеттері қалыптасады. Осыған байланысты ойлаудың қабылдағыштық, бақылағыштық, білуге күштарлық тапқырлық, ізденімпаздық сияқты жағымды, болымды жақтары жетіле түседі [6.62].

Психикалық дамуы кешеуілдеген балаларда, сөйлеу тілі қызметінің бұзылуы жиі кездеседі. Сөйлеу тілінің қызметінің бұзуы этиопатогенетикалық факторлармен тығыз байланысты. Психикалық дамудың кешеуілдеген балаларда, сонымен қатар психикомоторлық дамуының бұзылыстары да кездеседі. Психикалық дамуы кешеуілдеген бала мектепке барар кезінде, баланың білім деңгейі жеткіліксіз, қоршаған орта туралы түсініктері аз, яғни жүйелі ойлау операциялары болмайды, бір бағытта интеллектуалдық іс-әрекеттері болмайды.

Ғылыми және практикалық зерттеулердің барысында психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың білім алуы мен танымдық қабілеттерінің ерекшеліктеріне ерекше көңіл бөліне бастады. «Психикалық дамудың кешеуілдеуі» деген термин балалардың минимальдық – органикалық жетіспеушілігімен орталық нерв жүйелерінің зақымдануы деген мағынаны береді.

Психикалық дамуы кешеуілдеген балалар арнайы түзету мектебінің алтыншы түрінде білім алады. Бұл балалардың эмоционалдық – ерік сфералары тұрақсыз, солардың ішінде ойлау деңгейлерінің әлсіздігі, есте сақтауының төмендігі, қабылдауының тұтастығының болмауы, зейін-

дерінің шашыраңқылығы сияқты белгілерімен сипатталады. Психикалық дамудың кешеуілдеуінің паталогиясы – бас миының функционалдық және қимылдық әрекеттермен байланысты. Бұл топтағы балалардың айырмашылығы: олардың оқу процесіне деген үлгермеушіліктерінің болмауы мен оның танымдық процестерінің қызметтерінің бұзылыстарының болуы. Кейбір аспектілері бойынша, осы эмоционалдық ерік сфераларының бұзылыстары кейде жас мөлшерге де байланысты өзгеріп отырады [7.5-6].

Арнайы педагогикада, дефектология ғылымында психикалық дамуы кешеуілдеген балалар тобын XX ғасырдың ортасынан бастап практикалық жағынан зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Дамуында ауытқушылығы бар балалардың танымдық қабілеттерін зерттеуде, ең алдымен олардың эмоциясына басты назар аударылды. Осының барысында бұл балалардың эмоциясының, көп жағдайда өзгеріске ұшырайтыны анықталды. Дамуында ауытқушылығы бар балалардың қалыпты балалардан ерекшелігін мынада: оалырдың әлеуметтік ортаға бейімделе алмауынан, мінез – құлықтарының өзгеріп отыруымен, іс-әрекеттерінің бір мақсатқа бағытталмағандықтан ерекшеленеді. Сондай-ақ бұл балалардың сабаққа деген үлгермеушілігі, танымдық қабілеттерінің бұзылыстары мен дағдыларының ауытқушылықтарымен де сипатталады.

Психикалық дамудың кешеуілдеуіне байланысты өз пікірлерін ұсынушы М.С.Певзнер, Т.А.Власова баланың эмоционалдық ерік сфераларының қалыптасуына көп көңіл берумен бірге, нейродинамикалық бұзылулардың жеке сипаттамасына да ерекше назар аударды. Соған сәйкес психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың сипаттамаларының негізін анықтап, яғни ол психикалық және психофизикалық инфантилизм түріндегі анықталатын және ерте балалық шақтағы орталық нерв жүйесінің зақымдануынан, оның организмінің астениялық, церебрастениялық жағдайларға ұшырайтынын анықтаған.

Қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің бірі – ол оқу процесіндегі балалардың дамуын – дағы ауытқушылықтарды дифференциалды зерттеудің маңызы болып отыр. Дамуында ауытқушылықтары бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде, олардың потенциалдық мүмкіндіктерін тиімді ескере отырып, бала бойындағы кемшіліктерді толықтай компенсациялауға және түзетуге болады. Ол үшін үздіксіз дайындық пен мамандардың еңбегі қажет. Психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың танымдық қабілеттерін тексеру үшін тәжірибелік эксперимент жұмыстары жүргізілуі керек. Аталмыш эксперимент психикалық дамуы кешеуілдеген балаларға арналған арнаулы түзету мектеп немесе арнаулы балабақшасында ұйымдастырылады.

Анықтаушы эксперимент барысында психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың танымдық қабілеттерін диагностикалау мақсатында мынадай зерттеу әдістері қолданылды.

Қабылдауын зерттеу;

Есте сақтауын зерттеу;

Ойлау қабілетін зерттеу;

Зейінін зерттеу.

«Кілемді немен толықтырамыз»

Бұл әдістеменің мақсаты – баланың көрнекі міндеттерді шеше отырып, аз уақыт ішінде және шапшаң көрген нәтижелердің бейнелерін есте сақтай отырып, оларды тәжірибие жүзінде пайдалана алуын тексеру. Бұл әдістеме бойынша балаға 5 сурет көрсетеміз. Оны көрсетпес бұрын балаға суретте екі кілем және кілемнің тесілген жерлерін жамау үшін маталардың кесінділері бейнеленген, кілемнің суреттері және жамаулары бір-бірінен айнымайтындай болып келеді. Осы міндетті шешу үшін суреттің төменгі бөлігінде орналасқан маталардың бірнеше кесінділерінен кілемнің суретіне анағұрлым келісімдісін таңдаймыз.

«Пішіндерді таны»

Бұл әдістеме баланың есте сақтау қабілетін тануға арналған. Әдістемеде балаларға 12 сурет бейнеленген суреттер топтамасы, келесі нұсқаулармен қоса ұсынылды:

«Сендердің алдарыңда 5 сурет қатарласа

орналасқан. Сол жақтағы сурет басқаларынан қос тік сызықпен бөлінген және оң жақтағы қатарда орналасқан 4 суреттің біреуіне ұқсас. Неғұрлым тезірек ұқсас суретті тауып оны көрсету қажет». Алдымен, байқап көру үшін 0 нөмерінде бейнеленген қатардағы суреттермен шешуді ұйғарады. Ал кейін эксперимент баланың ол міндетті шешкенше жүргізіледі. Бірақ бала осы уақытқа дейін барлық міндеттерді орындай алмаса 1,5 минуттан артық жұмсауға болмайды.

«Бұл жерде не артық?»

Бұл әдістеменің мақсаты – баланың бейнелі – логикалық ойлауымен ой операцияларының, талдау және жалпылау процестерін зерттеуге арналған. Әдістемеде балаларға әртүрлі заттар бейнеленген суреттер жинағы мен келесі нұсқаулар қоса ұсынылды.

«Әрбір суреттегі бейнеленген 4 заттың біреу артық зат болып табылады. Суреттерге зейін қойып қарап, қай заттың артық және неге артық екенін анықта». Міндетті шешу үшін 3 минут уақыт беріледі.

«Тауып ал және сызып таста»

Бұл әдістеменің мақсаты – зейіннің өнімділігін және тұрақтылығын анықтауға арналған. Балаға 6 сурет көрсетіледі. Бұл суретте кездейсоқ орналасқан қарапайым пішіндердің суреттері берілген: мысалы саңырауқұлақ, үй, шелек, доп, гүл, жалау т.б. Зерттеу жүргізудің алдында бала келесі мазмұндағы нұсқауды орындауы тиіс: «Қазір біз сенімен мынадай ойын ойнаймыз: Мен саған өзіңе таныс заттардың суреттің көрсетемін, мен баста деп айтқанымда, сен осы суреттің жолымен мен атаған заттарды тауып сызып отырасың. Аталған заттарды тауып үстінен сызу мен «Токта» деген сөзді атағанға дейін орындалуы қажет. Содан кейін мен сенің суретіндегі тоқтаған жеріңді белгілеймін, және қайтадан жалғастырамыз. Осылайша тапсырылған заттарды суреттеп тауып, сызып отырасың». Бұл әдістемеде бала 2,5 минут жұмыс жасайды. Осы уақыт ішінде оған бес рет қатарынан әрбір 30 секунд сайын «Токта» және «Баста» деген сөздерді айтады. Міне осылай біз олардың танымдық

ерекшелігіне баса назар аудара аламыз.

Арнаулы мектептерде қазақ тілін немесе орыс тілін оқыту барысында «таным процесін» қолдана отырып білім береміз. Таным процесінің негізгі түрінің бірі – сөйлеу, адамдардың дыбысты тіл арқылы өзара қарым – қатынас процесін «сөйлеу» деп атаймыз. Бұл қарым – қатынасты әр адам өзінше, тіл құралдары арқылы іске асырады. Ал тіл болса сол құралдардың (дыбыс, сөз, сөйлем) осылардың арасындағы байланыс жүйесі, яғни дыбыс қоры және сөздік қоры сондай – ақ грамматикалық формалары болып табылады. Тіл қоғамдық даму барасында, амалдардың өзара сөйлесу, қарым – қатынас жасау процесінде пайда болған, сөйтіп адам дайын тілді игерген. Ойлау мен сөйлеу бір – бірімен өте тығыз байланысты екендігі анық. Осы ерекшелікке назар аудара отырып, баланы сөйлете отырып ми қыртыстарының қайта жаңғыруына немесе қалпына келіп дамуына ықпал етеміз. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасағанда мүмкіндігінше дифференциальды диагностика жасау барысында балаларды мақтап, мадақтап отыру қажет. Ұстаздардың балаға бұлай ықпал жасауы, баланың потенциалдық мүмкіндіктерінің артуына мүмкіндік береді.

Психикалық дамудың кешеулеуін тудыратын себепке байланысты әр түрлі клиникалық көріністері болады. Психикалық дамудың тоқталуы негізінде мидың зақымдануы, естің, назардың, еңбек қабілетінің, мақсат-тылықтың бұзылуы жатыр. Интеллектуальдық кемістік пен мақсат-тылықтың бұзылуы аурудың көрінісінде маңызды орын алады. Мұндай жағдайда астениялық көріністер басым болады. Интеллектуальдық өнім тәуліктің уақытына және

басқа себептерге байланысты біркелкі болмайды. Мысалы, таңертең есепті шығару кешке қарағанда оңай болады. Кей уақытта интеллектуальдық кемістік ауру адамның жүріс-тұрысы жеңілденіп, шыдамдылығы азаюына байланысты. Басқа жағдайлардағы аурудың көрінісінде, керісінше ауру адам сылбыр, баяу болып, қозғалу қабілеті төмендейді.

Психикалық дамуында ауытқушылығы бар балалардың танымдық қабілеттерін тексеруге, ең алдымен олардың эмоциясына назар аударған жөн. Бұл балалардың эмоциясы көбінесе өзгеріске ұшырап отырады. Бұл балалардың қалыпты балалардан ерекшелігін айтар болсақ, яғни олардың әлеуметтік ортаға бейімделуімен, мінез – құлықтарымен және іс-әрекеттерімен ерекшеленеді.

«Психикалық дамудың кешеуілдеуі» деген ұғым – балалардың минимальдық – органикалық жетіспеушілігі, сондай – ақ орталық нерв жүйелерінің зақымдалуы деген мағынаны береді. Психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың эмоционалдық – ерік сфераларының тұрақсыздығы, соның ішінде ойлау деңгейлерінің әлсіздігі, есте сақтаудың төмендігі, қабылдаудың тұтастығының болмауы, зейіннің шашыранқылығы сияқты белгілері анықталды. Кейбір аспектілері бойынша алғанда балалардың эмоционалдық ерік сфералары жас деңгейлеріне байланысты өзгеріп те отырады.

Оқу процесі мен әдістемені өткізу барысында, балалардың зейіндерінің шашыраңқы болатыны анықталды. Психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың танымдық қабілеттерін тексеруге ең алдымен олардың эмоциясына назар аударылды. Себебі, бұл топқа жататын балалардың эмоциясы көп жағдайда өзгеріске ұшырап отырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының білім беру заңы. 30 тамыз. 1995.
- 2 Н.Ә.Назарбаев. Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары және оларды қамтамасыз ету заңы. Астана – 11 шілде. -2002.
- 3 Ковалев В.В. Семиотика и диагностика психических заболеваний у детей и подростков. М., 1985.-425с.

4 Бабкина Н.В. Особенности познавательной деятельности и ее саморегуляции дошкольников с задержкой психического развития // Дефектология. 2002. №5

5 Поддубная Н.Г. Некоторые особенности непроизвольного запоминания у детей с задержками психического развития // Дефектология. 1975. № 5.

6 Переслени Л.И., Мастюкова Е.М., Чупров Л.Ф. Особенности словесно-логического мышления младших школьников в аспекте диагностики интеллектуальных нарушений // Журн. невропатологии и психиатрии им. С. С. Корсакова. 1989.-260С.

7 Переслени Л.И. Механизмы нарушения восприятия у аномальных детей: психофизиологическое исследование. М., 1984.-198с.

ӘОЖ 37.041

А.Н.Аязбаева

№83 гимназияның қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі

ОҚУШЫЛАРДЫ ӨЗІНДІК БАҚЫЛАУҒА БЕЙІМДЕУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мақалада қазіргі кезеңдегі оқытудың басты проблемасы – өзіндік оқуға, өзіндік бақылауға және өзіндік бағалау әрекеттеріне үйрету шешілуін күтіп тұрған проблема екендігін айта келіп, өзіндік бақылау білігі адамға өз қабілетін, қызығушылығын, бейімділіктерін жүзеге асыруға, жеке басының дамуына және қоғамда белгілі бір әлеуметтік рөлді орындауға жағдай туғызатындығы сөз болады.

Түйін сөздер: *өзіндік оқу, өзіндік бақылау, өзіндік бағалау, қоғам, оқыту.*

В статье написано о том, что основной проблемой обучения нынешнего времени является обучение самостоятельному обучению, самоконтролю и самооценке, также о том, что способность самоконтроля создает возможности осуществить свой способности, интересы, склонности, развитию личности и выполнять определенную социальную роль в обществе.

Ключевые слова: *самостоятельное обучение, самоконтроль, самооценка, общество, обучение.*

In the article it is written that the basic problem of educating of present time is educating to the independent educating, self-control and self-appraisal, also that ability of self-control creates possibilities to carry out the ability, interests, inclinations, to development of personality and to execute a certain social role in society.

Keywords: *independent educating, self-control, self-appraisal, society, educating*

Қазіргі кезеңде мектеп алдында оқыту жүйесін жаңартып қайта құруға байланысты бірнеше маңызды проблемалар тұр. Бұл процесс оқу-тәрбие процесінің теориясы мен практикасындағы түбегейлі өзгерістермен қатар жүреді. Білім парадигмасының ауысуы, білім мазмұнының жаңаруы, «мұғалім-оқушы» қатынасына,

оқушылардың құқықтарына жаңаша қарау тәсілдерін тудырады. Осы заманғы педагогика оқушыны оқу әрекетінің субъектісі ретінде қарастырады. Соның салдарынан оқу есте сақтау функциясынан ақыл-ой дамыту процесіне, алған білімін өмірде пайдалануға, білімнің статистикалық моделінен ақыл-ой әрекетінің қалыптасқан

жүйесіне, орташа оқушыға бейімделген оқыту дамытып оқытуға айналады. Қазіргі мектептегі оқытуда оқушы – оқытудың нысаны, ал мұғалім субъектісі ретінде мойындалған модель бойынша жүргізіліп келеді. Бұл модельдің қысқаша мазмұны – тұлғаны дамыту емес қалыптастыру болып табылады. Яғни басты рөл мұғалімде, ал оқушы тек нұсқауларды орындаушы. Мұндай оқыту нәтижесінде жауапкершілігі аз, қолынан іс келе қоймайтын, кәсіби шеберлігі төмен, өмірге нашар бейімделген енжар адам қалыптасып шығары белгілі нәрсе.

Мектептегі оқу процесінің жаңа даму кезеңі оқушының білімінің, дағдысының деңгейін көтеру қажеттілігімен ғана емес, оқушылардың танымдық мүмкіндіктерін де көтеруімен тығыз байланысты. Мектеп өмірінің түбегейлі өзгеріске ұшырауы жағдайындағы, оның ішінде оқу процесінің элементтері оқушылардың танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес білімді қажет етуін толық қанағаттандыратын құралдар мен әдістер іздестірілуде. Солардың бірі оқушылардың өз бетінше өз білімін бақылап, бағалауға арналған дидактикалық құралдарды пайдалану арқылы өзіндік бақылауға бейімдеу болып табылады.

Оқушылардың танымдық әрекетін басқару әрбір оқушының жеке психологиялық ерекшеліктерін ескеру арқылы жүргізіледі. Біз К.Вазинаның «Егер оқушының өзін қоршаған ортада дербес, белсенді және жайлы өмір сүруіне жағдай жасағымыз келсе, онда оны қоршаған ортамен ғылыми сауатты қарым-қатынас жасауға үйретуге тиіспіз. Ал, оның әмбебап тәсілі - әрекет» деген пікірін қолдаймыз [1,19].

Оқушылардың оқу процесінде өзіндік жұмыстары, өзіндік бақылауы және өзіндік бағалауы өзіндік іс-әрекет түрлеріне жатады. Сондықтан, осы заманғы білім беру саласының алдында тұрған міндеттерді шешудің басты шарты болып оқушылардың өздерінің оқу әрекеті арқылы оқыту процесін жетілдіру болып табылады. Осы тұрғыдан өзіндік бақылау оқушының оқу жұмыстарын орын-

дауды реттеуі және бағалауы арқылы іске асады. Өзіндік бақылау оқу әрекетінің маңызды компоненті бола отырып, оның толық жүзеге асуына ғана емес, оқушының өз әрекетін бақылап нәтижелерін бағалауға, жоспарлауға, болжауға, қимыл жоспарын қайта құруға, сөйтіп нәтижесінде білімін, білігін жетілдіре түсуге мүмкіндік береді.

Өзіндік жұмыс пен өзіндік бақылау шығармашылықпен, яғни белсенді ақыл-ой әрекетімен тікелей байланысты. Жастардың өзіндік жұмыс арқылы белсенділікпен білім алуы, В.Лениннің айтуынша «адамзат білімінің барлық жиынтығын өз бойына сіңіруі» осы заманғы білімнің ірге тасы болып табылады.

Өзіндік бақылау – оқыту процесін белсендірудің бір тәсілі. Өзіндік бақылаудың атқаратын қызметінің бірі оқушы жауапкершілігін арттырумен байланысты. Дәлірек айтсақ, ол оқу жұмысының орындалу процесін реттейді, реттеу арқылы оқушы не істелінді, нені істеу керектігін біліп отырады, орындалған жұмысты жөндеп ыңғайластырады. Сондай-ақ, оқушының пәнге қызығушылығын арттырып, білім сапасының артуына жағдай жасайды. Өзіндік бақылау танымдық әрекеттің бір компоненті ретінде оның құрылымында айрықша орын алады: бақылау әрекеттің өзіне бағытталады және оқушының өзіне субъект ретінде қарауына мүмкіндік береді. Бірақ, оқушылар өзіндік бақылауға орындалатын жұмысқа немесе оның бір бөлігіне қойылатын талаптар туралы нұсқау беру; өзіндік бақылауды жүзеге асыратын әдіс-тәсілдермен таныстыру және сол тәсілдерді игеру және қолдануға арналған жаттығуларды орындату арқылы арнайы үйретілуі тиіс.

Мен өз тәжірибемде **оқытудың бақылау және өзіндік бақылау әдістеріне баса назар аударамын**. Оқыту үрдісінің құрылымында оның бағалаушы-шешуші компонентінің маңызы зор. Жыл бойы оқушылардың оқу үлгерімін тексеру мен бағалау оқытудың белгілі кезеңдеріне тығыз байланысты.

Бұл топқа бақылаудың ауызша әдістері дербес, фронтальді, тығыздалған сауал-

намалар жатады. Соңғысы дара жұмыстардың қателіктерін жоюға негізделген. 15-20 минут аралығында кішкене топтың оқушылары тақтаға қысқа жазулар жазумен, карточкамен жұмыс істеумен айналысса, кейбір оқушылар жауап алушы мұғалімнің орнында болуы мүмкін. Нәтижесінде сыныптың жартысы бағаланса, келесі жолы екінші жартысы бағаланады. Ал мұғалім бүкіл осы жұмыстарды үйлестіріп тұрады.

Бақылаудың жазбаша әдістеріне әр түрлі өзіндік қорытынды жұмыстар: диктант, мазмұндама, шығарма, реферат, баяндама т.б. жатады.

Көптеген педагогтар мен психолог ғалымдардың пікірінше орта мектеп оқушыны жеткілікті түрде өзіндік білім алуға, алған білімін бақылауға үйрете алмай келеді.

Жалпы өзіндік жұмыстар оның ішінде өзіндік білім бақылау тек педагогикалық проблема ғана емес, ол әлеуметтік проблема да болады.

Мұғалім оқушылар әрекетін, мысалы өзіндік бақылаудың тиісті мақсаттарын қалыптастыруы үшін оған оқу процесінде ретімен саналы түрде қолдана алатын мақсаттар жүйесі қажет. Себебі, педагогикалық әрекет мақсаттарының жүйесі негізінде қоғамдық қатынастармен байланысты мемлекеттік мақсаттар жатады. Педагогикалық әрекетте ол мақсаттар оқу тәрбие процесін басқаруға көшірілген яғни ауыстырылған. Объективті заңдар негізінде осылай көшіру немесе ауыстыру мұғалімнен мыналарды анықтауды талап етеді:

1) Мемлекеттік мақсаттарды жүзеге асыруды қандай оқыту, тәрбиелеу мақсаттары қамтамасыз етеді?

2) Адамды дамыту, белсенді шығармашылық әрекетке даярлау үшін қандай қоғамдық қатынастар түрлеріне әсер ету керек?

Мұндай шешілуі қиын күрделі мәселелерді анықтауы үшін мұғалім өте жоғары психологиялық-педагогикалық компетентті болуы тиіс, яғни олар өзі осы мәселеге арнайы үйретілуі керек.

Оқыту процесінің мазмұны дүниенің дамуының объективті заңдарымен анықталған қоғамдық қатынастар жүйесінің нормалары әрекетінде пайдаланылуы тиіс. Ол үшін мұғалімнің қолында нағыз өмірдің алуан түрлілігі мен бірлігін бейнелейтін оқу пәнінің жүйелі мазмұны болуы керек. Оқу пәндері мазмұнының өзіндік логикасы, нақты оқыту мерзімі анықталып, өзара тығыз байланыста болуымен қатар оларды мұғалім саналы ұғынып жеке бас әрекетінің негізіне басшылыққа алулары тиіс.

Қазіргі кезеңдегі оқытудың басты проблемасы – өзіндік оқуға, өзіндік бақылауға және өзіндік бағалау әрекеттеріне үйрету шешілуін күтіп тұрған проблема күйінде қалып отыр. Басқаша айтқанда, осылай оқыту ішкі мақсат-қажеттіліктердің дамытылмауының кесірінен оқушылардың белсенді таным процесін әрекеттің әлеуметтік-мәдени тәсілдерімен қамтамасыз ете алмайды.

Өзіндік бақылау білігі адамға өз қабілетін, қызығушылығын, бейімділіктерін жүзеге асыруға, жеке басының дамуына және қоғамда белгілі бір әлеуметтік рөлді орындауға жағдай туғызады. Нәтижеге бағдарланған оқыту жағдайында өзіндік бақылауға бейімдеу компетентті, сапалы әзірліктен өткен, шығармашылық белсенділік деңгейі жоғары өз білімін, білігін әртүрлі әрекет аясында қолдану сияқты әлеуметтілік қажеттілікті тиімді қанағаттандыратын білік болып табылады. Көптеген ғылыми әдебиеттерде зерттеушілер (Ю.К.Бабанский, Л.С.Выготский, В.Я. Ляудис т.б) тұлғаның еркін дамуы негізіне адамның өзгелерге және өзіне қарым-қатынасы, адамның белсенділігін анықтауды өзіндік бағалауды жатқызады. Өзіндік бақылау өмірдің әр қилы жағдайларында адамға таңдау жасатады. Адамның құндылықтар, қажеттіліктер деңгейін анықтап, оның әрекетінің әрі қарай дамуының тиімділігіне әсер етеді. Ал өзіндік бақылау оқушының өзіндік жұмысын орындау процесін реттеп біліміндегі кемшіліктерді жоюға, өзінің интеллектуалдық біліктерін түзетуге, өз әрекетін бағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, өзіндік бақылау өзін тану, өз ойларын жүзеге асыру, өзіндік даму, өзін тәрбиелеу, ғылыми пәндерді игеруді өзіндік оқу арқылы кеңейту сияқты оқушының жеке басының қажеттіліктерін де қамтиды.

Қазіргі таңдағы білім саласының алдында тұрған міндеттерді шешудің маңызды шарттарына оқушылардың өздерінің толыққанды оқу әрекеті арқылы оқыту процесін жетілдіру жатады. Осыған байланысты өзіндік бақылау маңызды рөл атқарады, себебі ол оқушының оқу жұмысын орындау процесін реттейді, жағымды және жағымсыз тұстарын анықтап түзетуге, оқу танымдық әрекетін бағалауға мүмкіндік береді.

В.С.Цетлиннің пікірінше оқушы оқытуды өзінің жеке басының қалыптасуы мен дамуының шарты екендігін саналы ұғынып мойындауы және өзін тұлға деңгейіне көтерудің, тұлға болып тәрбиеленудің бірден-бір құралы ғылыми білім алуды мақсат тұту, - деп қабылдауы тиіс [2].

Осы заманғы зерттеу материалдарына сүйене отырып (Г.Ковалева, Н.Кучугурова) мұғалімнің ең басты кемшілігі оқушының өз білімі мен білігі деңгейін бағалап пайымдауына жағдай туғызбауы, - деп есептелінетіндігін білуге болады. Осы ой көптеген ғалымдардың зерттеулері нәтижесінде дәлелденген [3].

Т. Ильина «үлгеріміне қарамастан әрбір оқушының жеке мүмкіндіктерін ашуға жағдай туғызу керек. Егер баға оқушы тұлғасының басты критерийі болып есептелмесе тұлғаның дамуын демократияландыру бағыттары тиісті нәтижесін берер еді», - деп есептейді [4,3].

Оқушыларды өзіндік бақылауға бейімдеуі арналған жұмыстар білімді жинақтап жүйелеуге, тиімді педагогикалық тәжірибені қорытындылауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, оқыту процесіндегі өзіндік жұмыс арқылы өзіндік бақылау дегеніміз оқушының қолы жететін түпкі нәтижені, оның жолында кездесетін қиындықтарды алдын-ала болжау қабілетімен білінетін өзінің оқу танымдық әрекетін барлық кезеңдерде

саналы түрде басқарып жоспарлай бақылай, бағалай және реттей алуы, алынған нәтижені үлгімен объективті салыстыра алуы. Өзіндік бақылаудың деңгейі оқушының өзіндік жұмысқа қаншалықты үйретілгендігіне тікелей тәуелді. Өзіндік бақылау кезінде әрбір оқушының жұмыстың орындалу реттілігін және нәтижелерін өздерінің бақылап тексеруі – өзіндік жұмыстың міндетті элементі болып табылады. Өзіндік бақылаудың негізіне оқушының өзінің іс-әрекетімен мінез-қылығын белсенді түрде реттеу жататын тұлғаның ерекшеліктері жатады.

Өзіндік жұмыспен, өзіндік бақылау және өзіндік бағалау ұғымдарының өзара тығыз байланысы жай ғана қосынды ұғым емес сапа жағынан жаңа түзіліс, тұтастығымен ішкі құрылымының ортақ мақсаттарын білдіреді, оқу танымдық әрекеттерін жетілдіріп тұлғаның дамуына әкеледі.

Қазіргі таңда өзіндік жұмыстар мен өзіндік бақылауға арналған қазақ тіліндегі дидактикалық құралдар саны аз, әсіресе өзіндік бақылау кезінде көмекші құрал рөлін атқаратын анықтамалық әдебиеттер жоқтың қасы. Дидактикалық құралдардағы тапсырмаларды құрастыруда объективтілік, жүйелілік жариялылық ұстанымдары толық өз дәрежесінде жүзеге асырылуы әлде де проблема күйінде қалып отыр. Көптеген дидактикалық оқу құралдарында өзіндік жұмыстарға арналған тапсырмаларды деңгейлеп беру дәстүрге айналмаған. Қолданыстағы дидактикалық құралдарда білімді бақылау кезінде жүзеге асырылатын ойлау операцияларының барлық түрлерін (анализ, синтез, жалпылау, қорытындылау, салыстыру, жүйелеу, тұжырымдау және т.б) жүзеге асыратын тапсырмалар саны жетімсіз. Өзіндік бақылаудың барлық талаптарымен критерийлеріне толық сай келетін оқу-танымдық тапсырмалардың түрлерін жетілдіру қажеттілігі туып отыр. Қазақ тіліндегі компьютерлік бағдарламалар және электрондық оқулықтар саны жеткіліксіз, тапсырмалар сапасы жағынан өзіндік бақылауға бейімдеу талаптарына сай келе бермейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Вазина К. Коллективная мыследеятельность. Модель саморазвития человека. – М.: Педагогика, 1990.-С.196.
- 2 Цетлин В.С. Доступность и трудность в обучении. – М.: Знание, 1981. – 126с.
- 3 Никитина Е.Ю. Педагогические условия подготовки будущего учителя к осуществлению дифференцированного обучения в школе: Диссер... канд. пед. наук. –Челябинск, 1995. -150 с.
- 4 Ильина Т.А. Педагогика: Курс лекций. Учебное пособие для студентов пединститутов. – М.: Просвещение, 1984. -496 с.



Білімді, интеллектуалды адамдарсыз, озық ғылымсыз Қазақстанның перспективасы жоқ. Қазір адамдардың бәсекелестігі, білімнің бәсекелестігі, ғылымның бәсекелестігі жүруде. Бұған дайындалу қажет

Н.Ә. Назарбаев.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Табылды Ә. Халықтың әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін, мейрам-тойларын мектептегі оқу-тәрбие ісіне пайдаланудың әдіс-тәсілдері	6
Мардахаев Л.В. Самопознание и самовоспитание студента педагогического вуза	13
Тебегенов Т.С. Қазақ мемлекеттілігі – мәңгілік дамудың тарихи негізі	23
Бөлеева Қ.Л. Қазақтың халықтық математикасының зерттелу және пайдаланылу жайлары	30
Иманбаева С.Т., Сансызбаева А.Р. Ақселеу Сейдімбектің «Қазақ әлемі» атты еңбегінің «Қазақ елі – Мәңгілік ел» идеясын іске асырудағы тарихи маңыздылығы	34
Қабекенов Ғ.У. Қазақ халқының ұлттық дүниетанымындағы жас ерекшелік кезеңдерінің сипатталуы	37
Аташ Б.М. Қазақстандағы халықтың көңіл-күй динамикасы: нарықтық, құндылықтық, мақсаттықарналар	41
Иманбаева С.Т., Абдулла О. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» – жаңа Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың кепілі	45
Бейсенбаева Ғ.Қ. Мүмкіндігі шектеулі студенттерді әлеуметтендірудің педагогикалық шарттары	49
Шойынбасова Н.А. Мемлекеттік тілде сөйлеуге оқушылардың қызығушылығын дамыту	55
Алтыбаева А.Н. Оқыту процесінде оқушылардың ізгілік қасиетін қалыптастырудағы диалог және оның мәні	60
Шілдебаева С.Қ. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту	66
Құлжахметова С.Б. Психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың ойлау қабілетінің қалыптасу мен дамуындағы кедергілер	72
Аязбаева А.Н. Оқушыларды өзіндік бақылауға бейімдеудің педагогикалық негіздері ...	79

Мақалаларды журналға басып шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесі мен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифттің өлшемі № 12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5 беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті – 2 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында үш тілде түйін беріледі. Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет. Мақала мазмұнына автор өзі жауап береді.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің қассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 теңге.

Бір жылға жазылу бағасы 3104 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. **Индекс: 74310**

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль – 12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее – 2 см, нижнее – 2 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на трех языках. Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора. Автор сам отвечает за содержание статьи.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанному требованию, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 тенге.

Подписная цена за год 3104 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта». **Индекс: 74310**

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ
ИИН KZ17856000000086696
БИН 031 240 004 969
РНН 600900529562
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»
МФО 190501719, код 16
Свидетельство о постановке на учет по НДС:
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді.

Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.

Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24 каб. Тел: 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

**050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ**

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды
Отпечатано в типографии издательство «Ұлағат»
КазНПУ имени Абая

*Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева
Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Жадыра Байбатшаева
Беттеген/Верстка – Жадыра Байбатшаева*

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі, 25-үй,
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ, каб. 24.
Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 87026338899
электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 09.12.2014 ж. Пішімі – 60х84 ¹/₈.
Қағаз - сықтықкар. Басылым – офсет. Көлемі – 10,75 б.т.
Таралымы – 400. Тапсырыс – №252



АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

Екі айда бір рет шығатын

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

2010 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

6 (26) 2014

(қараша-желтоқсан)

6
